риза болғанын көріп, қайын атасы үлкен тойға әзірленеді. Тойға союға ірі семіз мал даярлайды. Жыртыс, қоржын, қызға, құдаларға сыйсияпташады. Той жабдығын толық етіп, ұлдың ата-анасы, күйеу жігіт, қосшы жігіт бірге барады. Бұл тойға алыс-жақын, құда-жегжат, туған-туыс тегіс шақырылады. Бұл тойды түрмис жағдайына қарай жасайды. Бай адамдар бірнеше күнге созады, көкпар тартқызып, өлең айтқызады. Қызды жеңгелері отау үйдің біріне күйеу жігіттен жасырып қояды. Жігіт жағы кәде-жоралғыларын жасап, қалындығын қайтарып алады. Мұны «Қыз ашар» дейді. Оған да жастар жиналып, ойын-сауық құрып, би билеп, өлең айттып, мал сойып, табақ тартылады. Женгелері қыздың жасауын жиналған жұртқа көрсетеді. Құдалар, жігіт жағы көрімдік береді. Күйеу жігіттен «Қол ұстагар», «Шаш сипар», «Бақан салды» ырымдарын алады.

Енді қыздың ата-анасы, туыстары үйден ұзатарда көрісе бастайды. Сол кезде жеңгесі піскен тамақты қыздың басынан айналдырып, сол үйдің адамына жегізеді. «Жылап-сықтап» қызды атқа отырғызып алып жүреді. Жолда жолыққандар «Түйе мұрындық» сұрайды. Сұрағандарын береді. Ауылға жақындағанда, күйеу ұзап ауылға барады. Ауылдың қыз-келіншектері келіннің алдынан шығып, күтіп алады. Бір әйел не қыз келіннің атына мініп ауылға келеді. Қайын ата-енесі, ауылдың үлкен әйелдері атқа шашу шашады. Қыз-келіншектер келінді ертіп, жаяу үйге жақын келеді. Қарт әйелдер сол жақ босаға жаққа шымылдық құрып



қояды. Келін үйге кіргенде, босағадан от басына дейін үш рет сәлем береді. Сәлем бергенде сол қолын қеудесіне басып, оң қолымен оң аяғының тізесінің үстінен басып, үш рет еңкейіп, отырып тұрады. Отқа үш рет май тамызады. Келіннің келу құрметіне той істеп, беташар жасайды. Келіннің бетін сөзгер, домбырамен өлең айта билетін адамға аштырады.

Ақ келін-ау, ақ келін,  
Жұмыртқадан ақ келін!  
Құтты болсын аяғың  
Талай бөпе тап, келін!  
Шаныраққа бақ келін  
Нұр жүзінді аш, келін,  
Ата-енеңе бір сәлем!

Келіншек сәлем жасайды. Беташар өлеңі ары қарай жалғаса береді. Беташар біткен соң, келін ауылдың қыздарымен той тарқағанша, шымылдық ішіне кіріп отырады. Егер дәүлетті адамның қызы болса, өзіне арнайы жеке отау үйді бірге жасайды. Ол үйдің барлық ішкі дүниелері толық болады. Байлайтын биесі, сауатын сиыры, жұмысын істейтін қызметшісін де қыздың отауымен бірге жібереді.

Улken үйге беташар жасап болғаннан кейін, жастарды сол отау үйге кіргізеді. Ойын-сауықты жастар сол үйде өткізеді.

Қазақстанның ұлттық F. A.  
кітапханасының қолжазба қорынан


## О ЗНАЧЕНИИ ЭПИГРАФИЧЕСКИХ ПАМЯТНИКОВ КАЗАХСТАНА<sup>6</sup>

Достопримечательным наследием казахского народа являются эпиграфические памятники, воздвигнутые, вблизи старинных городов и аульных поселений (кыстак, кыстай).

В средние века наиболее населенными были берега Сырдарьи, одной из величайших рек Средней Азии. Наряду с Амударьей, она была средоточием городской культуры в Южном Казахстане. С раннего и до позднего средневековья в бассейне Сырдарьи процветала городская культура, связанная с жизнью и бытом древних племен огузов, кыпчаков, канглов, карлуков и описанная арабскими географами IX-X вв. и европейскими путешественниками VI (Земарх) и XIII-XIV вв.

Важнейшими среди городов были знаменитые Жанкент (Янгакент), Женд, Барчынкент, Сыгнак, Сауран, Туркестан (Яса), Отрап, Артук-Ата, Сюткент, Сайрам и др. К сожалению, многие из них погибли в период монгольского завоевания, во время феодальных войн XVI в. и, наконец, в период нашествия джунгаров (XVIII в.). Из средневековых городов сохранились лишь немногие. К ним относятся Ташкент, Щымкент, Сайрам, Туркестан, Карнак, Сузак. Возродить некоторые мертвые города Сырдарьи имели желание Абулхаир, Абильмамбет и Аблай. Из попытки отражены в отчетах русских офицеров. Особенно энергично поднял вопрос о восста-

<sup>6</sup> Сб. Мир казаха/ Сост. Е.М. Арын, Д.А. Маргулан. Алматы: Институт развития Казахстана, Международный фонд им. Ак. Алкея Маргулана, 1997.



новлении древней столицы огузов Жанкента на Сырдарье, около Казалинска, хан Абулхаир. Он хотел сделать ее своей резиденцией и с этой целью обратился к русскому правительству с просьбой оказать ему содействие – прислать инженеров-геодезистов для осмотра руин Жанкента. Но в связи с кончиной хана (1748 г.) его идея о восстановлении Жанкента так и осталась нереализованной. Правда, позже султан Арынгазы построил здесь сарай (дворец), но восстановить город ему не удалось [1].

Надписи на надгробных памятниках, относящихся к VIII-XII и XIII-XVII вв., свидетельствуют о том, что основные группы казахских племен были сосредоточены на Сырдарье. Значение сырдарьинских городов для казахов было велико. В период Ак-Орды (XII-XIV вв.) и Казахского ханства (XV-XVII вв.) казахи жили в городах, расположенных вдоль Средней и Нижней Сырдарьи. Старший жуз (Улу жуз) занимал земли от Средней Сырдарьи до Семиречья и Джунгарского Алатау. Он обосновался в ташкентском оазисе, там жили племена сиргели, ошакты, ысты, катаганы (шанышкылы) и др. Около Ташкента сохранился городок, носящий племенное название Сиргели. Одно из племен Старшего жуза (жалаиры) было сосредоточено в долине реки Чирчик и в г. Ходженте, племя канглы – в долине среднего течения Сырдарьи (от Оттара до Бенакета). От Кара-тау до Кызылорды были расселены племена Среднего жуза (Орта жуз) – конграты, аргыны, кыпчаки, найманы, таракты и др.

Земли от Кызылорды до Каспийского моря занимали племена Младшего жуза (Киши жуз). Выяснить историю расселения казахских племен по Сырдарье в XV-XVIII вв. позволит исследование остатков их средневековых поселений и надписей на надгробных памятниках предкам. Вопреки неточным представлениям некоторых авторов, казахи были, как пишет А. Красовский, прекрасными земледельцами [2], о чём говорят дошедшие до наших дней воздвигнутые ими обширные ирригационные сооружения, сети оросительных каналов, расположенные в бассейне рек Сырдарьи, Таласа, Чу, Сарысу, Токрауна, Нуры, Ишима, Тургая, Кенгира, Эмбы, Илека, Яика, Иртыша и др. В средние века земледелие у казахов имело большое значение; так, у них были профессиональные земледельцы – егинчи, хорошо знавшие технику посева злаков, умевшие выбирать семена, проводить оросительные каналы (арык, тоган) и их обводнение [3]. Казахи пахали землю после увлажнения ее через оросительную сеть, когда земля становилась мягкой, удобной для пахоты. Для обработки земли использовали многочисленные сельскохозяйственные орудия (с некоторыми из них можно познакомиться в этнографических музеях). Значение средневековой Сырдарьи, как политического и культурного центра казахского общества, было огромно. Там была сосредоточена значительная группа городов и сельскохозяйственных поселений, описанных историком начала XVI в. Ф. Рузбиханом. Он писал: “Из пределов Кыпчакской степи через два месяца прибывают казахи на зимние стойбища

(кыстак). Местом их зимовья является побережье реки Сейхун, которую называют Сыр. Зимовья (кыстак) расположены на протяжении трехсот фарсахов, по всему берегу Сейхуна, на котором они оседают. Полновластный султан устраивается в “старинной юрте”, т.е. в одном из старинных городов Сырдарьи [4].

Помимо письменных и устных преданий, отдельные эпизоды древней истории казахов можно восстановить по большой серии надгробных надписей. Исследователями обнаружены огромные каменные стены с родословными таблицами, тамгами, биографическими сведениями об умерших. Все эти эпиграфические памятники отличаются своеобразием архитектурного решения.

Надписи на самых древних памятниках исполнены орхонским письмом (находки в горах Асы, Карагату, Бесбатыр Актогайского района), древнеуйгурским алфавитом (мавзолей Жубан-Ана, Ботагай на реке Нура), арабским письмом (мавзолей Бабджи-хатун, Айша-биби, Болган-Ана, Кок-кесене, Улуг билги в Таласе – 1262 г., Сунак-ата в Женде – 1273 г.) [5].


Сравнительный анализ показывает, что на территории Казахстана сохранились эпиграфические памятники трех этапов; самые ранние из них относятся к периоду Тюркского каганата (VI–VIII вв.), второго этапа – ко времени кыпчаков, огузов и канглов (IX–XII вв.), третьего – ко времени кыпчаков-казахов (XIII–XIX вв.). К сожалению, не все эти памятники еще изучены.

Многолетние исследования свидетельствуют о том, что наиболее интересные памятники на-

ходятся в районе Средней и Нижней Сырдарьи, на противоположных склонах Карагату, в долинах Таласа, Чу, Или, в Центральном Казахстане, на Мангышлаке, в бассейне рек Эмбы, Сагиза, Илека, Хобды, Жайка. Наибольший интерес представляют уникальные эпиграфические памятники, находящиеся в бассейне р. Сарысу, в Улутауской степи, на Тургае.

На казахском языке такие памятники носят название “Кок тас” (Синий камень), или “Кулпы тас” (Серый камень). Их воздвигали один за другим в течение многих веков, и надписи на многих из них очень выразительны и содержательны. Они говорят о тяге казахов к знанию, о нравственных критериях казахского народа,

К сожалению, некоторые ученые не знают о существовании на казахском языке печатной литературы, изданной в гг. Ташкенте, Казани, Уфе, Семипалатинске и Петербурге, о многочисленных казахских рукописях, частично описанных Н.И.Веселовским [6], В.В.Вельяминовым-Зерновым [7], В.В. Радловым [8], А.А. Диваевым [9]. Громадное количество (свыше ста названий) дореволюционных казахских рукописей ныне хранится в библиотеке Казанского университета, в архиве Г.Н. Потанина в библиотеке Томского университета, в рукописном фонде библиотеки Института востоковедения АН СССР и во многих библиотеках и архивах. Количество обнаруженных мною дореволюционных рукописей в разных хранилищах составляет не менее 800 названий. Самая древнейшая из них относится к XVI в. (“Насаб наме и казак”). Поэтому выводы некоторых ученых, что казахи бесписьменный



“младописьменный” народ, глубоко противоречат фактическим данным. Первое послание на казахском языке, написанное ханом Тауекелем, было, направлено русскому царю Федору Ивановичу в конце XVI в.


На надгробных памятниках резчики вырезали краткую биографию умершего, его родословную до седьмого колена, тамги и др. Изучение этих памятников дает сведения о жизни целого племени на протяжении ряда столетий. Исследовано много древних некрополей с племенными названиями VI-VIII вв, (Домбауыл, Карадын, Козы-Корпеш). К замечательным надгробным памятникам относятся некрополи, расположенные в черте городов вдоль Сырдарьи, в окрестностях Сыгнака, Саурака, Отрана, Туркестана, Сайрама; много эпиграфических памятников на территории Северного Карагату. в окрестностях древних городов Кумкента (некрополь Тукты-ата или Баба-тукты) с остатками древнего сада и родника, некрополи Баба-ата, Сузака, Культобе и др. Древнейшие эпиграфические памятники находятся в долинах Сары-Агача, Арыса, Чаяна, Карагала и др. В надписях сырдаринских и каратауских каменных стен отражена история огузов, кыпчаков, аргынов, алчинов, конгратов и др.

Очень интересны памятники казахских племен Старшего жуза, находящиеся в ташкентском оазисе, на Чирчике, в горах Казыгурт. Некоторые из них описывают эпизоды из жизни казахских биев, работавших в г. Ташкенте (Калдыргач-би, сыновья Ак-Назара, Турсын-хан, Толе-би и др.). Основная масса эпиграфических памятников племен Старшего жуза сосредоточена в районе

от Шымкента и Казыгурта до Таласа и Джунгарского Алатау. Они встречаются и в Таласском Алатау, долинах Таласа [10], Чу, Или, Коксу и Карагата.

Эпиграфические памятники казахов Младшего жуза с большой массой кулпытасов сохранились в низовьях Сырдарьи, вокруг Аральского моря, на Мангышлаке, в бассейне рек Эмбы, Сагиза, Уила, Хобды, Илека, Яика и Нарына. Надписи на некоторых памятниках свидетельствуют о том, что они относятся еще ко времени огузов и кыпчаков (VIII-X вв.). Поздние памятники Мангышлака принадлежат, в основном, адайцам.

Большое историческое значение имеют эпиграфические памятники Центрального Казахстана и Тургайской степи. Самые ранние из них – древние курганы саков (скифов), каменные изваяния гуннов и тюрков (VI в.), каменные изваяния кыпчаков (VIII-XIV вв.). При раскопке разрушенных мавзолеев на реке Кенгир были обнаружены обожженные кирпичи и плиты с тамгами огузов, кыпчаков, канглов, аргынов, алчинов, конгратов и др. Содержание отдельных памятников охватывает значительный отрезок времени, в них описывается история ряда поколений. Особенно интересны некрополь Дын-Сай с памятником из глинистых сланцев (VI-VIII вв.), Аяк-камыр, Тамгалы-тас, Баксы-мола и др. [11]. Памятники казахских племен сохранились на Алтае, в бассейне Иртыша, в горах Дегелен, Абрагы, Саура, Тарбагатая, Калбы, Чингизском хребте и в северной части Джунгарского Алатау. Это древние места обитания аргынов, найманов,



кереев и уаков. По надписям, оставленным ими на богато оформленных надгробных памятниках, можно узнать об их жизни [12].

Хорошо известно, что во время войны с Чингизханом значительная часть найманов была вытеснена с Иртыша в Центральный Казахстан, огромная масса кереев ушла вниз по Иртышу до Тобола, потомки которых ныне живут в Омской, Северо-Казахстанской, Костанайской и Кокшетавской областях.


До Чингизхана Чингизский хребет назывался Наиман-таг (Абулгазы-Найман Кух). Один из горных массивов Восточно-Каркаралинской системы до сих пор носит название Найман-кашкан, что связано с бегством найманов от преследований Чингизхана. Здесь в горных системах и долинах Иртыша обитали остатки племени бура найманов, в древности этнически связанные с ягмаутами (ягма) и карлуками, которых казахи называют казылык. Одна система Восточно-Каркаралинского хребта называется Казылык-тау – горы Казылыков. Несомненно, что буранайманы по происхождению были из ягмаутов (ягма), карлуков. И вполне естественно, что племенной титул Бура (ангон) стал титулом Караганидского государства. Рядом с системой горы Найман-кашкан находится другой хребет Енгрекей (Место рыдания), который назван так в память о событиях, произошедших в начале XIII в. в связи с походом Чингизхана.

Особое значение представляет каменная надпись на казахском языке на скале Тамгалы-тас, на левом берегу Нижнего Сарысу (против остатков древнейших резиденций Алатеге и Белен-ана).

В надписи сообщается об историческом событии, о важном синклите, о провозглашении на нем особого народа под древним именем казак (XV в.). Это историческое место прославлено в преданиях и в поэзии, и оно называется “казак-тыщ уран шакырып, казак, болтан жер!” – место провозглашения этнонима “казах”.

На плоской песчаной скале древней террасы р. Сарысу сохранилось множество древних родовых тамг и надписей на кыпчакско-казахском языке, написанных арабским письмом. Среди них тамги огузов, кыпчаков, канглы, аргынов и др. Их впервые осмотрел путешественник А.И. Шренк, записавший большую серию тамг (Архив АН СССР), затем их изучали А.Кузнецов, К.И. Сатпаев, В.А. Селевин и автор этих строк. Среди надписей есть имена ханов Ак-Орды Урус хана, Куйырчика, Барака и многих других.

Наибольший интерес представляет одна плоская плита с надписью на казахском языке о воссоединении казахских племен в один народ, т.е “кыпчаки, найманы, алчины, аргыны (каракесек), уйсыны (куйсын) и табыны! О дай благоденствие этим шестерым!” Против названия каждого племени представлены их родовые тамги. Надпись впервые скопирована толмачом Атбасарского уездного начальника Х. Бекхожиным, военным врачом г. Акмолинска А.И. Кузнецовым [13]. В нем упомянуты все главнейшие племена трех жузов от Старшего – уйсуны (дулаты и канглы в то время находились в государстве тимуридов), Младшего – алчины с сильным племенем табын (остальные племена Младшего жуза находились еще в Западном




Кыпчаке), Среднего – аргыны с сильнейшей фратрией каракесек, служившей основным войском улуса Ак-Орды при потомках Урус хана, племена кыпчаков, найманов и кереев.

“Шесть племен” – это традиционное название союза “алты-алаш”, известного еще в домонгольский период. В Енисейской надписи “Уюк Тарлак” глава племени Елтуган тутук говорит, что он был “правителем у шестисоставного народа”. Теснимые восточными соседями племена после Тюркского каганата составили сильный союз под названием “Алаш”, куда входили кыпчаки, огузы, канглы, уйсуны, жалаиры и союз карлуков. По словам Кадыргали Жалаири, в конце XII - начале XIII вв. главенствующую роль в этом союзе играли канглы и жалаиры. Алты-Алаш – новая группа конфедерации десяти племен Западно-Тюркского каганата. Сюда не вошли некоторые племена, обитавшие на востоке и юго-востоке Западно-Тюркского каганата. Камень “Тамгалы-Тас” с надписью находится недалеко от развалин средневековых резиденций ханов на р. Сары-су, известных под именем Белен-Ана, Ала-таги (теперь Ала-теге), название, вероятно, связано с историей жизни хана Ала (пегий), или Алаш-хана [14] и мавзолеем Талмас-Ата [15]. Другая летняя резиденция Хана-тага находится у северного подножия горы Карагатай.

Трудно переоценить значение эпиграфических памятников, разбросанных по территории Казахстана, являющихся первоисточниками по истории племен и составляющих культурное наследие народа.

## Литература

1. Рычков П. Типография Оренбургская. Сочинения и перевода, к пользе и увеселению служащие. СПб, 1762, ч.1. С. 226-260; Ханыков В.Я. Поездка из Орска в Хиву и обратно, совершенная в 1740-1741 гг. поручиком Гладышевым и геодезистом Муравиным. СПб., 1850. С. 551-552.
2. Красовский А. Бассейн реки Сарысу (рук. ЦГВИА, ф. ВУА, оп. XIII, д. 3).
3. Есаул Швабский. О семенах и посеве тургайской пшеницы и проса конак, акбикеш и конур-чулак. // Земледельческий журнал. 1832, № 5; Сотник Шахматов. Замечания о хлебонашестве киргиз-кайсаков Средней Орды // Земледельческий журнал, 1832, № 8; Сейдалин Т.О. О развитии хлебопашства по бассейну Тургая. //Записки отдела РГО. Оренбург, 1870, вып.1; Дильгельштедт Н. Опыт изучения ирригации Туркестанского края. Сырдарьинская обл. I, СПб., 1893; II, 1897: Шмидт Ю. Очерк Киргизской степи // Записки Зап.-Сиб. отдела РГО, 1894, XVII, вып. 2.
4. Рузбихан Ф. Записки бухарского гостя. М., 1976. С. 94.
5. Бартольд В.В. Сочинения. Т.IV. С.307; т. V. С. 151.
6. Рукописи акына-ходжи Халибая и др. (Веселовский Н.И. Киргизский рассказ. Текст, перевод и приложения. СПб., 1894).
7. Семенов А.А. Восточные рукописи в архиве В.В.Вельяминова-Зернова.
8. Казахские рукописи “Чингиз-наме”,



“Хакият-Манзума”, собранные В.В. Радловым. Институт востоковедения АН СССР. Архив академика Радлова.

9. Рукописи “Алангасыр Алып”, “Исмаил-Ата”, Кубея Токбулатова “Ташкент каласынын, шыгуты туралы ан.ыз”, “Қырғыздардын, қалай шықкан шежіресі”, “Өзбектердің шежіресі”, рукописи сырдаринских казахов Сеида Абрахманова и Мангула, собранные А.А. Диваевым // Туркестанские ведомости, 1899, N 96; 1900, № 88, 91, 97, 98.

10. Ремпель Л.И. Некрополь древнего Тара-за.// КСИИМК, вып. 69, 1957. С. 102-110.

11. Шренк А.И. Дневник путешествий 1842 г. Архив АН СССР, фонд.

12. Влангали А. Геогностические поездки по восточной части Киргизской степи в 1849 и в 1851 гг. СПб., 1853, ч. 1.

13. Кузнецов А. О надписи на камне Тамгалытас в пустыне Бетпак-дала Атбасарского уезда Акмолинской области // Записки Семипалатинского отдела Географического общества. Вып. XVI, 1927; Селевин В. Результаты Бетпак-далинской экспедиции САГУ. Ташкент, 1931. С.30.

14. Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о касимовских царях, ч. II. С. 251.

15. Там же, ч.II. С. 155, 281.

## ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫң ТАРИХЫ<sup>7</sup>

Қазақ сахрасын қоныстаған қазақ ... елі күні кешегі орыс әліппесін арқас еткенге дейін үш жазуды қолданып келді. Олар – ескі Таластан Орхон-Енисей бойына тараған Орхон (I-IX ғ.), соғдылықтар арқылы жеткен үйғыр (IX-XV ғ.) және араб әрпімен жеткен жазулар (XIV-XX ғғ.). Бұл тарихи дәуірлерде Қазақстан өлкесін мекен еткен әкімшіліктердің өзгеріп отырғандығынан болса керек. Түркі қағанатынан кейін мұнда ұлыстарды біріктіріп, жеке-жеке билік құрған елдер – қыпшақтар (қыпшақ хандығы, VIII -XI ғғ.), Қаңлы ордасы, Найман хандығы, Керейт (керей) хандығы, Қарлық хандығы, Қарахан хандығы, Монгол дәуірінен кейін Өзбек, Қазак қауымдары.

Міне, осы айтқан әкімшілік орындарының әр қайсысы өз дәуірінде жоғарыда көрсетілген үш жазуды еркін түрде қолданып отырған. Жазуды сол кездегі тәртіп бойынша теріге, киізге («киіз кітап»), ағашқа, сүйекке, темірге, кірпішке, тасқа түсірген. Осындай жазулардың Қазақстанның тау-тастарында тізбектеліп тұруы соның айқын дәлелі. Кейде ел басқарған адамдардың аттары күм тасқа әдемілеп ойып жазылған. Мәселен, Кенелі тауындағы тастарда (Токырауын өзені) араб әрпімен жазылған Жошы хан, не оның үлкен ұлы Ержен-Қаан аттары кездеседі. Орталық Қазақстан өлкесін қоныстаған тайпалар қолданатын жазудың бұл түрін Жувейни де, Рашидеддин де, әрине келтірмейді. Балқаштың теріскейіндегі Токырауын өзенінің бойы XIII ғ.

<sup>7</sup> Э.Х. Марғұлан Қазақ жазуының тарихы. - // Жұлдыз, 1984 ж. № 8.

басында Жошының құлан қуып ойнақ салған жері. Осы арада әкесін аң аулауга шақырып, Құлан-ойнақ даласында қыпшақ елінің атақты тұлпарларының ішінен таңдал мың боз ат, мың қара ат тарту етеді (Рашидеддин) Жошының қасында қыпшақ, үйсін, арғын, қаңлы елінің арабша жазатын серілері, бітікшілері, абыздары аз болмаған.

Орхон, үйғыр жазуын көп заман бойы қолданған елдер – оғыздар, қыпшактар, наймандар, керейлер, меркіттер, онгіттер (уақ тайпасы). Бергі кезде олар қазақ ұлысына қосылады. Көп ғалымдардың зерттеуінше ол тайпалардың ілгеріге ұмтылуға басқан ізгі мақсаттарын тасқа түсірген. Олардың мекендереген жері. Оңтүстік Алтай, Орхон бойы, Селеңгі өзенінің бас жағы, Гоби даласы (Еника, Мураяма, С.В. Киселев, Пигулевская). Басқа да бір топ ғалымдардың бақылауынша руна (Орхон) жазуының шыққан жерлері – Жетісу өлкесі, Шу, Іле, Үстық көл, Талас өнірі. Орхон жазуын бұл өлкеде ең алғаш мәдениет дүниесінің үлесіне айналдырған елдер – гүндар, үйсіндер, қаңлылар. Олардың Жетісудан Бұхар хандығымен хат жазысып отырғаны қытай тарихында әлде неше рет көзіgedі. (Н.Я. Бичурин). Ол жазу түрік қағанатынан бұрын дүниеге келгенін Авел Ремюза, Пельс, П.М. Мелиоранский, С.Е. Малов, С.В. Киселев, А.М. Щербак дәлелдеп берген. Ортөс, Дунхуан, Гоби даласы, Ертіс бойы, Жетісу, Дунай өзенінің бойындағы руналық таңбалары әлі жарыққа шықан жоқ.

Біздің аяулы ғалымдарымыз А.Н. Кононов, А.М. Щербактың зерделі зерттеулері бойынша

ғұндар жазып қалдырған рунаның әдемі текстері Солтүстік Кавказда, Қырымда, Әзіrbайжан өлкесінде де сақталған. Бұл жазудың шығуын, өркендеуін зерттеу тарихы үшін табылмайтын ұлы қазына.

Гун дәуірінде тасқа қашалған бірнеше тас жазулар Қазақстанда кезедседі. Бәрінің де жазу әдісі, улгісі Орхон жазуымен бірдей. Олардың бір тобы Орталық Қазақстандағы Жаңарқа ауданына қарасты Қалмақ қырған тауының оңтүстік бүйірінде жалпақ қара тастың бетін бүтіндей алып жатыр. Сонымен қатар тасқа қиып түсірілген керуеннің суреті бар. Екінші көп жазу Елек өзенінің бас жағында жерді қазып жатқанда табылған («Казахстанская правда»). Тап соған үқсас бір топ жазу сол Елек өзенінің аяқы ағысында да бар. Өте өкініштісі ол жазуларды жақсылап тексеріп оқып шыққан кісі жоқ. Бұл мәдениет жұмысына салғырт қараудың бір түрі.

Орхон жазуын жақсы менгерген елдер оғыз бер қыпшақтар, ертедегі наймандар, керейлер. «Моюн-Чур» деп аталған бір тас жазудың көрсетуінше «Қыпшақтар түрік елін елу жыл басқарып отырған»: (Г.И. Рамstedt, С.Е. Малов, Памятник древнетюркской письменности Монголии и Киргизии, 1959, стр. 34-38). Бұлардың барлығы, Құнге, Айға, Жұлдызға, көкке табынтын елдер болған сон, тасқа қиып түсірген жазулары мен жазбасы қатар жүреді. Олардың тастағы жазуында айтатыны «Кек тәңіріде болдым», «елімді беш қатар тізілттім», «ел, алымын». «Ертіс», «Қазылық көлі», «Қара-Жоталық» де-ген жер аттары кезігеді. Бұл сөздердің көбі осы

күнге дейін қазақ тілінде ұшырасады. Орхон жазуының Қазақстанда көп жолығатын жері Ертістің бас жағы, Жетісу, Талас өзендерінің бойы. Өткен ғасырдан бүтінгі біздің дәуірімізге дейін табылған тас жазуларға арнап талай ғылыми монографиялар жазуға болады. Бірақ ешкім назар салмағандықтан олар белгісіз жатыр. Сібір мен Қырғызстанда табылған тас жазулар сияқты зер салса ғой шіркін. Өткен ғасырда Ертіс бойының жазуларының үлгісін түсірген инженер Г.И. Спасскийдің жинақтары да сол қалпында зерттелмей келеді. Тіл тарихын зерттеуші Қазақстан ғалымдары да аз еңбек сіңірген жоқ. Олардың табыстарының ең әдемісі Орхон жазуларының бір талай үлгісін – Сырдария бойында бұзылып жатқан Артық-Ата қаласының ішінен, Жетусудағы Кеген ауданында мұсін тасқа қиып түсірген таңбаларды зерттеуі. Ондай жазулардың көбірек кезігетін жері Орталық Қазақстандағы Ұлытау даласы.

Орта ғасырлардағы жергілікті жазушылардың айтуынша, ол кездегі қазақтар мекендеген Сыр бойындағы, Таластағы қалаларда, қыстактарда – мектептер, медреселер болған. Олар негізінен араб жазуын үйренуге дең қойған. Ол кездегі араб жазуын үйрететін үлгілі мектептер Та什кентте, Түркістанда, Сауранда, Сығанақта, Отырарда, Сайрамда, Шымкентте, Созакта ашылған. Бұл медреселерді ашуға Ходжа Ахмед Ясаудың ұрпақтары – Жұм Ахмед Ясау, Фамал Хажы, Хож Ахмед ибн Ахмед Шашти, Мухаммед Бабай (Баба-Ата) Абутарааб Бахши, Абу Язит Бестами, Гузи ора Маргушы (Маргуба) үлкен себепкер

болған. Бұлардың барлығы Ясаудың адамгершілік, шындық, әділет сөздерін қадірлеп, бар өмірін білім дүние тануға, жұмсаған ғалымдар, халықты надандықта қалдырмай, ілгері бастыруға ұмтылған адамдар.

Қожа Ахмед Ясаудың өз үрпактары салдырыған мешіт, медресе, мектептері олардың ата-бабалары ерте кезден қоныс еткен Түркістанда, Сайрамда, Баба-Атада, «Шашты ордасында» болған (Хожа Ахмед ибн Ахмед Шашти).

Бұл Баба-Ата мен Шашти ордасы Қаратаудың солтүстігіндегі Құмкент қаласымен қатарлас орналасқан. Олардың тарихи мазмұны халық аузында аныз ретінде айтылады. «Шашті әзіздің» данқы Құмкентпен қатар айтылады. Архитектуралық сәулеті Қара хан үлгісімен жасалған. Бірақ ұлы құрлыс алда қайда бұзылған. Оның сарайларының алдында орманның түбірі сақталған. Балтамен шауып түсірген түбірлерінің сорабы әлі күнге дейін сақталып қалған. Ұзындығы бір шақырым жерге дейін созылып жатыр. Оның маңындағы хаузены бұзылған, оған суды көзе сауытпен Қаратаудың көлінен әкеп, ағаштарды суарып отырған. Көне сөз бойынша Шашті әзіз осы көлдің ішінде бір әулие қызбен сауық құрып үрпақ тарайды.

Шашті әзіздің бір ортасы Баба-Ата. Бұл Шаштіге халық қойған аты болу керек. Қарахан дәуірінде жасалған Баба-Атаның ұлы мұрасы осында. Барлығы күйдірген кірпіштен салынған. Оның әдемі құрылған архитектурасы көзге алыстан елестейді.

Ең бастысы – ол білімнің, ой-сананың ордасы. Бала оқытуға үлкен мән беріп, оны тәрбиелі, білімді, әділетті болуға баулыған. Баба-Ата шын мағынасында үлкен ғылым ордасы, көп білім беретін жер. Одан тгай білімпаз адамдар шыққан. Мектебі орасан үлкен. 500 бала оқиды, олардың білімі үлкен қалаларда оқытын балалардан кем болмаған, әрбір екі балаға бір жатақ орын берілген. Бір таңсық нәрсе мектептің астында көне заманнан тығызып жатқан кітаптар кездескен. «Баба-Ата» совхозының директоры ол кітапті жақсылап жинап, тегісімен Қазақстан Ғылым академиясының кітапханасына тапсырды. Ол кітаптар әлі тексеріле қоймаған, онда қандай әдебиет кітап бары белгісіз.

Осы Баба-Атанаң мектебі сияқты атышұлы білім беретін мектеп Қаратаудың екі жақ бөктерінде мейлінше көп болған. Әсіресе Шаянда, Шәуілдірде, Созақта жиі кездеседі.

XIX ғасырдың бірінші жартысында ағаштан курап салынған үлкен медресе Құнанбайдың Қарқаралыны көркейткен мешіті (1846). Ол әлі күнге дейін бұзылмай, сол күйінде сақталған. Сондай бір ағаш мектепті Шыңғыс Уәлиханов Сырымбет аулында тұрғызған. XIX ғасырдағы жақсы мешіттің бірі Баянауыл мектебі, оның оқытушысы Қамаридден, артынан көп шәкірт қалдырған, соның бірі Mashkūr Жұсіп. Торғай бойындағы атақты медресе Дұлығалы езенінің бойында күйдірген кірпіштен тұрғызып отырған. Оны жасаушы архитектор Талпан деген. Дұлығалы мектебін брінші рет Ыбырай Алтын-

сарин көргенде қатты қуанышқа бөленіп, білім алудың жарқын жолы деп түсінген.

Көп зерттеушілердің бақылауынша бұрынғы ауыл мектебінің саны қаламен қатарласып отырады. Қазақтардың бала оқытудағы тілегі көбінесе шаруашылықпен байланысты. Ол, әсіресе, сауда ісіне, мал санауға, сый тартуға, достармен хат жазысуға керек болған. Россия патшасы Федор Ивановичқа қазақ хандығының бірінші ұлы хаты XVI ғ. сонында жазылған.

Орта Азиямен, Қытаймен сауда жүргізуде араб әліппесінің ролі қүшті болған. Оның көп тараған жері Сырдария бойы, Орталық Қазақстан, Жетісү, Арал, Каспий теңізінің жағасы, Мағыстау. Мұнда мұнаралап көтерілген үңгір сарайының іші толған жазу, сауда сөздері атақты бектердің аттары.

Хиуадағы сияқты ұлы мәдениет мұнаралары Сырдарияның бойында көп кездеседі. Мұның мәдениет үлгілері Хиуадан кем болмаған, бірақ бүтіндей киратылып, үгіліп біткен. Сырдарияның өткен мұраларын еске түсіретін атақты ғұламалар – Туркестани, Сұнак-Ата, Ташкенди, Мухаммед-баба, Жамал Қарши Ғұлама ойшылдармен қатар Сырдарияның көп қалаларында аты шулы асқан ақындар көп болған. Соның бірі – Барчынкентте тұратын Хисамеддин. Ол кітапті үш тілде – араб, парсы, түркі тілінде жазған.

Аса дарынды қышишақ ақыны Рабугузи. Өзінің эпиграфында естуге жақсы болу үшін «Рабугузи» деп койдым дейді. Демек, ол Сыр бойындағы работта тұратын оғыздардың қазысы – Бурханеддин ұлы Насреддин Такбуқа. Кейбір зертте-

ушілер бұл Рабугузиды монголдан қалған деп көрсеткен, онысы Дешті-Қыпшақ болуы керек. Көрушілердің байқауынша Рабугузи биік бойлы, ойшыл ғұламалардың асқаны. Өзі бектер қауымынан (С.Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. стр. 323,322). Бұл Насреддин Тақбұқа (Рабугузи) Кутб ақынның Хусрау Шырын жырында кездесетін қыпшак Тақбуқаға жақын, бірақ ол Алтынбука деп атаған еді. Алтынбука ерді ғалым, өзі хақында деп бейнелейді. Өзі туралы айтқан кезінде Кутб; Атанмыш атағыма Кутб Хожа Хақ аны қылсын деңан – Хожа оқысаң ұнатма дүғаден, Мен біттім абы ҳатасын бақыл. Бу захмат чек ім білгейсін оқып. Атағыма «Берикне» тәп ангак. Өзім мүмін, өзім едім, асысылым қысақ» дейді. Демек, бұл екеуі де қыпшак тілінде жазатын ойшылдар, тілі қазақ тілімен текстес. «Тарих жеті жүз сексен бетте фар айының ігірім бетінде...» деп жазған. Бір тамаша жері «Таңғіре бағынуда» Кутб «ұғаным» деп – «Оған раҳмет қылсын» дейді. Кутбың Хусрау-Шырын жырындағы барлық аңыздар, хикаялар тегіс қазақ жерін көрсетеді. Сондықтан мұны оқушы қазақтар да аз болмаған. Сырдария бойында жасаған атақты ақын Югнеки шығарған «Әлебпетул Хақайық» сөзі де Кутб жазуларымен бірдей.

Орта ғасырлардағы ғұламалар, ел ауызына ілінген атақты ойшылдар назардан тыс қалмаған. Қазақ тарихын бірінші рет қозғап, оның негізіг мәселелеріне ерекше көңіл қоюшылар – Мұхаммед Хайдар, қыпшак Өтеміш хажы, Мұхаммед Салих Қара-Қожа ұглы (Тарих Рашида Ташкент).

Татар халқының ұлы ғалымы Маржани кітаптары Татарстанда, Башкирияда, Қазақстанда кеңінен таралды. Оның ішіндегі көзге ерекше түсетіні – «Малике кітабі», «Юсуф-Зулейха» (Қорқыт араласып жүреді), «Боз жігіт», «Бозоглан», «Тайр-Зуре», «Наурзбейтлерн», «Жар-жар» (Мустафа-әл-Ахбар). Бұларды қазақ ауылы да оқыған. Ондай кітаптарды жоғалтпай, қадағалап сақтаудың бір күесі – күміс сандық (Ш. Уәлиханов). Оны бүгінгі ұрпақтардың мұрасы етіп сақтап жеткізген кісі Әз Жәнібек және баласы Қасым. Немересі Шығай. Шығайдың баласы Тәуекел хан, оның немересі болған бүгінгі ұрпаққа жеткізген.

Қазақтың ең бай кітапханасына сол кезде Мәскеуде тұратын Оразмұхамет ие болған. Ол кітаптар екі жуз жыл бойы патшаның архивінде сақталып келіп, 1725 жылы Россиядағы ғылыми академия құрылған кезінде сандықты барлық кітапхананы академияның музейіне тапсырады. Бірақ зерттеушілердің жобалауынша көпшілігі татар тіліндегі кітап ретінде берілген. Ал Сайран қаласында Шығай мен Тәуекел хан Бұхардағы Абдулла арқылы көп қолжазбаларды өзіне жинаған. Шығай халықты білімге баулыған. Жамал Қарши, Абдіразақ Самарханди, Мұхаммед Хайдар, Хан Темир және басқа ойшылдардың сөзіне қарағанда Сауранда кітапхана болған. Есім хан қазақ заңының ескі сұлбаларын жинап жаңа қорытынды шығарып тасқа бастырған. «Есім ханның ескі жолы» атты қолжазба қазір Стамбулда сақтаулы. «Жеті жарғының» жинақталған нұсқасы Тәуке ханның қолында болған. Ол ескі

жарғыға жаңадан тараулар қосып, жаңалықтар енгізеді. Жеті жарғының жасалуы барысына қазақтың барлық билері ат салысады. Ол кейігідері Абылай мен оның баласы Уәлиханда сақталған. Темір ұрпақтары пайдаланған «Шежіре турук», «Ақсақ құлан жишақ», «Төрт ұлыс – Алтын орда, Шағатай», «Хулагу», Абылайдың ұрпақтары Жәңгір ханда сақталған. Жәңгір кейін Қазан университетінің құрметті профессоры болған. Сол кітаптардың ішінде оғыз қыпшақ даласын аралаған Казвинидің қолжазбаларынан үзінді келтіріледі. Ал Қадыргали Жалайридің ортағасырдағы қазақ тайпалары туралы еңбегі Рашидеддинді пайдалана отырып Қарахан мен Оғызханның замандарын зерттеген. Ортау, Кертау, Қарақұмды мекендеген ел жайлы «Оғызнама хикаясында» әдемі суреттелген. Қадыргалидің ең дәйекті тұсы да сонда. Ол мәліметтерін қазақтың би-сұлтандарымен әңгімелесіп отырып қазақ түрмисі туралы кең мағлұмат береді. Қазақ халқының атақты шешені Майқы бидің сөздері де кең сахраға кітап сезіндей тараған. Оның зираты Самарқанда. Үлкен қақпа тұсында 98 жазуы бар. Жошы мен Майқы бидің кезінде ел іргесі тыныш болған. Алты ұлысқа бөлінген. Жошы ханның өліміне арналған кітап жанжағынан да құнды. Онда Шыңғыстан кейінгі билік тарихы барынша дәл көрсетіледі. Сондай-ақ «Ақ табан шұбырындыдағы», «Қонырат Божбан Сағыrbай хикаясы» да мәліметі мол, тарихи деректері дәйекті дүние.

Откен ғасыр қазақ халқы үшін рухани өсу дәуірінің басы болғаны белгілі. Сол тұстарда

алғашқы көркем, деректі ғылыми очерктің де көріне бастауы заңды құбылыс. Осы ретте Омбыдан қазақ мектебі ашылды. Оны салуға Шыңғыс Уәлиханов, Құнанбай Өскенбай ұлы, Аның ұлы Мұса, Тәттімбет, Барақ батыр қаржы жинақтады. Ол мектепке К.К. Гутковский, Н.Ф. Костылецкий, И.Н. Березин сияқты орыс оқымыстылары кітап жиып, көп көмек көрсетті. Сол мектептің түлектері көкшетаулық Сәдуақас Жанай ұлы, әниші Мұстафа Бұркітбай ұлы, өскемендік Мұхамедқали Жамышев сияқты қаламы жүйрік публицистер өсіп шықты. Мұнда көркем новелланың толық сыпаттары бар. Сәдуақас Аның ұлының «Оқудан елге қайтқанда», Мұстафа Бұркітбаевтың «Қазақ әні», Мұқамедқалидің «Жол үстінде» шығармалары солардың таланттарының қуатын танытады. Міне, осылардан кейін барып бұлақ көзі ашылып, Шоқандар шықты. Арналы бұлақтың басы сонау көнеден басталады. Оған жоғарыдағы мысалдар дәлел.

## НАЙМАН, КЕРЕЙ, ОҢГІТТЕРДІҢ ЖАЗУЛАРЫ<sup>8</sup>

Орхон-ойғыр жазуларын өзіне дәстүр қылған елдер – наймандар, керейлер, оңгіт-уақтар, меркиттер, барлығы ерте кезден үкімет құрып, кейін қазақ ұлысына кірген тайпалар. Елді Орхон-ойғыр жазуына үгіттеуде бұлардың үлесі зор. Оңгіт-уақтардың меркіт тайпаларының ғажайып ерлік жыры «Еркекше», «Ерқосай», Керей «Қамбар» жыры осы күнге дейін халық ауызында сакталған.

Рашидинның әдемілеп билердің айтуынан жазуынша; наймандар, керейлер тарихи заманда саудагерлер мен миссионер арқылы несториан (Айса) дінін дәстүр етіп, солар арқылы олардың Армениядағы, Сириядағы дін басқармасымен хат жазысып отырады (Рашид-ад-дин, Сб. Летописей 1, ч. 1, стр. 127). Несториан болған керейт жазуларын көп зерттеген француз ғалымдары Несториан дінін қолданатын керей мен наймандардың қыздары тегіс Шыңғыс ханның балаларына тұрмысқа шығып, олардың рухани тіршілігіне үлкен әсер еткен. Соның ішінде Оқтайдың әйелі Торқын-Хатун мен Толының әйелі Сұртоқты-бикем де бар. Бұл Сұртоқты керей Он ханның немересі, оның ықпалы өте қүшті болған. Ол өзінен туған төрт баласы – Мөңке, Құбылай, Алауке (Хулагу), Арық-Бұқаны емізіп тойғызған (Марко Поло, стр. 243: Рашид-ад-дин, т. I, кн. 2, стр. 72). Осындай жағдай наймандар мен керейлер ортасында ерте кезден дағды болғандықтан

<sup>8</sup> Ә.Х. Марғұлан Найман, керей, оңгіттердің жазулары. - // Ақиқат, 1993 ж. № 7.

олардың ортасында бітікші абыздары да аз болмаған. Керей Он ханның ұлы бітікшісі Құтты-Бұқа барлық керей елін жазуға үйретеді (Рашид-ад-дин, т. I, кн. 1, стр. 128). Шыңғыс хан үкіметін құрган соң, оның ең сенімді бітікші (абыздары бір ғана керей мен наймандардан) оңгіттен (уақтар) болады. Оның ерекше сенген бітікшісі Керей Абуша абыз (Рашид-ад-дин, т. I, кн. 1, стр. 34). Оқтай ханның ұлы бітікші Керей Қарыңдай (Кәрітай) (В.В. Бартольд т. I, с. 534). Мөңке ханның бітікшісі ода керей ұлысынан Болғай деген кісі, ол Мөңке ханның балаларын ойғыр жазуына үйретеді. Екінші хатшысы жалайыр Бала Хұлагу ханның бас секретары керей Мұқыр бітікші. Көке – Алишер Навои айтқандай Мұқыр бақсы шеберлікті де жақсы білген. Ала-укеге (Хұлагу) алтыннан, күмістен ақша жасап отырған. Сол кешегі тіл бойынша ол ақшаны (монета) «бәліш» деп атаған (Рашид-ад-дин, т. I, с. 134, стр. 77).

Ең ескі жазулардың бірі – «Шыңғыс ханның нақыл сөздері», оны «Атын дәптер» не «Білік» деп атаған (Рашид-ад-дин, т. I, кн. 2, стр. 252-260). Ол жазу Оқтайдың ордасында сақталып тұр. Ол кездегі бірінші Орда бүтінгі күні Ала-Көлдің жағасында «Ала-Қамақ-Сарайы» деп аталған. Жонғар Алатауының түбіндегі ескі қала. Ондағы алғашқы құрылтайға Батырлар барып жүрген, кейін Плано Карипини Темір де барып тоқтаған. XV ғасырдың шежіресі «Муиз ал-ансаб» кітабінің көрсетуі бойынша, Оқтай «Алтын дәптерді» бір ғана Оңгіт (уақ) бітікшісіне тапсырып қояды. Абыздар, әскер басылар, ел



басқаратын сұltандар болмаса, оны басқа кісіге ұстаптайды. Монғол дәүірінде қазақ тайпаларынан түрікше документтер жазатын тайпалар қыпшақтар, арғындар (Марко Поло), жалаирлар (Қадыргали Жалаири), қоңыраттар, кетелер. Олардың дәстүрі қазақ заманына ауысады.

Галымдардың анықтауынша, монголдардың мәдениетіне зор әсер еткен найман мен керейлер. Олар көп уақыттан бері үкімет жасап, саяси мәдени, тұрмыс жұмысына ойғыр жазуын жақсылап пайдаланған болған соң, оны көрші елдерге де таратты. Шыңғыс хан оның аталары осы екі елмен XII ғасырдан араласу арқылы ойғыр алфавитін монголдарға, басқа тайпаларға да үйретеді. Найман мен керейлердің ортасында бітік жазу, басатын «мөр» бар екенін көріп таң қалады.

Найман хандарының жазған бітіктерін, қағазға түсіретін мөрін сактап қалған атақты бітікші (абыз) «Тау Тоң» деген кісі. Наймандар жеңілген соң, абыз Шыңғыс ханның ордасына келіп, оның балаларын ойғыр жазуына үйретеді (В.В. Бартольд, соч. V, с. 620).

Көн ойпатынан тарап шыққан қияттардың бір ұлы жырауы, қыпшақ пен наймандардың атақты ойшысы, ақыл иесі, ұлысқа өнеге беретін, өзі ғалым, өзі ұстаз, өзі жырау. Шыңғыстың ордасына кеңес береді. Оқтай заманына дейін жасайды. Тұып өскен жері Алакөлдің маңы, Ертістің бойы. XIII ғасырдың 30-жылдары әбден қартайып алысқ қүймеге отырып барып жүрді (Рашидад-дин, т. I, с. 1, стр. 158). Керей мен наймандар түркі тілінде сөйлеген бір туысқан ел. Кейін қазқ

пен өзбек ұлысына қосылады. Олардың шығу тегі түрік тілінде сейлеген. Онгіттермен бірдей (Рашид-ад-дин, т. I, с. 1, стр. 102). Онгіттер былайша – «уақ» деп аталатын орта жүздің бір тайпасы. Онгіт руы осы кезде әлі күнге сақталып келеді. Олардың тарихи заманнан тұратын жері Ертіс өзенінің жағасы. Қоқан тауының іші Бесқарағай өлкесі, өздерінің шежіресі бойынша Еркөкше, Ерқосайдың үрпағымызы деп санайды. Керей, меркіт тайпалары онгіттермен аталас.

Онгіт (үңгіт-уақтардың) тарихи заманындағы атақты жырлар – «Ер көкше», «Ер қосай». Олар қырғыздың «Манас» эпосында да келіп отырады. Онгіттердің ескі дәуірде мықты үкімет жасағаны осы екі жырда айқын түрде жырланған.


Уақ пен керей үкіметін жарқын түрде ба-яндайтын атақты жыр «Қамбар батыр». Онда былай деп айттылған:

Керей менен Уақтың  
Қамбар соның атасы.  
Сымдай сұлу анаңыз  
Қамбардың болған анасы.

(И. Березин, Хрестоматия, т. III, 1890).

Рашид-ад-диннің баяндауынша: «тюркские племена, подобно жалаирам, татарам, ойратам, онгутам, кереитам, найманам и прочим, из которых каждое имело определенное имя и специальное прозвище, - все они самовластия называли себя монголами, несмотря на то, что они не признавали этого имени» (Рашидад-дин, Сб. Летописей 1, ч. 1, стр. 102).

Қыпшақ, найман, керей, меркіт, онгіттер тегіс түрікше сөйлеген елдер. Олардың тарихи




қонысы Шығыс Қазақстан, Жонғар даласы, Ертіс бойы, Орхон өзені, Енесейге дейін созылып жатады. Олардың ішіндегі тарихтағы күрделі орын алған елдің бірі оңгіттер, казактың уақ тайпасы. Оларды ескі заманда шаған татары, татаби деп те атаған. XII-XIII ғасырларда олар Ертіс бойын, Алтайды мекендеген, кейбір бөліктері Жонғар даласында отырады. Қарахан мемлекеті кезінде қытай үкіметі төртмың үй оңгіттерді көшіріп, өзінің ұлы қамалын құзеттіруге әскер етіп қояды. Бұлармен көршілес болып, оның теріскей өлкесінде керейлер, наймандар, жалайырлар, қоныраттар мекендереп, Ертістің бас жағын, Алтайды жағалаң, Орхон өзеніне дейін созылып жатады. Оңгіттер туралы Рашид-аддиннің айтуыша: – «гасудари Китая считали племя онгут своим вассалом и своим искренно преданными рабами (банден Мухлис). Они ... и им ворота стены ауткух (букур кыя) и это племя постоянно...» (1, кн. 2, стр. 8). Бірақ оңгіттер Қытайға дос болып қалмайды. Оларды билеуші Алакус–тегін Шыңғыс ханмен кездескенде оған көмектесіп, қамалдың қақпасын ашып, оның әскерін Қытайға кіргізіп жібереді.

Алақұс–тегіннің немересі әскері басы Шың-Темір Жошы ханмен бірлесіп, Сырдария бойындағы қалаларды соғыспай алуды үміт еткен (Рашид-ад-дин, кн. 2, стр.200). Кейін Хорезмді басқарады. Оңгіттер осы сияқты жарқын ойда болғандықтан олар жазуды да елге таратқан. Жазу үлгісіне көп көңіл қойған басшылары Айбұқа Алакұс–тегін, Шаңқай, Шың-Темір. Олардың бітікшілері ойғыр Көркөздің жазуына

сенбей, оны қызметтөн босатады (Рашид-ад-дин, кн. 1, стр.142).

Тарихи заманда жазудан көп үлгі қалдырған елдер қыпшақтар, наймандар, керейлер. Түрік қағанаты бітісімен бұлардың әр бірі жеке-жеке мықты мемлекет жасап, өзінің саяси шаруашылық, мәдени үлгісімен феодал қауымына айналған, қала салып, суармалы егін өсірген ел. Оларға ішетін тамақ қандай керек болса, әлеуметтік істе жазу сондайлық керек болған. Найман мен керейлер көп ғасыр бойы көршілес, туысқан елдер. Рашид-ад-диннің барлауынша, олардың мекен еткен жері күншығыста Орхон өзені, Енесейге дейін жетсе, күнбатыста өрелі Алтай, Ертіс бойы, Тарбағатай, Жонғар өлкесі, Шыңғыстай болған. Абілғазының айтуынша, бұл тау Шыңғыс ханнан бұрын «Найман тауы» деп аталған. Олардың жақын көршілері қыпшақ, қанлыш, аргын, қоңырат. Наймандар әсіресе қанлымен бірігіп, Өр Алтайда, Кек-Ертісте, Жонғар алатаянда бір қауым болып тұрған (Рашид-ад-дин, кн. 1, стр.136-137). Олардың атасы Бура-Найман қанлыштармен атлас, оларды яғмаут (ягма) деп атайды. Олардың Бура-Найман аты Қарахан басшыларына лақап болып шығады.

Шыңғыс мемлекеті құрылmas бұрын наймандардың түрікше аты «сегіз» найман екеуі бір мағынада – «сегіз ата». Оны Н.А. Аристов («Заметки», стр. 361) С. Мурајма көрсеткен. Найманды «сегіз» деп жазған Жувейни. (Издание Казаневи). Найманның Түркістанды билеген, Шыңғысқа қарсы тұрған алпауыт ханын Жамал




Карши Әл-Кучлакас деп анықтайды. (Мулхакат ас-Сурах ИВ АН СССР, 13514). Наймандарды «сегіз» деп жазатын ескі ғалымдардың бірі Шарафиддин. Ол әр уақыт «сегіз», «сегізман», «қыпшақ»-«қыпшақман», «қанлы»-«қанлиман» деп отырады. Наймандардың түрмисын суреттеп отырып әдемі жазуын есіне түсіретіні «сегіздердің жолы» (Зафар Наме, 103 бет), «Сегіздердің әскері» (104 бет), «Сегіздердің шөлі» (Жонғария, 1178 бет).

Мураяманың зерттеуінше бұл тайпаның бұрынғы аты найман емес «сегіз», «сегіз ата». Найманды түркі тайпаларының өзі қойып алған болуы керек (Мигауата, 190). Наймандар, кериттер, онғіттер түрік екені анық, олар түрікше сөйлеген (Мурајма, 96-97, 196 беттері).

Найман мен керейлердің, онғіттердің түрік тілінде сөйлеген тайпалар екенін XIX ғасырда төндіре жазып кеткен ғалымдар (Н.А. Аристов, «Заметки», стр. 303,306), Клапрот, жиырмасыншы ғасырдағы атақты ғалымдардан найман мен керейлердің түркі тайпасы екенін айқын шешкен ғалымдар Мурајма, Чехославак ғалымы П. Поуха. Совет ғалымдарынан Л.Л. Викторова (К вопросу о найманах. «Ученые записки ЛГУ», 1961, стр. 137-155). С. Аманжолов («Вопросы». стр. 58).

Осы ғалымдардың жаңадан табылған тас жазуларга сүйеніп зерттеуі бойынша, несториан (Айса) үлгісіне кірген наймандар, керейлер, онғіттер, меркіттер бір ғана түркі тілімен жазатын болған.

Ең таңсық нэрсе Алтай мен Монғол жерінен табылған онғіттер мен найман, керейлердің



жазулары. Көп табылған әсіресе онгіттердің жазулары. Олар ерте дәуірде құлпы тасқа қып түсірген түрік сөзі, тілі қыпшақ тілімен бірдей. Орысша жазуында айтылған: «Изучение языка несторианско-онгутских эпитафий показывает, что они относятся к языкам кипчакской группы». (Мураяма, 778 бет).

Бұл құлпы тастарды көп зерттеген Мураяма оларды «торбі ташы» деген негізінен араб сөзі деп анықтайды. Бірақ бұл сөз ерте кезде арабтар-дікі болмаган. Мүмкін қазақша «дорбі тас» - биік ұзын тас. Монголияда болған археологиялық экспедициялар найман, керей, онгіттердің түрікше тасқа жазған белгілерін тапты. Соның ішінде ең тамашасы – түрік тілімен жазылған онгіттердің құлпы тастары.

Монголия мен оңтүстік Сібірде, Алтайда сакталып келген тас жазуларды ерекше тексерген. Әсіресе совет ғалымдары – С.В. Киселев, А.П. Окладников, С.Г. Кляшторный. С.В. Киселевтің бақылауынша көріп түсірген жазулар өте ескі дәуірдікі, «предвосхищающие орхонские надписи». Оған мысалға келтірген жазу **ҰՂҰҰ** (С.В. Киселев, стр.481, табл. X L V, 1,2,3,4,5,). Ең ғажайыбы, қыя тасқа түсірген мыңдаған жазулар, таңбалар, һарыпке ұқсаған малдың тұяғы, мүйізі, аяғы. Таңбалардың көбі аспан дүниесін суреттейді – шығып келе жатқан күнді **СУ**, түнгі айды **С**, жұлдыздарды, атылған жайды **Ж**, ататын оқты **↑**, таудың басы **◊**, халықтың тұрмысын сипаттайтын аспаптар – қамшының сабы, балға, ердің қасы, қошқар мүйіз, өгіздің мүйізі, алшы **Ә** асық жілік, оның



неше алуан түрі, көз таңба 00, босаға П, тағы басқалар.

Таңбалардың қыя тастан жойқын түрде жазып алған біздің аяулы ғалымдарымыз А.П. Окладников (А.П. Окладников, В.Д. Запорожская. Петроглифы наскалья, ч. 1, 1969, ч.2, 1970). Ол жазулардың көбі тарихи заманда оңтүстік жерлерге дейін тараған қазақ тайпаларының таңбасы, олардың құрған шалған іздерінің орыны. Таңбаларды кейінгі қазақ сияқты көбінесе құлпы тасқа түсіріп отырған. Олардың ішіндегі көп жолығатын оңғіттердің таңбасы қыяшық, түрі осы күнге дейін сақталған, екінші керейлердің таңбасы «ашамай», қазірге дейін қолданады. Ашамай баланың ері, керей ашамайлы тайпасы осыдан шыққан болу керек. Ең ескі таңба - үйсіндердің таңбасы үш әліп. Ол үйсіндердің таңбасы екенін Семеновтың жазуынан көруге болады. (Туземные народы Северо-Восточного Кавказа. 1895). Көп сақталған, әсіресе, арғын таңбасы «көз» таңба. Оның әр ру пайдаланған неше түрлі варианты кездеседі – ғ, көп жолығатын төменгі шекті таңбасы Қ, қыпшақ тамғасы екі әліп II (5 таңба), үйсіндермен ұқсас, кейде көлденеңінен келіп отырады. Көп жолығатын оғыз таңбаласы – оқ ↑, жай аты ♂, балға ♀ ♂ ♂, ♂ ♀, бұлардың көбі кіші жүз тайпаларында сақталды. Найман таңбалары екі түрлі, бірі – ергенек Н, ергенек қамалының қақпасы, екінші бақан тамға Ұ Ұ, қонырат тамғасы босаға П. Ода ергенек қамалының қақпасы. Қыят – қыпшақтармен бірге қоныраттар көп тайпаны Ергене-Көңнан альп шығады.

Қаңлының таңбалары күн, ай %;"> , үшкіл ֎, күнге, айға көп табынған елдің бірі.

Тарақтының таңбасы тарақ ߨ, бұ да Селенгі өзенінің бойында сақталған. Қадырғали Жалаирдың айтуынша жалаир да тарақ таңбалы болған. Тегінде тарақты екуі бір ұлыстан болуы керек. Ескі тамгалардың ең қызықтысы қыят таңбалары – «бәрі бас» ӊ - сөре таңба ӊ ӊ, Ергене көп қапқасы.

Осыларды ерте кезде тасқа жазып түсіру дүние танудың бір жарқын түрі болған. Осы тәрізді Несториан болған найман, керей, онғіттердің түрік тілімен жазғандары Гоби шөліне таяу тұратын «Қара-Хото» қаласын қазғанда табылған, оны қазушы отанымыздың ғалымы П.К. Козлов (Монголия и Амдо и Мертвый город Хара-Хото. М., 1947).

Бұл қаланы салдырган Керей мен Онғіт – уактардың басшылары. Гоби шөлінің Онғұстік батысында Езін-Гол өзенінің төменгі арнасында оң жағында тұрады. Бұл қаланы қазғанда оның ортасынан Несториан ұлгісімен салынған табынатын мұнаралар, діңгектердің қабырғасы, олардың ішінен түрікше жазылған көп жазулар шыққан (Пигулевская Н.В. Сирийские и Сиротюркские фрагменты Хара-Хото и Турфана, Советское Востоковедение, 1, 1940, стр. 213-234). Ғалымдардың зерттеуінше Қара-Хото қаласынан табылған Керей-ОНғіттердің жазуы Жетісудан табылған Сирия-түрік жазуларымен бірдей. Демек, несториан ұлгісіне әдеттенген тайпалар Сирия мен Армен елінен келген үтіг таратушылардың ықпалында болғаны көрінеді

(Рашид-ад-дин, т. I, кн. 1, стр. 132). Марко Полоның жазуынша несториан дініне кірген наймандар, керейлер, оңгіттер (уак) әрі көшіп мал өсіріп, суармалы егін салып, қыс күні белгілі қыстауларда, не далаларда тұратын ел болған. Монголдардан бұрын керейт елін басқарған Орталық Азиядағы ең ұлы кісі Керей Он Хан, шын аты Тұғурул, Маркөздің немересі (Рашид-ад-дин, т. I, 27), Керейлердің қыстаулары Алтай мен Қаңғай тауының ішінде болған, олардың ішіндегі ең атақты қыстаулары Өрен-Қорық, Құласын, Өтеген, Құбакия, Өткү-Құлан, Жалаир құлан (Рашид-ад-дин, т. I, кн. 1, стр. 127,131).

Найман, керей, оңгіттер ғұндар қырғыз сияқты бұғыға табынатын болған. Он ханның шешесі сондай аң құмар болған, уақытын бір гана аң аулаумен өткізген. Оны халық ерекше қадірлейтін. Ол қайтыс болғанда бар халық жиналып, оның қасына сәулетті үй тұрғызыған. Кешке қарай оның қабіріне бөрі келіп – сен маған не істемедің, өшімді аламын деп оған тиіспекші болады. (Юань Ши). Наймандардың қыстаулары Ертістің бас жағында Алтайда, Шыңғыстауда, Қара-Қорымда (Рашид-ад-дин, т. I, кн. 1, стр. 136,137). Олардың негізіг ордасы Хожан Усун (Рашид-ад-дин, кн. 2, стр. 147).

Он ханның орталық қаласы Оңтүстік монгол Алтайында тұрған. Найманның әскері Он ханды осы орталық қаланың түбінде Некен-усун деген қыстакта өлтіреді. (Рашид-ад-дин, т. I, кн. 1, стр. 132,133). Екінші қалалары Өзен Аймын хото (Марко Поло. Минаев аудармасы, 272). Керей наймандармен көрші тұрған Оңгіттердің бірнеше-

ше қалалары болған. Орталық бір қаласы Оңгу-  
Қапқа Қытай шетінде. Онда тұрган тайпалар Он  
ханға бағынатын Оңгіттер, қоңыраттар (Марко  
Поло 94,278; Рашид-ад-дин 1, кн. 1, стр. 161).  
Екінші орталық қаласы Тендік. Марко Полоның  
баяндауынша, «Тендуқ – город на славной рав-  
нине, Стан Ван-Хана (Тугурул). Сошлись на  
той равнине Тендуқ две величайшие рати. У  
потомков попа Ивана (Ван-Хана) много городов.  
Главный город называется Тендуқ. Там живут  
мусульмане, идолопоклонники, христиане-нес-  
сторианы. Среди них потомки попа Ивана (Ке-  
реитского Ван-Хана)». Тайпалардан тұратыны  
арғындар (аргон), онғіттер (уақтар), керейлер,  
наймандар, қоңыраттар, меркіттер, ойғырлар.

Керей мемлекетіне кірген елдер сол дәүірде  
шыққан «Қамбар» жыры бойынша да «алпыс  
үйлі арғын», «тоқсан үйлі тобыр» - жоғарыда  
көрсеткен тайпалар. Қамбар жауды женғенде:

- Алпыс үйлі арғынның

Тоқсан үйлі тобырдың

Қабыл болды тобасы – дейді («Батырлар  
жыры», 1963, 416 бет) Төбы... (шеберлер, бітік-  
шілер отыратын қыстақ қала, солардың көп  
жиылатын жері). Арғындар ұстамды, шеберлік  
пен сауда ісімен шұғылданады. Поп Иван осы-  
ларды басқарған, басқа көрші мемлекеттерді  
өзіне бағындырған. Оның ұрпағының қалғаны  
Жор+Георгий осы Тендік қаласында тұрады.  
(Марко Поло. Минаев аудармасы, 86,94-95,278).  
Рашид-ад-дин бұл қаланы онғіттердің еліндегі  
«Көне» деген бір қыстақтың аты деп жазған (I,

кн. 1, 141). Тұріне қарағанда Тендік (Тундук) Ертіске таяу тұрған бір қаланың аты.

Керей мен Оңгіттердің (Уак) жеріндегі үлкен қаланың бірі Махмут Қашқари көрсеткен, «Хатун Сыны» (Хатынның сын тасы тұрған қала). Махмуд өзінің картасына кіргізіп, Гоби даласында көрсеткен. Несториан әдетіне кірген тайпалардың көп тұрған қаласының бірі Езен – үлкен әкімшілік, сауда орыны болған. Оның қирап жатқан үйіндісі, Гоби өлкесінде. Езен өзенінің сол жақ жағасында осы күнге дейін сақталған. (Марко Поло. Минаев аудармасы, 84). XIX ғасырдың сонында ол қирап қалған қаланы тексеріп, көп жаңалықтар жазып алған біздің отанымыздың ғалымдары (Г.Е. Грум-Гржимайло. «Описание путешествия в Западный Китай» т. II, СПб., 1899, 92).

Гоби даласында үшінші үлкен сауда қаласы Қара-Хото. Езен өзенінің төменгі оң жақ жағасында несториан (тарса) үлгісімен жасаған. Керейттер, онгіттер, наймандар, ойғырлар, танғұттар отырған. Онда тарса (несториан) дініне табынатын көп аббаттар, мектептер, көп үйлер болған. (Марко Поло, Предание церкви Иоанна Крестителя (Он Хана), Перев. И.П. Минаева, 1956, стр. 69, изд. ЮЛА, 1, 183-186). Бұл қалалардың өзгешелігі, ерте дәуірде қолданған Орхон, ойғыр, сирия жазулары көп табылған, қол өнерінің бұйымдары кездескен. Шіркеу-аббаттардың қағазға, жібекке жазылған «тарса» (Икон) жазушылары шыққан. Оларды түркі мен сирия тілінде жазған керейттер, онгіттер, наймандар, ойғырлар (Пигуловская Н.В. Сирийские и Сиротюркские фрагменты из

Хара-Хото Турфана. Советское востоковедение I, 1940, стр. 220-223, Лесеченко Е.И., Шафрановская Т.К. Мертвый город Хара-Хото, М. 1968). Н.В. Пигулевскаяның зерттеуінше Хара-Хотоның түрікше жазулары күн шығыс Түркістаннан гөрі жақын болған. Оңтүстік Алтайда сақталған наймандардың монғол дәуірінде қирап қалған қаласының аты «Ақбалық» («Город Красивее и больше других Акбулак». Марко Поло, стр. 291). Қара-Қорум астанасында ел басқаратын хандар, сұлтандар, бектер осы оңтүстік Алтай іргесіне келіп аң аулайтын жердің (Қорық) шеті (Марко Поло, 291).

Наймандардың қирап қалған қаласының бірі «Шамбалық» (Чамбалық). Шам өзені бойында, Ертіске таяу жерде тұрған. Оnda тұрған тайпалар – найман, меркіт, онғіт (Бартольд, I, 272).

Жоңғар Алатауында тұрған бір қаланы Кіші – Талас (Махмуд Қашқаридің картасында Кемі-Талас (Марко Полода Жингин-Талас, Чингин-Талас. Шинжин-қала (272))). Наймандардың қирап қалған ордасы, әкімшілік сауда орны. «Найман - Сұме» Монголия жеріндегі бір үлкен қала (Марко Поло, 24, А.М. Позднеев. Монголия и монголы). Жоңғар тауының төңірегінде несториан ықпалымен салынған бір қаланы «Тарса-Кент» деп атаған. Ондай екінші «Тартса-Кенттің» қалдығы «Тарса-Төбе» атында Созақ қаласына таяу жерде, Қаратаудың теріскейінде сақталған.


Алакөлге таяу жерде тұрған наймандардың қарлуктардың бір қаласы (Рашид-ад-дин, Жами ат-таварих. Критический текст. А.А. Алиадзе, М. 1980).



Тарихтың көрсетуінше, XII ғасырға дейін найман, қанлы, қыпшак, арғын аралас тұрған. Олардың мекендереген жері ұлы Алтай, Ертіс бойы, Қара-Ертіс, Көк-Ертіс, Алакөл, Тарбагатай, Әміл Кіші-Талас.

Қыпшак қалаларынан тарихта аты жақсы сақталған әрі ең ескі түрі, Жұбаныш қала. Махмуд Қашқаридың жазуында – Жұбаныш Қазақ шежіресінде Жұбан-Ана, Рашид-ад-дин жазуында – Ибаныш (1.I.80). Бірақ комментаторлардың «ибанч» - иубаныш – деп жазулары дұрыстыққа келмейді. Жұбаныш VIII-IX ғасырда күйдірген кірпіштен тұрғызған мавзолей, Жаңа Арқа ауданында, Сарысу өзенінің оң жағасында тұр. XIX ғасырда оны Шоқан Уәлиханов зерттеген (Собр. соч. т.III. 232-233).


Махмуд Қашқаридың баяндауынша, Жетісудағы көп қалалардың, қырда .... Жұбаныш (иванч) қаласын тұрғызған Тон-алыптың (Афрасиябытың) қызы Қаз, ұлының аты Барысқан, Ысық-көлдің жағасында тұрғызған бір қаланың атын өз атымен Барысқан деген. Ол Махмудтың әкесінің өзінің туған баласы (МК, III, 424). Балқаш көлінің ол кездегі бір аты «Қаз суы», Афрасиябытың қызы Қаздың маңайына аң аулап баратын жері. Іле өзені мен Жұбаныш сахарасының арасында тұрған бір қаланың аты «Екі-өгіз»(МК. 1.91). XIII ғасырдың саяхатшысы Рубрук Эквиус деп атаған. Махмуд Қашқариден кейін Рашид-ад-дин жазатын – Ибаныш (Жұбаныш) – қаласы Балхаш көлінің теріскейінде тұрған. Оның аты да ту баста «Қаз» аталған (МК, III, Ташкент, 1963). Қазақ шежіресі бойынша Жұбан-Ана



қаласы деп осыны айтады. Бұл жойқын қаланың қалдығын бірінші рет зерттеген А.И. Шренктиң экспедициясы, оның қарамағында істеген геодезист Нифантьев. Оның айтуынша бұл қаланың қирап жатқан орны Сарысудың оңтүстігінде, Моинты өзенінен 25 шақырым күнбатысына қарай, Егінді-Бұлақ деген сайда тұрады. Бұл жердегі тамаша нәрсе күйдірмеген кірпіштен жасалған «Огромный Курган», укрепление с многочисленными боиницами. Построен для отвращения нападения врага (Архив акад. Наук СССР оп, 317, Оп. 1, №48/Нифантьев. Описание южной части Киргизской степи 1843).

Қыпшақ, қаңлы қалаларынан Орталық Қазақстанда болған атақты қаласының бірі Қарақорум. Торғай өзенінің аяқ арнасында болған. Оны жақсылап жазған Жувейни, Рашид-ад-дин (1.1.80-81). Шарафуддин Иязди (Ташкент, 1972, 17 б. 18 а.). 1218 жылы монголдардан қашқан Ертістің меркіттің (керей ұлысынан) осы Қарақорум қаласына келіп тығылды, монгол әскері оларды Қайдауыл өзенінің бойында тегісімен қырып бітіреді (Джувейни. изд. Казвини, II, 102, Бартольд, I, 435-436). Жувейnidің баяндауынша, Жошы Отыrap қаласын өзіне қаратқан соң Торғайдағы Қарақұм астанасына барып дем алады (Бартольд I, 482). Демек, Бұланты, Байқоңыр өзені бойындағы қаптап тұрган сүреттерді, жазуларды, тамгаларды түсірген осы Қарақорум қаласында тұрган бітікші,abyzdar екені сөзсіз.

Орталық Қазақстанда жасаған қыпшақ қалаларына Рашид-ад-диннің көп айтатыны



Қыр-Қала (Рашид-ад-дин, Критический текст. А.А. Алиадзе, II, 1.). Турғу-Балық Қыпшақ қалаларын тобымен әдемілеп жазатын, әсіресе, Шарафуддин Иазди. Онда айтылған қалалар Ала Шаһир, (Тогузлук) Қара-Шаһір (425), Мау-Балық (57 а), Аязлық (421 б., 425). Төре-Құрган (243.), Керейт-Қала (60), Сұр-қала (307 а). Ка-рачық (157а, 210а), Қарасман (Қараспан, Орда-Базар (396)). Махмуд Қашқаридың мысалға келтіруі бойынша Қаратрудың теріскейінде тұрған Қыпшақтың үлкен сауда қаласы Кен-жен-Сенгір (МК. 444), оларды басқарушыларды «Орда басы» деген (1, 445), енді бір қаласының атын Хордадбек деп атаған, ол осы күнге дейін сақталып келген. Осы арадаң Ертістің орта кезінде тұрған қыпшақтың бір астана қаласына 80 күн жүріп барады (Бартольд, V., 549).

Демек, осы айтқан қалалардың барлығы шаруашылық пен мәдениетпен, жазу үлгісімен тығыз байланысып отырған. Бірақ оларда сақталып жатқан мәдениет, шаруа өнер ісі әлі зерттелмей босқа жатыр. Монголияда сондай қалаларды, құлпы тасты зерттеген монгол ғалымдары қанша жазулар тапты. Монголиядағы ескі қалаларды зерттең, қанша құлпы тасты алдынан өткізген ғалымдар көп жаңалық ашты; тарихи заманда монголдармен көрші отырған наймандардан, керейлерден, онғіттерден (уақ) қалған мұраларды тауып, олардың түркітілінде жазған орхон, ойғыр жазуларын тауып, ғылымға жаңалық келтірді (46-48). Бұған көп үлес қосып келе жатқан монгол ғалымдары. Олардың зерттеуінше ең ғажайып нәрсе – кереит пен

онгіттердің түрік тілінде тасқа жазған сөздерін жарыққа шығару.

С.Е. Маловтың көп заманнан зерттеуінше Енесей мен Тува жерінде тұрған құлпы тастардың таңбалары ескі үйсіндікі (VIII әліп), қаңлынікі (айтамға), ал кереит елінің тамғалары, Ең тамаша жазудың бірі, Енесей өзенінен құ... Уюк-Тарлак өзенінде тұрғын құлпы-тастагы орхон жазуы. Сөз өлең мен айтылған жоқтау түрінде жазылған:


- Сіз еліме. Құнчे – айыма, ұғланыма, будунума.
- Сізден алтмыш ашымда адырылтым.
- Атым Елтуған тутук бан, елімка елчісі ертым,
- Алты бағ бұдунқа бек ертым

(С.Е. Малов, Енисейская писменность, 11).

Бұл қауымға кірген ұлыстар жоғарыда көрсетілген қыпшақтар, оғыздар, қаңлылар, үйсіндер, жалаирлар, керейлер, наймандар.

С.Е. Маловтың бақылауынша, Уюк-Тарлақ құлпы тасының жазуын бірталай диалектикалық өзгешелік бар. Соның бірі «Алты бағ будың». Бұл қазақ шежіресінде «алты ата», «алты-алаш», «алты сан ұлыс» болып сақталған. Шежіреде айтылғаны: «Бір атадан алты ру ел болып алты сан алаш атанған» («Насаб Наме-и Қазақ», Мендегі ескі қолжазба). Ескі түріктерде «алты ... тарихы» болғанын қытай анналдарында да айтылады (француз аудармасы).

Алас (Алаш) сөзін бірінші рет қолданған ескі үйсіндер. Жуандар ... ғасырда Жетісуға шабуыл жасағанда, үйсіндер көп тайпаны қосып «Алаш» деген бір қауым тұрады. Бұл сөзді Қытай иероглифымен жазғанда о... үйсін екені көрінбейді



(Н.В. Кюнер, Китайские известия, стр. 95). Үйсіндердің «алас» деп атау Қара-Қытай (Ляо) заманында да (XII ғ.) айтылады. Демек, Уюқ-Тарлақ құлпы тасында «алты бағ будың» (алты ұлыс) жазылуы, онда үйсіндердің ескі тамғасын түсіруі – оны үйсіндердің екенін көрсетеді.

Бір өзгеше құлпытастас Абақан өзенінде бойынан Ачурадан табылған Орхон жазуы. Ол жазудың мазмұны бір ғана найман елінің тарихын суреттеген. Онда айтылғаны:

Ел өгесі Инанч – білге – (Бұқа хан),

Оғлы аты Куч – Оре оғлан.

Ер атыныз Оре бег

Еліңіз учун қызғану...

ағыға тегміш су теңі, еті бің оғлан ерті

(С.Е. Малов, 48,49).

Рашид-ад-диннің баяндауынша Инанч – білге монгол дәуірінің алдында наймандарды басқарған Ұлы Хан. Оның балалары Тайан Хан, Бұйрық Хан, немересі Күшілік Хан. (Рашид-ад-дин, I, 1,137-139). Найманның халық аныздары бойынша Инанч-Білге ханның ұлы Күшілік жойқын күшті, ұлы алып ер болған. Өзінің күштілігінен ол шайтанның өзін ұстап алышп, оның сүтінен қымыз ашытқан (Рашид-ад-дин, 1, 2, стр.112).

Орхон жазуын көп қолданған елдің бірі қыпшақтар, VIII ғасырда қиып түсірген Мойын-Шор тасындағы Орхон жазуы бойынша Қыпшақтар оғыздармен қатар түрік қaganатын елу жылдай басқарып отырған.

«Қыпшақ елін ыл олұрмыс түрік еліне»  
(Мойын Шор).

Алтай, Жонғар даласында, Енесейде жоғарыда көрсеткендей, Орхон жазуы бар құлпы тастар көбінене керей мен оңгіттердікі Монгол дәуірінде бұлар және наймандар тегіс несториан дінін қабыл еткен елдер. Бұл әсіресе олардың крес тамғасынан ашық қөрінеді. Сондай крес тамғасы бар құлпы тастың бірі Уюк-Архан өзені бойында тұрган құлпы-тас. Оның бас жағында бұғының, қабанның суретін түсірген. Тастағы орхон жазуы «Марымы шадымыз». «Мар» несториан дінін үгіттейтін ұстаз, балаларды оқытқан Шад ел басқарушы (Малов, 14). Керейлерден қалған орхон жазуы бар болған құлпы-тас Уюк-Туран өзенінің бойында тұр. Басына қабанның суретін түсірген. Жазудың сөзі: «латын ілгек кісені білімке бұғындық». Тастың екінші жақ үстінде керей мен оңгіттердің қолданатын крес тамғасы тұр. Бұл таңба қазақ уақ пен керейлерінде осы күнге дейін сақталған (Малов, 16-17). Мұндай крес тамғасы бар құлпы – тастар Енесей даласында өте көп (Киселев, ВДИ, 1939, №3, 8, 131, Малов 97). Бұл мәселені тереңнен қарап, әрбір тайпаның өзі жазып қалдырыған жазуларын, оның мәдениетке келтірген үлесін айтып шығу бір ұлы мәселе.

Дайындаған – Дәнел Әлкей қызы Марғұлан.

ТАМҒАЛЫ ТАС СЫРЫ<sup>9</sup>

*(Орта гасырда тасқа жазылған қазақша  
таңба, ұрандар)*

Қазақстан сахрасындағы мәдениеттің бір жарқын түрі тарихи дәуірлерде осы араны қоныстап келген тайпалардың тас бетіне жазып қалдырған белгіліері. Оларды қазактар «тамғалы тас» деп атаған, Қазақстанның байтақ өлкесінде төрт түрлі жазудың үлгісі сақталған. Ескі ғұн, үйсіндер пайдаланған руна жазуы, Шығыс Түркістанда ойғырлар пайдаланған арамей жазуы (Жұбан-Ана, Батағай), араб жазулары (Айша-бібі, Бабаша-Хатын, Болғанана, Кеккесене, тағы басқалары). Бұл тасқа не мавзолейдің қабыргасына жазып қалдырған тарихи сөздер қазақ мәдениетінің орта гасырдағы бір жойқын белгісі. «Қазақта жазу болмаған, шикі тағы ел» деп айтушылардың сөзін теріске шығаратын жарқын, ашық белгілер. Осындай мындаған тасқа жазылған қазақ сөздерін біріктіріп, жеке бір кітап шығарса, қазақты білмейтіндер өзінен өзі таң қалып жүрер елі. Бұл саяси мәдени тіршілікті жарқын түрде суреттейтін араб харпы мен тасқа жазылған сөздер Бетпақдала сахрасындағы XI ғасырдан XIX ғасырға дейін кездесіп отырады. Мұндай жойқын жазудың жазудың түрған жерін қазақтар ерте заманнан бері қараайды «Тамғалы тас», «Тамғалы жер» деп атайды. Ол Бетпақ даланың ортасын қия кесіп, ұзыннан созылған шың-жартас, Сарысу өзенінен 20 километрдей жоғарырақ тұрады. Тамғалы жер биік шыңдың іргесінде жоғары шалқып тұратын

<sup>9</sup> Э.Х. Марғұлан Тамғалы тас сыры. – Қазақ тарихы, 1993 ж. № 2.

құмайт тастар; ол өте жұмсақ болғандықтан әдемі жазуға да өте қолайлыш болған. Өте ескі дәуірден келе жатқан «Тамғалы тас» жазуы көп ғасырлар ішінде Қазақстан өлкесін қоныстанған тайпалардың тасқа жазып түсірген мындаған таңбалары ел басқарушылардың қол қойған аттары, ұрандар, тасқа қызып түсірген әдемі өрнектер, «қошқар мүйіз», «түйе табан», «кісінің ізі», «аттың ізі», тағы басқалар. Мұндай көп таңбалар қазақ өрнегінің үлгілері Сырдария бойындағы қалаларды қазғанда көзе сауыттарда жиі кездесіп отырады. Таста ең әдемі сақталған – XIV-XV ғасырлардағы қазақтардың араб харпымен жазған сөздері. Бұл тасқа жазудың ерекше көрінуі сонша қазақтар әрқашан бас иіп, басшы адамдары таңбасын түсіріп, аттарын жазып жүрген. «Тамғалы тастың» ұлы атаққа ие болуы бұл жерде қазақтар ұлы мереке жасап, ұран шқырып, бір ел болып қосылған жері дейді. Сондықтан бұл тасты көп ғалымдар «тарихтың зор күәлігі» деп атаған (А. Шренк).


Көп ғалымдардың зерттеуінше мұндай қия тасқа түсірген ғажап таңбалардың тарихи мағынасы орасан зор (Киселев, 1951, 606-610). Ол таңбалар «находят себе параллель в соответственных знаках Орхено-Енисейского алфавита» (Бартольд, т. V, 581). Әдемі суретті тамғалар тарихи дәуірде жасаған тайпалардың барлығында болған. Олардың аттың санына түсірген тамғалары қытай тарихында жазылышп қалған (Bang gabain Rachmati Turkis che Turfantxte) (IV, 1934, 97; Зуев, Тамги лошадей из вассальных княжеств, 1960).

Тастағы жазудың тарихын, мәдениет елесін ангаруды қызық еткен ғалымдар XIX ғасырдың кырқыншы жылдарынан бері қарай Тамгалы тас шынына келе бастады. Оны ең бірінші рет келіп көрген Фылым академиясының атақты профессоры А.И. Шренк. Ол Қызылжардан Есіл өзенін өрлең Ұлытауға келеді, жөнекей Жезді, Кенгір өзенін жағалап, Шу өзенінің аяғына дейін жетеді. Көп уақытын архитектура белгілерін зерттеуге арнайды (Басқамыр, Аяққамыр, Болған-ана, Талмас-ата, Айт-булат, т.б.). Сарысудан Бетпақдала өлкесіне өтіп Тамгалы тасты көріп, қуанышқа батады, оның көп жазуларын, таңбаларын қағаз бетіне түсірді (архив АН СССР. ф. 317, оп.1, д.7. Дневник записи. Тамгалы-жар, стр.268, 269). Бетпақдаланы жақсылап зерттеген атақты инженер Ю. Шмидтің бақылауынша «Тамгалы тас қазақтардың жан тәнімен ардақтайтын бір киелі тас. Сарысу бойындағы Қызылжыңғыл орманына қарсы тұрады» (Ю. Шмидт. Очерки киргизской степи. 1894, стр. 59). Мұндай жарқын сөзді Тамгалы тас туралы А.Н. Седельников, тағы бақа географтар да айтқан (Россия, т. XVIII). Бұл жазуды көбінен терең зерттеген Ақмола қаласының әскери дәрігері Л.И. Кузнецов пен Атбасар уезінің тілмәші Х. Бекхожин. Бұлар тастағы араб харпымен жазған жазуларды, қанша көп таңбаларды суретке түсіріп, кейін совет дәуірінде баспадан шығарады (О надписи на камне Тамгалы тас в пустыне Бетпак дала в Атбасарском уезде Акмолинской губернии. Записки Семиплатинского отдела РГО, Вып. XVI, 1927).

Совет дәуірінде Тамғалы тасты әдейі іздел барып зерттеген ғалымдар Қ.И. Сәтпаев (1928), географ-ботаник В.А. Селеван, Ә.Х. Марғұлан.

В.А. Селеван бұл тасқа өте қызығып, оның бір фотосын өзінің еңбегінде басып шығарады (результаты Бетпакдалинской экспедиции САГУ. Таңкент. 1935, стр. 30).

Тамғалы тас жазуына ерте кезде толық мән берген ғалым А.И. Шренк. Ол кісі бұл жазудың тарихи мотивін айыру үшін қазақ қариялары айтып келген көп әңгімелерді жазып алғып отырған (Архив АН СССР. ф. 317, оп. 1, д. 7. Тамғалы-жар, стр. 268-289). Қазақтардың қария сөзі бойынша дейді ғалым, іслем дәуірі басталатын кезде бұл жердің көп тайпалары осы арада бас қосып, ұлы мереке жасаған. Барлық тайпалардың ұлыс басқаратын адамдары, атақты билері, асқан ерлері жинальп, кенес құрып, қай тайпа қай жерді қоныс етуді шешкен. Әрбір тайпаның өзіне арнап таңба беріп, ол таңбаның суретін осы тасқа жазып түсірген. Тамғалы тас жазуларының мазмұны «Оғыз намеде» айтылатын қария сөзге өте ұқсас. Оғыз әкімшілік құрғанда үлкен (бұл таста «топ», «кеңес», немесе «жыын» деген сөз түсіп қалған сияқты – ред.) жасап, барлық тайпалардың басын қосып, оларға белгілі қыстау, жайлау бөліп береді. Әрбір тайпаға меншікті таратады. Қазақтың «үш жүзіне» негіз болған осы «үш оқ» елі, қазақтың қария сөзі бойынша біздің түпкі атамыз уыздардан (оғыздардан) тарайды. Олар әрі көшпелі, әрі қалада отыратын ел болған. Олардың бір ұлысы «үш оқ». Олардың ел басқарушыларынан



тариҳқа аты іныққандары Алаша хан, Қотан би, Майқы би (Г.Н. Потанин, Қазақ-киргизские и алтайские предания и легенды, стр. 54). Осындай бір қария сөзді қазақ халқы «Жиренше шешен» кітабында келтіреді. Абулгазының барлауынша Жиренше шешен VIII-X ғасырларда Сыр бойын мекендереген оғыз қыпшақтар ортасынан шыққан ойшыл ғалым. Оның істеген көпшілік ісі де айта қалғандай жарқын. Ол әрбір тайпаны белгілі аймаққа берік орналастырып, қыс қыстайтын, жаз жайлайтын өлкелер анықтайды, өздеріне таңба бөліп береді. Суармалы егін салу үшін өзен бойларын тәртіпке түсіреді (Жиренше шешен жер шолу). Тамғалы тастағы көп таңбалардың мәні осында. Қазақтардың қария сөзі бойынша, біз бұл тамғалы тастан Сібірдегі қия тасқа түсірілген жазу үлгілері сияқты белгілерді табуға үміттендік, ол үмітіміз босқа кетпеді. Ғалым Орхон жазуына үқсас алфавиттен бірнешеуін түсіріп алады. Олардың ішінде А.И. Шренкке еріп жүрген қазақтардың айтуынша Тамғалы тастағы жазуларды анықтайтын араб харпымен жазылған қазақша түсіндірмелер бар (21 август, стр. 368). Тастың жоғарғы тәбесінен төменгі етегіне дейін адам қолымен қып түсірген көптеген жазулар, таңбалармен толған. Әсіресе жалпақ қия тастың онтүстік беті тегісімен жазумен, таңбамен толған. Ол қия тастың барлық бетіне А.И. Шренк қағазды жайып қойып, бірте-бірте суретін түсіре берген (Архив, неміс тілінде).

Тұыстас тілдер тармағы  
(профессор Н.А. Басқаков түзген  
классификация бойынша)


Мындаған жылдарды қамтитын түркі тілдерінің тарихын шартты түрде мынадай кезең, дәуірлерге бөлуге болады:

**1. Алтай дәуірі.** Бұл қадым заманда түркі және монгол тілдері бір негізден бөлініп шықты. Көптеген ғалымдар осы кезеңде оған қосымша тұңғыс-маньчжур, тіpten корей және жапон тілдерін өзара тұыстас санап, оларды «алтай тілдері» деп атайды.

**2. Ғұн дәуірі (V ғасырға дейін).** Орталық Азиядан Рим империясының шекарасына дейінгі ұлан-байтақ территорияны қоныс еткен түркі ұлыстары мен тайпалары осы кезеңдің ақырына қарай екіге – батыс ғұн (қыпшақ, оғыз, қарлұқ бұтақтары) және шығыс ғұн (аралық бұтақ) тілдері болып ажырай бастады.

**3. Қөне түркі дәуірі (VI – IX ғғ.).** Түркі ұлыстарының батысында (Европада) – хазар мен бұлғар; орталықта – қыпшақ, оғыз, қарлұқ; шығысында – көк түрік, ұйғыр және қырғыз тілдес тайпалар бірлесті. Қөне түркі жазбасы (орхон-енисей, қөне ұйғыр) кең таралды.

**4. Орта түркі дәуірі (IX – XV ғғ.).** Қазіргі түркі тілдерінің негізі қаланды. Қыпшақ бұтағы – қыпшақ-ноғай (кейіннен қазақ, ноғай, қарақалпақ тілдері мен өзбек тілінің қыпшақ диалектісінде сәйлеушілердің тіліне негіз болған), батыс қыпшақ (қарайым, құмық, т.б.), қыпшақ-бұлғар (татар, башқұрт) топтарына; оғыз бұтағы – оғыз-селжук (түрік, әзіrbайжан



т.б.), оғыз-бұлғар т.с.с. топтарға жіктелді.

**5. Жана түркі дәуірі (XV – XIX ғғ.).** Барлық түркі тілдері жеке-жеке отау тігіп, бөлініп шықты. Көптеген жазба әдеби тілдер қалыптаса бастады.



Тамғалы тас сыры<sup>10</sup>


(Орта гасырда тасқа жазылған қазақша  
таңба, ұрандар)

Зерттеген ғалымдардың байқауынша мұндағы топталған таңбалар бір замандікі емес, талай ғасырлар ішінде түсірілген. Қазақ қарияларының айтуынша олардың көбі қазақ ұлысы болмай тұрған кезде түсірілген.

Х. Бекхожин көшірген тамғалардың ең ескісі түрік қағанаты дәуіріндегі тамғалар, кият ұлысы – қыпшақ, оғыз, қоңырат тайпаларының таңбалары (төбе тамға Жұбан ана, Жошы хан күмбезіндегі кірпіштерде кездеседі). Ай тамға ескі қаңлы елінде сақталған, басқа тас жазуларда. Ескі ергенек тамға (найман тайпасының тамғасы) кездеседі. Оның варианты босаға (қоңырат), ергенек (ергенекті найман). Түрік қағанаты кезіндегі ел басқарушылар таңбасы. Монғолиядағы Онгін тасындағы Орхон жазуының бас кезіне осы тәрізді тамға түсірілген. (W. Baloft. Die altturkischen cler Mongoli. New Falge. СПб. 1897, 246-252 беттер; С.Е. Малов. Памятники древне-турецкой письменности Монголии и Киргизии. 9-бет, 1-сурет). Кейін бұл таңбаға барлық сұлтандар ие болады; Қанжар тамға, қыльыш тамға – ғұн мен түрік кезіндегі тамғалар, кейін қазақтарға ауысқан.

Ескі таңбалардың ең көбі оғыз тайпаларының таңбасы. Махмуд Қашқари мен Абулғазы суреттерін салыстырып көргенде, олардың жазуларына дәл келетін таңба Баят ұлысынікі, Салар

<sup>10</sup> Ә.Х. Марғұлан Тамғалы тас сыры. – Қазақ тарихы, 1993 ж. № 2.




қазан таңбасы (Қашқариде – үстін қабырғасына қойған, қазақтың адай таңбасына жақын). Бұл таңба Талас өзенінің бойында, Енисейде тасқа жазылып қалған (С.Е. Малов. Памятники Монголии и Киргизии, 65-бет, 14-сурет; Его же Енисейская писменность, 102-бет, 22-сурет). Кете-оғыз таңбасы кейін кіші кетелерінде, керей, уақтарда сакталды. Шәуілдір таңбасы ай (Абулғазыда)<sup>11</sup> Жебеней (Жеменей) таңбасы Зайсан, өр Алтайды қоныстанған ел таңбасы ашамайлы керейлерге өте жуық. Қайы елінің – жайтаңба, бүкдіз елінің таңбасы (тізе тұқ), (Махмуд Қашқариде қаңды елінің таңбасы – күн (ай), абақ керейлер таңбасы, өнгін жазуында шекті таңбасы 21-сурет).

Орта ғасырдағы қазақ таңбаларынан жиі кездесетіні – үйсін таңба. Ол Енисей бойындағы Уйық, Тарлақ мұсін тасындағы тамғамен бірдей (Караныз: С.Е. Малов. Енисейская писменность, 13-бет, 1-сурет), қыпшақ таңба, арғын таңба – «көз». Бұл Монголия жазуларында сакталған (Караныз: С.Е. Малов. 21-сурет), қоңырат таңба – босаға (ергенек көзінің босағасы), арғын, қарпық тамғасы «көзілдірік» (Шренк), найман таңбасы – «бағана» (Монголия жазуларында Малов 21-сурет). Бұл таңбаларды фотоға жарқын түсіруге ұмтылған. В.А. Селеванмен біздің экспедиция еді. Бірақ жазу бүтіндей өшуге айналған, оның үстінен тағы жазулар түсіргендіктен жазудың тарихи маңызы азая бастаған (Труды САГУ. География. Вып. 3-фото).

<sup>11</sup> Мақалада автордың транскрипциясы (мысалы, Абулғазы, Құйырчик, т.б.) өзгертілемей толық сакталды.

Ел басқарған адамдардан Тамғалы тастың жалпақ тасында тарихи адамдардың аты жазылып қалғандары – қыпшақ ұлысын басқарған Орус хан, оның баласы Құйырчик, оның баласы Барақ хан. Бұл бірінші қазақ хандары әз-Жәнібек пен Керейдің әкесі Қадырғали Жалаиридың суреттеуінше қазақ хандығы XI ғасырдың ортасында Орыс ханнан Әз-Жәнібекке дейін төрт ата өткен (Валиханов I, 153). Жалаири ол заманғы қазақ тарихын жақсы білгендіктен оның әскери құрылышын да ашық түрде айттып берген. «Орыс хан әскерін оң қол, сол қолға бөліп ұстады. Ең ұлысы алаш мыңы бір қауым, үш сан болып құрылды, екіншісі қаңлы қауымы екі сан болып құрылды. Олардың ортасында атакты билер, ел басқарушылар көп еді. Алаш мыңы ортасында ең ұлысы тарақ таңбалы жалайыр болды» (Валиханов I, 157).

Тамғалы тастағы ескі уақыттан сақталып келе жатқан көп тайпалардың таңбаларын, ғажайып қымбат жазуларын жарқын түрде жазып алған Александр Шренк пен Х. Бекхожин. Олардың кезінде бұл тас жазуға ешкім тимеген, олар өзінің ғасырлар бойындағы тарихи бейнесін ашық түрде сақтап келген. Бүгінде олар әбден тозып, жел үріп, жаңбыр шайып, адамның қолымен бұзыла бастаған. Соған орай бізге ең қымбатты материалдар А.И. Шренк пен Х. Бекхожиннің жарқын көшірмелері, Бекхожин қазақ халқы шежіре қылыш айтатын жазуларды, жыр мен аңыздарды көркем тілмен айтатын қария сөздерді жүйрік білген. «Тамғалы тас барлық қазақ халқының бас қосып, үран



шақырған жері» екенін есінен шығармаған. Осыған орай бұрыннан көріп жүрген ғажайып тасты жаңадан тауып, онда қазақ тілімен XIV – XV ғасырларда тасқа жазылған ұран сөзін Л. Кузнецовпен бірлесіп көшіріп алады. Таста араб харпінде жазылған сөз мынадай: «қышшақ, найман, алшын, арғын, қаракесек, үйсін, табын, илахи кар рәсиге һамиша хайа раҳмет қыл сен алтауын», екінші түрде айтқанда: «о ием, үмітіңе жету үшін осы алтауына раҳметінді бере көр».

Бұл тас бетіне бірінші рет жазылған қазақ сөзі кейінгі заманға дейін сақталып келген. Оны бұрынғы болған түрінде бірінші рет қағазға түсіріп, баспадан шығарушы Л.И. Кузнецова, аудармашы Х. Бекхожин (Записки Семипалатинского отдела русского географического общества. Вып. XVI, 1927). Бұл XIV – XV ғасырлар ішінде жазылған тілек сөзді қазақтар әр уақыт оқып шығып «бұл жер қазақтардың бірігіп, ұран шақырып қосылған жері» деп аңызға айналдырған. Ол аңыз халықтың ойында да, эпикалық жырында да кездесіп отырады. Бұл аңыздың негізгі түбі Алтын Олрда мен Шагатай ұлысы тегісімен жойылып, оған кірген халықтар жеке-жеке әкімшілік құра бастаған кез. Ең соңғы бөлініс – қазақ пен өзбектердің, ногайлардың бірінен бірі бөлініп шығуы. Бұл кез қыпшак ұлысын, өзбек-қазақ елдерін бірге қосып билеп отырған Абулхаир ханның кезі еді (1468 ж.).

Мухаммед-Хайдар Дулатидің қазақ тарихын бірінші рет жарқын түрде суреттеуінше Абулхайыр XV ғасырдың орта кезінде Дешті-Қыпشاқты тұтасымен билеп тұрды. Бірақ

оның әкімшілік ісі Жошы ұлысынан қалған елдерге, оның сұлтандарына ұнамады, халық жүдеушілікке түсті. Оның ақша шығарып мемменшілік құрган астанасы Ұлытау жерінде Орыс хан жасаған Орда-базар қаласы, бүгінде сақталған орыны Арғанаты тауының ішінде. Сырдария мен осы араның арасын мекендерген тайпалар үйсін, қаңлы, қыпшақ, алшын, арғын, керей, найман, қоңырат, жалайыр тағы басқа тайпалар. Абулхайр бұл кезде Сарыарқаны билеуге де күш салып, Темір ұрпактарынан тартып алуды мәселе етіп қояды. Хан тым мемменшілік жасап елді тықсыра берген соң қазақтың бір ақыны қолына қобызын алып Абулхайдың алдына кіріп барады. Бірақ қобыздың үні ханның көніліне тамбурдың дауысындай естіле қоймайды. Сонда ақынның айтқаны:

*Тақсырау-ау, ұнатсаңыз қарашибыңын  
Ұнатпасаң жәй жүрген алашибыңын.  
Жолым ақ, қолым таза, ісім ару,  
Бөтение бола аламын қалайша мен?*  
(Ескі жазу: «Нәсан Намәи қазак»).

Алтын Орда мен Шагатай ұлысынан қалған елді ол кезде «өзбек-қазақ» деп ататын. Оған маңғыттар да кіретін (Мұхаммед-Хайдар). Соғыс кезінде қазақтар өзбекті еш уақытта атып өлтірмеген, «өзбек өз ағам» деп айтатын. Абулхайр оларды 20 жылдай біріктіріп биледі. Бірақ ханның меммендік ісі олардың жанына тиіп, қинай береді. Жоғарғы таста жазу қалдырған тайпалар Абулхайрға бағынбай, толқын шығара берді. Олардың бір бөлігі Жәнібек, Керей, Асан



ата бастаған елге қосылып, Жетісуды мекендең отырған дулаттар (монгол) ортасына барып бірлесті. Дулаттарды басқарып отырған Шағатай ұрпағынан Есенбұқа деген хан еді, ол Абулхайрдан ауып келген өзбек-қазактарды өте құрметпен қарсы алып, оларға Шу өзенінің бойын, Қозыбасы тауларын (Құлжабасы, Хан тауы) иемденуге береді. Жәнібек Баракұлы, Керей Болатұлы Темірмен өштесетін Орыс ханның не мерелері. Олар Хан тауының ішінен үлкен сарай, ат байлайтын биік қоралар алдырған. Олардың орны осы күнге дейін сақталып жеткен.


1468 жылы Абулхайр өлген соң, қазақ ұлысы күшейіп, Дешті-Қыпшақтың барлық елі Жәнібек пен Керейге қосылады. Олар Шудан қайта Сыр бойына келіп, Сығанақ қаласына орналасады. Осы арада қазақ өзбектен бөлініп, тек «қазақбіз» деп аталады (Мұхаммед Хайдар, «Тарих Рашиди», Институт востоковедения АН УзбССР. ф. 1490, лл. 173 б-174а).

## ОРАЗМАМБЕТ КИТАПХАНАСЫ<sup>12</sup>

Оразмамбет (Оразмұхаммет) қазақ сұлтандары арасынан шықкан, көп оқыған, көпті көрген, қазакша, түркіше, орысша жақсы сөйлейтін білімпаз, жүйрік кісі болған. Ол өзінің, өмірін, кеменгерлік ісін, баржігерін, ойын, әдісін сол кезде белес алған уақиға – «бұлғақ толқынына» (смутное время) жұмысайды. Ол қазақ мәдениетінен, тарихынан да көп күрдеді дуниелер қалдырған. Әсіресс XV–XVI ғасырлардагы қазақ халқының жазба мәдениетінің үлгілерін жаркын суреттейтін, оның білім көзінің бірі – Оразмамбеттің ғажайып кітапханасы болған. Ол кітапхана Оразмамбеттің Мәскеуге баруымен байланысты XVI ғасырдың соңғы кезінде (1588–1603) жиналған. Қазақ тіліндегі Орта ғасырлық кітаптарды, қолжазбаларды, Қазақстандағы туысқандарынан келген көптеген хаттарды Оразмамбет, қазақ әдеті бойынша, өзінің күміс сандығында ұстап, көзінің қарашығындей сақтап келген. Әшекейлеп қапталған сандықтағы күмістің салмағы 71 мысқал (300 грамм) тартатын. Бұл сандықтың ішіне біргелай кітап сыйтын болған.

Оразмамбет қайтыс болған соң, осы күміс жәшікке белгілі нөмір тағыльш («Серебряный ящик с книгами и списками на казахском языке» № 38), патша мұрагатына тапсырылады да, XVII–XVIII ғасырларда осында сақталады («Акты, собранные в библиотеках и архивах Российской империи» т. I. Спб. 1836, стр. 333, 339).

<sup>12</sup>Ә.Х. Марғұлан Оразмамбет кітапханасы. Кітапта: Ә. Марғұлан, Қ. Сәтбаев - Обаған (мақалалар) – Алматы, “Рауан”, -1996.



Россияда ғылым академиясы құрылғаннан кейін, 1736 жылы үкімет бұл күміс жәшікті ғылым академиясына сыйға тартып, кейін Азия мұражайында сақталып келген. Бұл кіші жұз қазақтарының Россияға қосылып, Россия елшілері – Мамет Тевекеловтің, И. И. Кириловтың, И. В. Татищевтің Орынбор қазақтарының ортасында істеген кезі еді. Оразмамбеттің жәшігін таба алмаған кейбір ғалымдардың пікірінше, бұл кітапхана Наполеон соғысы кезінде жаңып кеткен деп анықталған-ды. Бұл, әрине, дұрыс айтылған пікір емес. Отан соғысында академияның қазыналары – Ломоносовтың шығармалары тегіс қалды емес пе? Наполеон әскерлерінің Петербургке бармағаны да тарихтан мәлім. Оразмамбет кітапханасының 1840 жылға дейін сақталып келуінің өзі осы пікірді теріске шығарып отыр.

1822 жылы Азия мұражайы құрылған кезде жәшікті бірінші рет ашып, оны толық суреттеген – академик С. М. Френ. Жәшікті кейінірек зерттеген В. Дорнның жазуынша, ондаған ең бағалы материалдың бірі – қазақ тілінде Оразмамбет жазған қазақ хандарының шежіресі еken. Патша мұрағатының дерегі бойынша, Оразмамбеттің кітапханасы ең алғаш 1575 – 1584 жылдары жиыла бастаған. Онда сақталып келгендер – қазақша кітаптар, қолжазбалар («Книги и списки (поэм) казахские при Касыме царе»). Бұл жәшікті толық зерттеген ғалымдардың бірі – В. В. Вельяминов-Зернов. Ол кісінің анықтауынша, мұндағы жазбалардың көпишлілігі «Қасым ханның қасқа жолы» кезінде

(1480–1523) жиналған (В. В. Вельяминов-Зернов. «Исследование о Касымовских царях и царевичах». ЗВО, ч.х. Спб. 1864, стр. 111 – 112). Бір өкініштісі, Азия мұражайына түскен бұл жәшік өткен ғасырда жоғалып, оның ішінде сақталып келген қазақ жазбалары мен кітаптары түгелімен дәстүрлі «татар тіліндегі» жазуларға алмасқан. Жәшіктегі қандай кітап болғанын Шығысты зерттеу институтында істейтін тюркологтардың ешқайсысы енді айтып бере алмайды. Алайда Френның жазуымен салыстырып, бұл мәселенің анығын ашудың, әсіресе, XVI ғасырдағы қазак жазуы, тілі мен әдебиетінің тарихын зерттеу үшін зор маңызы бар.

Оразмамбет кітапханасын жақсылап талдау үшін, ең алдымен, оның өзінің кім екені туралы бір-екі сез айту керек...

Ораз – XVI ғасырда қазақ қауымына көп еңбек сінірген әскербасы, сұлтанның туқымы, сол кездегі қазақ ханы Тәуекелдің немере інісі. Әкесі ІШығыс Түркістанда, қытайға қарсы соғыста, қаза тапқандықтан, жас бала Тәуекелдің қолында тәрбие алады. Түркістан, Сауран, Таңкент қалаларында оқып, тәп-тәуір білім алыш шығады. Ораздың қасында кеңес беретін кеменгер ғалым Қадыргали Жалайыри бірге болады. Ғалым өз кітабында Ораздың болашағына үлкен мән береді. «Бұл тауарихта – дейді ол, – Оразмұхаметке хан хазретлерінің ата-анасынан құллышқ қыла келген Жалайыри тарақ тамғалы ерді». Демек, Қадыргали Жалайыри және оның ата-бабалары көп заманнан бері дәулетті ақсүйек балаларының тәрбиешісі болғаны, бала оқытуға,

адам тәрбиелеуге көп көңіл бөлген кісілер екені байқалады. Мұны орыс ғалымдары да жеткізе дәлелдеген. Бұдан Жалайыридың өз заманында мұсылманиша оқыған аса сауатты адам болғанын көреміз («Библиотека восточных историков». Сборник летописей с русским предисловием. Издание И.Н. Березина. т. II, ч. I. Казань, 1834, стр. 6; Березин И. Татарский летописец, «Москвитинник», 1851, № 24)

Қадырғали Жалайыридің тәрбиесіндегі Оразмамбет өте зерек, өткір болыш өседі. Сыр бойындағы қала мәдениетін (Түркістан, Сауран, Отырар, Сығынақ, Ташкент) жақсы менгеріп, үйренеді. Бұл қалаларды оның ағасы Тәуекел билейтін еді. Тәуекел осы қалаларды көркейтуге, Сауран қаласына биік мұнара тұрғызуға, мешіт, медрессе салуға көп еңбек сінірген. Ол кісінің өзіне арналған хан сарайы, мешіті, топтаған күмбездері болған. Оразмамбет ғылдарды көріп өскен. Інісінен жетім қалған жас баланы ағасы әлпештеп, білімге, өнерге, құс салуға үйретеді. Ол кезде жаз айында ел Сырдан Арқаға көшіп, Есіл, Ертіс, Тобыл өзендерінің бойына дейін жайлап қайтатын. Бала Оразмамбет Есіл, Ертіс, Тобыл өзендерінің бойын ұнатып, сұңқар салумен әуестенген. Ол жерлерді көбінесе керейлер Шынғыс заманынан кейін қоныс етіп қалғанды. Керей Тұғрыл ханның ұрпағы Сейіт бараба тайпалары мен керейлерді билейтін әйгілі бек еді. Оразмамбет осы бектің қарамағында болыш, уақытын саят құрумен, құс салумен өткізеді.

Бір күні Оразмамбет ұшқан сұңқарының сонынан еліктеп, Тобыл қаласына таяу барып

калады. Кенет олардың алдынан Тобылды басқаратын әскербасы Чулков шығып, Оразды, оның ұстазы Қадыргалиды және Сейітті ұстап, сол бетімен Мәскеуге жібереді (Карамзин Н.М. «История государства Российского», т. X. стр. 16, 114). Мәскеуде Оразмамбетті үлкен күрметпен қарсы алып, сый тартып, өзіне жеке үй беріп, қадірлі орындарға отырғызады. Тойда, мерекеде, жиылыста Федор патша оны өз қасына отырғызып, жібектей аялайды. Қазақстаннан, Орта Азиядан барған елшілер Федор Иванович кезінде көп болған, олар туралы мағлұмат «Иранмен дипломаттық сауда қатынасы» деген жинақта жиі кездеседі (1890). Мұнда: «Қазак сұлтаны Оразмамбет бұрын Сібірде тұрушы еді, кейін ол сұлтан Сейіт мырзамен бірге ұлы патшаның қолына келді. Бүгінде Мәскеуде тұрады, екеуі де патшага қызмет атқарады» (119-бет), – деп жазылған.

Алғыр ойлы Оразмамбет орыстардың тұрмыс-дәстүрін тез түсінеді. Он жылдың ішінде оның таным алғаны сонша, орыс мемлекетінің бір қайраткеріне айналады.

Ол кездегі үлкен оқиғаның бірі – Швед мемлекетінің Балтық жағалауындағы елдерге шабуылы еді. Патша Федор Иванович осы жорыққа аттанғанда Оразмамбетті өзінің қайратты, білгір әскер басы етіп алады. Сейтіп, ол Балтық теңізінің маңында болған жорықтардың көбіне тікелей қатынасады.

Қадыргали Жалайыридің жазуынша, Борис Годунов патшалыққа отырған соң 1598 жылы Оразмамбетті Қасым қаласының ханы етіп

көтереді. Білімпаз жас сұлтан өзінің бар өнерін, күш-жігерін осы қаланы көркейтуге жұмсайды. Ол үшін Сыр бойындағы сәulet өнерін ұлгі етіп алған еді. Ең алдымен хан сарайын тұрғызып, оны үлкен кеңес үйіне айналдырған. Сарайдың ішін, сыртын тегіс арабша жазумен өрнектеген. Әсіреке, кіретін қақпасын, сыртқы келбетін келістіре көркемдеп, әдемі оймышқа бөлеген. Бұл сарайлар осы күнгі Қожа Ахмет Йассауи күмбезіне ұқсас еді. Қасым қаласындағы осындағы әшекейлі үйдің бірі – биік мұнаралы мешіт болған. Оны тұрғызған кірпіштің ұзындығы 13 дюйм. Демек, ол да – Сыр бойынан барған ұлгінің бір белгісі. Хан сарайы XVIII ғасырда бұзылып біткен. Оның күншығыс жағында билердің көк күмбездері болған. Оразмамбеттің өз күмбезі Староспасский мазаратына орналасқан. Бір кездегі сұлу күмбез кейін бұзылып біткен. Мұндай әдемі ұлгімен Оразмамбет салдырған оймыштар, тастар, жазулар Қасым қаласында өте көп болған. Оны атақты ғальмдар П. Паллас, В. В. Вельяминов-Зернов, Хусайн Фаизхановтар зерттеген. В. В. Вельяминов-Зерновтың бұл тастардың ұлгісіне, оның әдемі жазуларына қызыққаны сонша, Хусайн Фаизхановқа кеңес беріп, ұлгілерді жақсылап зерттеуін сұраған (С.Н. Терпигоров, Лакейская столица, «Исторический вестник», т. XXXII, № 4–6, Спб. 1888.)

Зерттеушілердің айтуынша, мұндағы хан сарайы Түркістанда, Сауранда, Сығынақта, Отырада кездесетін сарайларға ұқсайды. Билердің бас қосуына арналған залдары көп болған. Бұл тәртіпті Оразмамбет бабасы Орыс-

ханнан қабылдаған. Қадырғали Жалайыридің сондай-ақ өзге де жа-зуышылардың суреттеуінше, дешті қыпшақта, оның ішінде Орысхан билеген Ақ ордада қауым екіге бөлініп, он қол, сол қол болып басқарылған. Жалайыридің жазуынша, Орысханның ордасына тұлға болған қауымдар – әсіресе, қаңлы елінің бектері, билері (толық екі сан), қауым «алаш мыңы» – аргын, қыпшақ, қоңырат, үйсін, найман (үш сан), қатаған қауымы (өзбекпен аралас) – бәрі де қазірге дейін белгілі рулар. Орысханның ордасында билік айтып, шешіле сөйлейтін атақты билер көбінесе жалайырдан шыққан. Оның ішінде ең жүйрігі Қадырғалидың бабалары Софыбек, Етеулібек болған («Библиотека восточных историков», Издание И. Березина. т. II, ч. I. Казань, 1854, стр. 4).


Ескі жазуларға қарағанда, Оразмамбет Қасым қаласында жалғыз болған жоқ, қырдары тайпалардан көп биді өзінің қасына шакырып, он қол, сол қол тәртібімен билік құрған. Бұл турали Қадырғали ашық жазған. Оның ордасында сол қолын басқарғандар – қыпшақ Ногайбек би, аргын Шишбек би, он қолында – жалайыр Қадырғалибек, Еспай, маңғыт Саманайбек (Бұл да сонда, 14-бет). Оразмамбет өзінің қырмен байланысын ешуақытта ұзбеген. Әсіресе, ағасы Тәуекелмен бірге тығыз байланыста болған. Сыр бойындағы қалаларға көп тараған тарихи, әдебиет, шежіре туралы айтылатын кітаптардың ең сирек кездесетін түрлерін жинап алғып отырған. Сыр бойымен байланысудың мәдениетке үлгі болатын бір келісті түрі – XVI

ғасырдағы қазақтармен араб әріпімен хат жа-зысып тұрганы. Бұл хаттар сол кездің өзінде-ақ қазақтың жазба мәдениеті өзбек, түрікмен, татардікі сияқты бір қалыпқа түскенін көрсетеді.

Қазақтардың араб әріпімен жазған хаттарының ең ескі түрлерінің бірі – XVI ғасырдағы қазақ ханы Тәуекелдің орыс патшасы Федор Ивановичқа жазған үлкен хаты. Бұл хатты Тәуекел 1594 жылы Мәскеуге Құлмағамбет жырау бастаган елшілікпен жіберген. Хаттың негізгі мазмұны 1588 жылы Тобыл өзені бойында құс салып жүргендеге ұстап әкеткен інісінің баласы Оразмұхамметті босатып алу туралы еді. Тәуекелдің хаты – қазақ әдеті бойынша, толғаумен, қариялар келістіре айтатын тақпақ сөзben, мәтел-жырмен қазақ тілінде мәнерлеп жазылған, фәлсафалық мәні бар, терең мағыналы хаттың бірі. Хатты Құлмағамбет жырау өзінің толғауымен патшаның ал-дында өкіп шығады. Бірақ, өкінішті жері, хаттың қазақ тексі бертінде жоғалып кеткен, Вельямин Степанов аударған орысша көшірмесі ғана сақталған (ЦГАДА, ф. 122. 1595. оп. 1. д. 2). Бұл кездегі құнды дүниенің тағы бірі – Оразмамбеттің Тәуекел ханға жазған хаты. Бұл – көркем тілде, қазақша жазылған, терең ойлы, фәлсафалық хат. Қазақ әдебиетінің орта ғасырдағы жазба үлгісінің бірі. Хаттың бастауында былай делінген: «Бір ауыз сөз айтпаған кісіні құдай да сүймейді, ол адамға да керегі жоқ. Сенің анаң Әз-ханым, қарындасың Алтын бике, менің анам, сенің келінің Алтын-ханым, Бақ бике – солардан сансыз сәлем...»

Хаттың қазақ тексті сақталмаған. Тек орында аудармасы бар (Алдыңғы құжатта, 11 – 12=бетте). Бұл хаттан көрінетін шындық Оразмамбет Мәскеуде не Қасым қаласында жалғыз тұрмаған. Әкесі – Ондан сұлтанның бұрынғы үйі түгелімен Тобылдағы қоныстарынан көшіп келген. «Сенің анаң – Әз-ханым, қарындасың Алтын бике, менің анам, сенің келінің Алтынханым, – солардан сәлем» – деуі осының дәлелі. Әз-ханым – атақты Шығай ханың бәйбішесі, Тәуекел мен Ондан сұлтанның шешесі, Алтынбике – сол Әз-ханымның қызы – екеуі де кенже ұлы Онданың қолында болған. Алтынханым – Оразмамбеттің өз шешесі, Онданың бәйбішесі. Демек, Құлмағамбет елші Мәскеуден Сауранға қайтарында Оразмамбеттің үйінде тұратын ұлы ана Әз-ханым, Ондан сұлтанның бәйбішесі – Алтын-ханым, тағы басқалары Сауранда тұратын бауырларына көптеген сый-тарту жібереді. Інісі Есім сұлтанға (кейін «Еңсегей бойлы ер Есім» аталған қазақ ханы) алтын етік, Ибраим, Мансұр, Құдайназар, Махмұд, тағы басқаларға көп тарту жібереді (ЦГАДА, ф. 122, 1595, оп. 1, д. 2. лл. 45–48).

Оразмамбеттің Қасым қаласында өмір сүруіне байланысты мешерлер шығады. Тіл, тұрмыс жағынан ескі мешерлер қазақтарға өте жақын. Кейбір ғалымдар мешер тілі ескі қыпшақ тілінің қалдығы дегенді айтады (В.В. Радлов, Кодекс Куманикус). Тарихи материалдарды салыстырып қарағанда, Қасым қаласында өмір сүрген Оразмамбеттің үй-іші, ұрпақтары, қырдан шақырған билер, бектер тобы, әскери



ұландар – түгелдей өзгеріп, мешерге айналғаны көрінеді. Бірақ олар Сыр бойындағы қалаларда болған мәдениет түрлерін Қасым қаласында да көрсете білген.


Оразмамбеттің Мәскеуде тұруымен байланысты елшілік ісі Россия мен қазақ хандырының арасында күшеге бастайды. 1595 жылы, Құлмағамбет елші Мәскеуден Сауранға қайтарында, елші болып тағайындалған Вельямин Степанов онымен еріп қазақ хандығына келеді. Ол екі ай бойы Сауран қаласында Тәуекелдің сарайында жатып кеңеседі. Тәуекелдің Степановты қалай қарсы алғанын елші былай деп суреттеген: «Тәуекелдің қыскы, жазғы ордасы бөлек. Жазғы ордасы – үлкен алты шатыр, оның сыртында қаладағы ордасы тұр. Хан сарай алдындағы артқы шатырында отыр. Оның қасында Сүтемгеннен басқа ешкім жоқ, ең жақын адамы Ысмайыл батыр екені байқалады» (Алдыңғы құжаттал л. 91–94)

Степанов 1595 жылы Мәскеуге қайтады. Тәуекел онымен бірге Мұрат сұлтан бастаған қазақ елшілігін жіберіп, Оразмамбетке арналған кітап, қолжазбаларын қоса жөнелтеді (Статей-ный список бытности Степанова в Орде 1595–1599 гг.). Бір кемшилігі, Сауранда отырып ел билеген Тәуекел ханның ісін, қаланың тұрмысын, елін, ондағы мәдениетті, сәүлеткерлікті Степанов толық суреттемеген. Мұндай үлгілер Сыр бойы қалаларында XVIII ғасырға дейін сақталып келгені мәлім.

Оразмамбет қазыналарының ішіндегі ең күрделісі әрі құндысы оның күміс жәшікте сақтап келген кітапханасы дедік. Академик

Френнің зерттеуінше, бұл жәшіктегі мына кітаптар, қолжазбалар, шежірелер топталған: «Тарих Түркестан, Мухамед бин Госман» (Архив АН СССР. ф. 778, оп. д. 20, л. 12); Тарих ал-Иамин Женди (Сырдария) (Сонда л. л. 10); «Тарих ал-Чингиз Хафизи Ташкенди» (Сонда л. 13); «Тарих Чингиз хан» (Сонда л. 13); «Дастан нәсіл Чингизхан» (Сонда); «Кисса Чингизхан» (Сонда); «Тарих ал-Жоши молық» («Дешт-і-қыпшақ») (Сонда) л. 13–21); «Фи Баян Дастан Чингизхан» (Сонда); «Фи Баян Дастан Ақсақ Темір» (Сонда); Фи Баян дастан Едіге мырза» (Сонда); «Тоқтамыс», «Темір», «Едіге» (Архив АН СССР – архив Френа, 778, оп. 1, д. 137, л. 1–30).

«Тарих Капраун» деген кітапта мынадай жыр айтылған: «Байлар-байлар бал ішер, орта байлар сыра ішер, қыз алмаған жас жігіт қызды құшып қымыз ішер» (Сонда д. 20). Оразмамбеттің жәшігінде сақталған кітаптардың ішінде «Насапнаме» (Архив Института востоковедения, колл. 321); «Дастан Едіге би» (Сонда. № 590); «Дастан Айсаұлы Ахмет» (Сонда. № 590); «Дастан Ақсақ Темір» (Сонда, № 590); «Сырышы» (Сонда. № 590); «Дастан Қозы Қөрпеш–Баян сұлу» (Сонда. № 1); «Тарихи Рашиди» (Сонда), тағы басқалар. Мұнда «Дастан» деп жазылған кітаптардың аттары тегісімен Қадырғали Жалайырдың жазғаны сияқты, соның стиліне келеді. Мәселен: «Дастан Орысхан», «Дастан Оразмұхаммет», «Дастан Едіге би», «Дастан Темір құтылық хан», «Дастан Шығай хан», тағы басқалар. Оразмамбеттің кітапхана жәшігінен С.М. Френ көптеген қазақ шежірелерін табады,



олардың ішіндегі ең көнелері: «Қиян Домбаул мерген шежіресі» (Архив АН СССР, ф. 778, оп. 1, д. 122, лл. 47–48); «Алаш мыңы» (Сонда. д. 123 л. 57); «Үйсін Майқы-би шежіресі» (Сонда. л. .54–57) «Қыпшақ Курлеут шежіресі» (Сонда); «Қыпшақ Ордаш Кулмұхаммед би» (Сонда. л. 52); «Беденстай Белгітай шежіресі» (Сонда. л. 48–58); «Едіге би шежіресі» (Сонда. лл. 72–72); «Едіге би» (Сонда); «Орақ мамай» (Сонда. лл. 93–95), тағы басқалар. Бұлардың барлығы – XV–XVI ғасырларда (одан бұрын да) қағаз бетіне түскен халықтың әдемі қария сөздері. Кейін оларды Г. Н. Потанин қазақ қарияларынан жаңадан жазып алғып, халыққа таныстырады (Г. Н. Потанин, «Казах-киргизские и алтайские предания легенды и сказки», Живая старина, год XXV, 1917, вып. II–III, стр. 47–52, Чингизнаме, Домбаул, Боденстай–Бельгитай). Оразмамбет кітапханасында сақталған кітаптардың ең бағалысының бірі – өзіне дос болған серігі, әрі атақты биі, көркем тілде қазақша жазған асқан жазушы Қадырғали Жалайыридың шығармасы. Оның кітабы 1598 жылы жазылып біткен, әуелгі аты қандай екені белгісіз, жазудың бас-аяғы жоғалып кеткен. Оны бірінші рет бастырған И.Н. Березин «Рашид-ад-диннің ат-тауарих (шежіре)» үлгісіне қарап бұл шығармаға да «Жамиғ» деп ат берген. Қадырғали бұл кітабын өзінің жақсы көрген досы Оразмамбетке арнаған: «Бұл тарих Оразмұхамметтің ата-анасынан құллық қыла берген Жалайыр тарақ тамғалы ерді, «Шыңғыс-наме» кітабінден фарсы тілінен түркі тіліге үгірді. Қайсын, соңғы заманда

болғандарын, өз ойынан тәсніп қылды». Кітапта Россия патшасы Борис Федоровичке зор алғыс айтады: «Патша хазретлері Борис Федорович – ұлғұ бек ақ хандур. Мемлекеттің күшті иесі. Айналасы алты хан, төңірегі төрт хан бұрышын билеген хан, халқын әділлікмен сұраған хан, жетімлерге рахым қылып, шалғайларды тойдырған хан, жеті ықылымды тегіс алған хан, таҳт Казань, таҳт Хажы-тархан, таҳт Тура, таҳт сарай». Патшаның ұлы мерекесін сол кездегі жыраулардың тілімен толғайды: «Кеше күндіз ғайш уа ғұшрұтқа шырқамыш қылды, ол заман улуг ғазым тойлар қылды, бал арақты хисапсызы құйды, жылқы уа қой, сиыр басияр көп өлтірді».


Қадырғалидың осындай келістіре сөйлеуіне қарағанда ол сол кездегі атақты жазушылардың бірі болған. Бұл кітаптың тілі, мазмұны, оның авторы ерекше болғандықтан, Шоқан оған зор ғылыми мән беріп, қазақ тілінің бірден-бір ескерткіші деп білген. Оның айтуынша, И. Березин бастырған «Шежірелер жинағы», қазактар жөніндегі мағлұматтардың ішіндегі аса маңыздысы, Борис Годунов патшалық құрған кезеңнің сонында жазылған... Онда сахара еліне тән асыра мадақтау да молшылық.

Қадырғали XVII ғасырдың басында Россияда болған бұлғақ туралы бір ауыз сез айтпайды. Ол бұлғаққа Оразмамбет белсене қатысып, өзі Лже-Дмитрийдің қолынан өледі. Оны жазбауына қарағанда Қадырғали XVI ғасырдың сонында қайтыс болған сияқты.

Бірақ оның кітабы сол кездің өзінде көзге

түсө бастаған. Оған алғаш рет көніл аударған – тарихшы Абылғазы. Бұл кісі Қадырғалидың кітабын Есім ханның үйінде қонақ болып Түркістанда жатқанда оқыған болу керек. Есім – Тәуекелдің інісі, Оразмамбеттің ағасы. Мәскеуден қазақ елшілерін алып келген Қадырғалидің кітабы Тәуекелде, Есімде болуы әбден мүмкін. Сондықтан бұл кітапты Абылғазы бір ғана Түркістан қаласында оқыды деп тұжырымдаймыз (Абылгазы, «Родословная тюрков», Румянцевское издание, стр. 22–28). Орта Азияның өзге қалаларында Қадырғалидің кітабы болмаған. Россияда бұл кітапты жақсы білгендер – П.И. Рычков («История Оренбургская». Оренбург, 1896, стр. 70) пен Н.М. Карамзин («История государства Российского», т. X. стр. 123). Олар кітаппен мұқият танысып, керек жерін пайдаланып отырған. Абылғазы оқып шыққан бұл кітаптың көшірмесін, Ибрагим Халфинның Френге жазуынша, 1821 жылы Қазан университетінің кітапханасы сатып алады. Ол кітапты Ибрагим Халфин жақсылап оқып, Абылғазының шежіресімен салыстырып шығады. Сол кітаптың мазмұны және Абылғазының деректерін пайдаланып, «Ахуал Чингиз-хан уа Ақсақ-Темір» деген кітабын жазады. Френ Қадырғалидың бұл екі тізімін де жақсы білген. Бірақ, ол кісінің зерттеуінше, ең жақсы нұсқасы – Оразмамбеттің жәшігінде сақталған Қадырғалидің өз қолымен жазған нұсқасы. Френ Ибрагим Халфинге кеңес беріп, Абылғазыны осы нұсқамен салыстырып көруін сұрайды (Ибрагим Халфиннің

Х.Д. Френге жазған хаттары, СССР Гылым академиясының мұрағаты, ф. 778, оп. 2, д. 339. лл. 16–17). Қадыргалидың жазбаларында, Шоқан айтқандай, ең құндысы – XV–XVI ғасырлардағы қазак, тарихы. Шоқан оған «Қазақтың бірден-бір ескерткіші» деп баға берген (Ч.Ч. Валиханов, Собр. сочинений. т. I). Бұл тарауға кіретіндер: «Дастан Орысхан», «Дастан құтлық Темір», «Дастан қазақ хандарының шежіресі», «Дастан Оразмұхаммет (Оразмамбет) Ондан сұлтан», «Дастан Тоқтамыш хан». Жазушының суреттеуінше: «Жошының әскері екінші ұлы Батуда қалады, халық оны «Сайын хан» дейді. Ол Сайын Шамал тарапындағы өлейеттерді, Ыбыр-Сібірді, Башқұртты, Қырымды, Дешті қыпшақты тегіс өзіне қаратты. Өзі Еділ бойында оғат тапты (Қадыргали Жалайыри, Жамиғ ат-таварих, 53-бет). Абылхаир Таңкент, Түркістан өлкейтінде патша еді, Аның қабыры Сығынақта тұрыр. Абылхайырдың Нұрадын мырза ұғылы Уақас бекпен бисияр махаббатілігі бар еді. Анда айтүрлар: «кесенің бір жағынан балды біреуі ішсе, бір жағынан екіншісі ішер ерді» (Бұл да сонда, 157-бет). Уақас – Едіге бидің немересі, Нұрадынның баласы, қырдары көп маңғыттың көсемі. Олар Абылхайырды жақтаған. Тоқтамыш Сарайдан қашып Шамал тарапына (Есіл өзеніне) келді. Көп уақыт ашаршылықта ғұмыр кешті. Соңынан Темірге кісі салды. Әуелі Жетім батырды, одан кейін Төбел батырды, кейін арғын Қара қожаны салды (1405 ж). Өздері бірнеше нөкерімен Есіл бойында жатып жүрді (Есіл бойындағы Қайрақты деген жерде осы күнге



дейін қалдығы сақталып келген үш-төрт қаланы, қамалдарды XIV ғасыр сонында Тоқтамыштың салдыруы ешбір күмәнсіз.) Едіге мырза кеп әскерімен келіп, Токтамышты (Есіл бойындағы) басып алды: «Жетім батырды, тағы өзгелерін өлтірді, ғафыл болған ханды сол жерде оғат қылды» (Бұл да сонда, 157-бет). Осының бәрін Қадырғали өзінің көзімен көргендей ашық жазады. Қазақ шежіресі бойынша Тоқтамыш пен Едігенің қабірі Ұлытаудың ең биік шынында бірге тұрған көрінеді. Қазір тас оба түріне айналған. XV расырдағы қазақтар оны «Едіге тауы» деп атаған.

Кітаптағы ең мазмұнды тарих – «Едігенің шежіресі». Едіге атақты би болған. XIV ғасыр сонында Темір құтлық ханмен бірігіп істеді. Темір құтлық – Орысханның немересі, Темір-Мәліктің баласы еді. Едіге би 63 жаста қайтыс болды (1419). Оның аргы атасы – Баба тұқтес – Қаратауды, Құмкентті мекен еткен даныш-пан кісі. Баба тұқтестің төрт ұлы бар еді, бірі Еділден Мекеге барып патшалық құрды. Екіншісі Қағбада өлді. Үшіншісі Үргеніште жатыр, төртінші ұлдың атасы – Терме Еділ, Жайық бойында тіршілік етті. Терменің ұлы – Қырбыжы, оның ұлы – Исламқия, оның, ұлы – Қадырқия – бұлар түгелдей Еділ мен Жайық бойында өмір сүрген. Қадырқияның ұлы Құттықия Қаратауда, Құмкент қаласында жасаған. Ол кеп жыл Орысханмен істес болған. Соңынан Орысхан оны өлтіреді.

Құттықияның ұлы Едіге әкесінің намысын жоқтап, Орысханмен өштесіп өтеді (Бұл да сонда. 141-бет).

Қазақ хандарының шежіресін Қадырғали XIV ғасырдан, Айсаұлы Ахмет, Орысханнан бастайды. Оразмамбеттің шежіресінде былай делінген: «Дастан Оразмұхамметхан, бін Ондан Сұлтан, бін Шығай хан, бін Жәдікхан, бін Бақақхан, бін Құйыршықхан, бін Орысхан. Оразмұхамметің бәрша уурулары бір дастанда, бір ықтымда келді. Нешік кім Орысханнан Жәнібекханға дейін төрт ата өткен. Олар өткен заманда жат қылышып ерді, енді Жәнібек (Өз-Жәнібек) ханның ұғланларын бұ заманға тағы жат қылдық. Аның ұғылы, немерелері үлкен ұрығ болып өтті, бұл заманға дейін өте мәлім, белгілі-дүр. Олардың әрбір аталары өз өлейетінде патшалық қылышып, атағы шығып өтті, аты шығулылары көп болды. Ең алды, Қасымхан – Жәнібектің Жаһан бикем деген ханымынан туған. Неше уақыт ата ұлысында патшалық қылды, жанындағы өлейеттерді өзіне қаратты. Оның хиқаяты әр жерде келур, машқұр турур. Билахыр Сарайшықта опат тапты. Бүгін оның қабыры Сарайшықта тұрыр. Аның ұғлы – Ақ-Назар хан. Ханық сұлтан ханымнан туған. Аның хиқаяты мағлұм, машқұр турур. Ақ-Назар хан өз араларында бұлғақтық болып оғат тапты. Аның ұғланларынден патшалық бүгін тайды. Қасымхан заманында оның мәшқұр ұғлы Жәдікхан ерді, Шығым мырзамен ұрыссып, Жыланды тебеде шаһид болды. Аның қабыры Ургенчте, Бақырған атада.

Жәдікханның хатыны қамасы көп еді, ұғландары һәм көп еді. Атышулы машқұр ұғланлары булар турур: Тогум-хан, Бекей сұлтан, Шагай-



хан, Мәлік сұлтан. Бұ кісінің анасы Абайхан бикем туур».

Қадыргали Жалайыри өз заманының атақты данышпаны болғандықтан, сол замандағы халық шежіресін бұлтартпай, сол қалпында жазады. Оның айтуынша, Жәдіктің баласы – Тогумханның ұрпақтарын «тоғыз сары» деп атаған; Бекей сұлтанның нәсілі болмаған; Бүйдештың ұлы – Әдік сұлтан, оның нәсілін «бес ұғыл» деп атаған; оларға патшалық тимеген; Бұрындық жомарт кісі еді, нәсіліне мәртебе тимеді; Тайыр біраз хандық құрып, патшалық ісін білмеді.

Қадыргалидің аса қадірлеп айтқаны, әсіресе, Шығай-хан (Оразмамбеттің бабасы): «Бұл кісінің хикаяты әр халде ерлік ісімен машһұр болды. Шығайдың қабірі Күміскентте, Фали атаның фанасында туур. Шығай-ханың хатындары көп еді, мағлұм машһұр үш ордасы бар еді. Алардан туган ұғланлары – Сейітқұл сұлтан, Ондан сұлтан Алтын-ханым бикемнен туган ерді. Тәуекел хан, Есіл сұлтан, Сабырбек сұлтан – бұ үшісінің анасы Жиратның Жақсы бикем еді. Әли сұлтан, Шахим сұлтаның анасы – Бұрандық-ханың қызы Дадам туган ерді. Ондан сұлтаның хикаяты әр жерде жолығып отырады, Бисайыр ұлу батыр еді. Шығай ханың уақытында қолбасшы әскер еді. Билахырды қалмақ шаһид қылды. Отыз жасында оғат тапты. Оның қабірі Хожа Ахмет Йассауи фанамында дәғін болды. Оның қатыны, қамасы кеп ерді, екі улуг ордасы бар еді. Хатыны Алтын-ханым–Осек ұглы Болат сұлтаның қызы, ұглы Оразмұхаммет Тәтті ханымнан туган еді. Оразмұхаммет сегіз жасында ұлұғ бабасы

Шығай ханнан жұда болды, он үш жасында өз бабасы Ондан сұлтан шаһид болды. Ондан қалып, бірнеше уақыт тарлық көріп, Сейд бидің алдында кіріптарлық шекті. Одан 16 жасында бүкіл христиан падшасы Борис Федоровичтің куллығына хазір болды» (Бұл да сол құжатта. 145-бет).

XVI ғасырдың сонында осындай әдемі оймен қазақ тілінде келелі сөз жазып қалдыру, қазақ ханының, тарихың шежіресін, тұрмысын әдемілеп сүреттеу – сарқылмайтын мәдениет дүниесінің келісті бір түрі деуге болады. Ой жүйесінің әдемі құрылуы, тілі, көркемдік бейнесі Қадыргалидың сол кездегі кеменгер кісінің бірі етіп сіппаттап, оның білгіш, жүйрік, оқымысты кісі екенін көрсетеді. Кітап бойынша, Қадыргали араб, парсы, түркі, орыс тілдерін бірдей жақсы білген. Оның көп оқығандыры кітаптың әр жерінде «бұл мәселе көп жерде кездеседі» деуінде ашық көрініп тұрады. Сөйтіп, Қадыргали – жалаиыр тайпасынан шыққан қазақтың бірінші ойшылы, ғалымы, данышпан жазушысы, өрнек қалдырган мәдениет зергері. Өзінің жазуында да жалайыр тайпасын жоғары көтеріп қастерлеген: «Алғаш мыны арасында үғылы тарақ тамғали жалайыр болған».

Оның жазғандарын қазақ жазу мәдениетінің бірінші үлгісі деп тану керек. Қазақ халқының тарихы, әдебиеті, тілі, халық шежіресі тура-лы Қадыргалидың еңбегі–байтақ мәлімет. Сондықтан бұл кісінің еңбегіне атақты Мұхаммед-Хайдармен, Абылғазымен қатар ерекше мән беру қажет.

«Білім және еңбек». 1982 ж.

# ТАРИХИ ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚ ТАЙПАЛАРЫНЫң ЖАЗУ МӘДЕНИЕТИ[1] (КОЛЖАЗБА)

## ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН

Жазу көп заман ішіндегі мәдениет тарихының аса бір жарқын түрі. Жазу болмаса дүниенің өткендегі тарихын, оның мәдениет белгісін, өнерін, сәулет өркендеуін, әдебиет шығармасын білу, әрине, зор қындыққа түсер еді. Есею, өркендеу, ой-сананың ілгері басуы, ғылыми көз қарастың биікке өрлеуі, қоғам тіршілігіне күш беру – көбінесе ой мен жазуға байланысты. Осыларды еске түсіргенде, жазудың келіп шығуы осы күнгі білім қазынасының қайнар бұлағы, ой жүйесінің сарқылмас кеніші.

Сахрада<sup>13</sup> қолданған жазулардың ізіне түсіп көрсек, ертедегі Қазақ тайпаларының, түрік тілдес елдердің жазу үлгісі өте ерте дәуірден дәстүр болғаны байқалады. Оның ең биік сатыға жеткен кезі әсіресе V – VIII ғасырлар кезі, Жетісу мен Ертіс, Орхон, Енисей өзендері бойында топталған тас жазулардың осы кунге дейін сақталып, олардың ғылыми ғажайып жүйеге түсіп, осы күнгі қызықты дәуірде ғылымның таусылмас мұрасына айналған түрі. Бұл жазулар сол кезде жасаған тайпалардың ұмытылmas ізі, олардың өсу дүниесіне келтірген ашық үлгілері. Орхон жазуы бойынша қыпшактар түрік қағанатын елу жыл билеп отырғаны айттылады[2].

Орга ғасырларда қия тасқа, болмаса құлпы тасқа түсірген әдемі жазулар, эпиграфиялық

<sup>13</sup> Сахара емес, Сахра - Әлкей Марғұлан.

белгілер, Қазақстан сахрасында өте көп болған, олар әр-бір түпкірлерде, өзендер бойында, Қаратай, Ұлытау, Маңғыстау сияқты өлкелерде мың-мыңдан кездесіп отырады. Олардың тасқа түсірген іздері б.з.б. III – I, I – V, VI – IX ғасырлардың арасын көрсетеді. Кейін шыққан жазулар ойғыр, не арап харыптарымен түсірілген, ескі қыпшак, қаңлы, қарлық тілінде, не одан тараң шыққан қазақ, не басқа түрік тілінде жолығып отырады. Бір өкінішті жері, бұл Қазақстандағы тас жазулар әлі күнге ғылым саласына кірмей, осы күнге дейін белгісіз болып келеді[3].

Тюркологтардың Совет Комитетінің алтыншы пленарлық жиылдысында тасқа түсірілген эпиграфикалық жазуларды зерттеп, фотоға, суретке түсіріп, басып альбом шығару мәселесі қойылған. Онда Совет өлкелерінің көп жері қамтылған, бірақ Қазақстандағы тасқа түсірілген орхон, ойғыр, арап харфымен жазған сөздер, эпиграфиялық жазулар туралы бір ауыз сөз айтпаған.

Егер Қазақстан өлкесінде топталған көп құлпы тастағы эпиграфикалық жазуларды топтап, фотоға, суретке түсіріп, альбом жасап көпшіліктің алдына тартса, ол ашылған бір кітапханадан кем болмас еді. Тарихи заманнан, неше ғасыр бойы үсті-үстіне топталып келе жатқан «көк тастағы», «құлпы тастағы» эпиграфикалық жазулар – қазақ халқының білімді, ой-сананы, жазуды жақсы көргенін, оған аса ынта қойғанын, аса жарқын түрде суреттейтін бір ашық дәлел. Осы ғажайып деректерді тағы толып жатқан



казақ жазуларын еске алғып отырып, қазактарды «младописьменный» халық, болмаса «жазуы болмаған ел» деп атау еш бір анықтыққа келмейтін, үстіртін айтылған пікірлер[4].

Археологиялық зерттеу мен ғалымдардың барлауынша Қазақстан сахрасында бес түрлі жазудың іздері сақталған. Олардың ең ескі түрі Орхон жазуынан көп бұрын шыққан, соған ұқсас келетін таңба сияқты жазулар[5]. Олар осы өлкені ерте кезде қоныстарап, әрі көшіп, әрі егінмен шұғылданған, түркі тайпаларының ескі түбі – сақ, ғұн, үйсін, қаңлы жұрттары екені көрінеді[6]. Географиялық бір өлкеде ғана сақталып, және жазудың бір жүйеде қалыптасуы, әрине, оны шығарушы осы қырсахраны көп заман қоныстаған, ерте кездегі тарихи ұлы қауымдар, солардың мәдениет белгісі екені байқалады.

Бұдан көп заман кейін, осы жазуга ұқсас, соған жалғаса келетін, V–VI ғасырларда ол жазудың жаңа түрі тәртіпке түседі. Оның ескі түрі алғашқы шығып өрендеген мәдениет орталығы, Түрік қағанаты астана еткен Жетысу өлкесі, содан ол Ертыс бойына, Орхон, Енесай, Селенгі өзендеріне жайылады[7]. Бұгінгі ғылымда «Орхон жазуы» деп аталатын бұл жазу IX ғасырға дейін өмір сүрді, бірақ оның тарихи дәстүрі Қыпшак, Қарлық, Жагмаут (Иағма), Шекті (Чегил) тайпаларының мұсін тастарында кейінгі ғасырларға дейін кездесіп отырады. Ең соңғы Орхон жазулары тек Күншығыс Түркістанда (IX ғ.), Дун-Хуан жазуларында (XI-XII ғ.) кездесіп отырады. Орхон жазуының


соңын ала, кейін соғдак елінен ауысқан ойғыр жазуы белен алады. Бұл кезде христиан дінінің әсерімен кейбір түркі тайпалары (Оғыз, Керейіт, Найман, Меркит, Оңгіт-Уақ, Ойғыр) Сирия жазуын талисман етіп, онымен діни кітаптар, қабыр тастарын, календарін жазып отырады. Ең сонында, араптар билеген заманнан бастап (VIII ғ.), Совет дәуіріне дейін халықтар ойсанасына ықпал еткен арап жазуы[8].

Ең ескі дәуірде Қазақ Сахрасын қоныстаған тайпалардан белгілі жазу қалдырған елдер ғұндар[9], үйсіндер[10], қаңлылар[11]. Бұлардың жазумен түсірген зандары да болған (Бичурин). Олардың мекендеғен қонысы ұлан байтақ кең дала, олардың ішінде ең әдемі сұлу жерлері Алтай, Ханғай (Когман)[12], Саян таулары, Монголия, әдемі өзендері Енесай, Орхон, Ертыс, Іле, Орталық Қазақстан, Күншығыста, кейін Қытай елі тартып алған Қансу<sup>14</sup>, Өртөс<sup>15</sup> бойлары, Као-чан<sup>16</sup> (Күншығыс Түркестан), Тәнрі таулары (Тянь-Шан), Жетысу, Сыр-Дарья, Араг тенізінің бойы, бүкіл Орта Азия төңрегі. Біздің заманымыздан екі ғасыр бұрын (177 жылы) ғұндар Жайық бойына, Каспий теңізіне дейін, оданда әрі барды. Осы айтылған өлкелерде ғұн дәуірінен қалған мәдениет белгілері орасан көп, олардың ішінде көзге ерекше түсетін алтыннан, күмістен, қоладан жасаған әдемі дүниелер, халық шеберлері жасаған ғажайып көркем өнері. Бір ұлғімен жасаған бұл сұлу өнердің көбірек жолығатын жері Алтай,

<sup>14</sup> Мүмкін Гансу.

<sup>15</sup> Мүмкін Ордос.

<sup>16</sup> Гаочан болуы керек.



Орталық Қазақстан, Жетысу, Талас өзенінің бойы, Қыргыз жерлері, Аral теңізінің жағасы, Каспий төңірегі, Аral теңізінің жағасы, Каспий төңірегі, Солтүстік Кавказ, Қырым тағы басқа жерлері[13]. Қытайлар күшпен тартып алғанға дейін ғұндардың мәдениет орталығы болған жерінің бірі Кансу, Өртөс өлкесі болған еді.

Ең ескі дәуірдегі ғұндар біздің заманымыздан екі мың жыл бұрын, Шан-Инь, Жау заманындағы Қытай тарихында «Ху» деген ат пен белгілі болған[14]. Олар мал бағушы, кен қазушы, көптеген мықты тайпалар. Олардың күшейіп, ұлы биікке шыққан кезі біздің заманымыздан үш ғасыр бұрын. Олардың ұрпағынан шыққан мықты қолбасшысы, ел билеуші Түмен, оның баласы Боде (Моде). Боде «Оғыз ханың дастанында суреттелген Оғыз ханың бір аты, ол ғұн ұлысын орасан күшетті»[15]. Оның ерлік ісі қытай тарихында әдемі айтылған. Бодеден кейін ғұн елін басқарған Жабғу Тәңірі<sup>17</sup> (Б.з.б. 161-126 жж.), ұлы әскер басы, ықпалы күшті дана кісі[16]. Ғұндарға ұлы күш берген елдер ғұндар, үйсіндер, қаньылар, олар мен туысқан қыпшақтар (Кюеше)[17], Қырғыздар, Қай-Оғыздар, Ойғырлар тағы басқа тайпалар[18]. Ғұн заманындағы тарихи уақыттарды есінде сақтаған қырғыздар, қыпшақтар, қайлар. Олар Құншығыс пен Құнбатыстағы көптеген тайпалардың тарихи дәуірден келе жатқан туысқандық байланысын біріктіріп ұлы бір күш жасады. Оларды Қытай үкіметі мен тен түсірді,


<sup>17</sup> Н.Я.Бичурин бойынша – Лаошан-Гиой-Шаньюй, Модәнің ұлы.

екінші ғасырларда Қытайды өзіне бағындырып, оларға жыл сайын салық салып тұрды.

Ғұн мен үйсіндерді ерлік ісі бар өмірін Қытайға қарсы жұмсады, олар мен көп заман соғысып өтуі, оларға қарсы мықты үкімет жасауы, қауымға күшті тәртіп кіргізуі. Осыған байланысты олардың кемеңгер адамдары, атақты әскербасылары, шешен билері де аз болған жоқ. Үкімет басқаруда олар ең ескі жазуды қолданды.

Қытай анналарының суреттеуінше ғұндар сол кездегі ең ұлы мемлекеттердің бірі болды, қытай елі мен тен таласып, олардың тарихи дәуірден ұлы жауы саналды.

Бар өмірін Қытай мен соғысумен өткізген ғұндар олармен әлде неше рет кездесті. Ең жойқын соғыс әсіресе біздің заманымыздан бұрын 214 жылы Қытай әскерін бастап шыққан Мынтянь мен соғысу. Бұл соғыс олардың алдында Қытайда қорқынышты әңгімелер көбейіп, «бізді Ху елі жоймақшы» (Цин будет погублен Ху) деген сезіктену болады. Осының ықпалында Қытайдың патшалары (Цинь-Ши-Хуанди тағы басқалары) өзінің ұзын қамалын тұрғыза бастайды («Китайские императоры для ограждения себя от Ху построили долгую стену»). Бірақ бұл қамал ғұндарға еш бір әсер еткен жоқ, олардың күші артыла берді. Дегенмен 214 жылғы соғыста ғұндар женілді. Оларды Қытай әскері Өртөстен, Инь-Шань тауынан қуып шығып, бостырды. Ғұндардың аса жақсы көрген орталығының бірі «Күміс тау» (Инь-Шань) — мал өсірудің, егін салудың шүйгін алабы, алтын, күміс, қола



шығарудың кені. Қытай тарихының айтуынша шекарада бір қарт ғұнның қария сөзі бойынша Күміс тауды Қытай әскері тартып алғанда ғұндар топ тобымен ботадай боздап, Күміс таудан шыққысы келмейді, ақырында Қытай әскерінің қудалауымен шұбырып, не Жетісуға, не Алтай тауындағы туысқандарына босып кетеді.

Бұдан соныра, біздің заманымыздан 72 жыл бұрын, Қытай Жетісуға қалың әскер жіберіп, әскерін қырып босқа қайтты.

Ғұндардың Күнбатыс пен Солтүстікті билеген жерлерінде мәдениет орталығы болған жерлері Жетісу, жоғарғы Ертіс бойы, Орхон өзенінің жағасы (Монголия), Аral теңізінің бойы. Біздің заманымыздан бір ғасыр бұрын Қазақстан мен Орта Азия елдерін билеген ғұнның атақты кеменгер адамы (тәңрі Құт) Шижи<sup>18</sup> деген әскер басы. Оған Үйсін, Қаңлы, Қыпшак, Қай-Оғызы[19], Қырғыз, Ойғыр елдері қарады. Оның мәдениет, саясат орталығы Шу, Талас өзендерінің бойында болды. Қытай тарихының айтуынша Шижи осы Жетісу өлкесінде ұлы үкімет құрып, өзінің астанасын Талас өзенінің жағасында тұрғызды. Алым салықты Күнбатыс еліндегі көп тайпалардан альш тұрды. Осы кезде ғұн үкіметін басқаруға Шижи мен оның інісі Қоқанке таласады. Бұл соңғысы Қытай үкіметін жақтап, соган бағынғысы келеді. Оған Шижи мен ғұнның атақты билері бар күшімен қарсы тұрады.

Бұл не деген сөз, біздің жауынгер әскеріміз азба? Біздің дәстүріміз бойынша халықты


<sup>18</sup> Н. Я. Бичурин бойынша – Лаошан-Гиой-Шаньюй.

өздері ғана басқарады. Қытай қанша мықты болғанымен ғұн елін тегіс жұта алмайды.

Осы кезде Шижи Құнбатыс мықты тайпалардан күш алып, үкіметін Жетісуда бекітеді.

Аса бір көңіл қоятын жарқын нәрсе, Шижи кезінде Шу, Талас өзендері бойында ұлы мәдениет орталығы құрыла бастауы. Бұл гажайып оқиға Қытай тарихында ете көркем түрде сипатталып, кең жайылған, Жібек қағаздарға қаланың суреттері түсіріліп, ол бүгінге дейін сақталып келген. Ол мәліметтердің бейнелеуінше Талас[20] қаласы ерте кездегі Самарқанд сияқты ұлы қаланың бірі болған. Бірақ аянышты жері, қаланың ғұн дәуіріндегі түпкі іргесі қазылмай, сол қүйінде бүтінгі жаңа қаланың астында қалып қойған. Талас қаласы туралы жазылған байтақ мәліметтер европа тіліне көптен бері аударылып келеді. Оны біздің ғалымдарда әр уақыт есіне түсіріп отырады. Олардың ерекше қарауынша «Семиречье славилось своими городами, центрами ремесла и торговли Западнотюркского Каганата»[21]. Гомердің Қытай тарихынан көруінше, Қытай әскері ұзақ уақыт жол шегіп, неше мың миль өткен соң Шиждің астанасы Талас қаласына жетті. Шиждың қолында бір неше Рим жолдама әскері бар еді.

Қытай анналарын зерттеуші А.Херманның архивтен тауып көруінше Шиждың екінші бір астанасы Шу өзені бойында болған (біздің заманымыздан бірінші ғасыр бұрын). Оны ең алғаш жазған Сымба-Цянъ былай дейді: «Шу бір үлкен қала мемлекет, Құнбатыста, Қытайдан көп алыс жерде, маңайы шөл өлкеде тұрады. Онда



тұрушылардың заны, әдеті мал бағушы жүндер». Жұн деп ескі Қытай жазуларында ғұндардың ескі аталарын атайды, кейде Шань-Жун (тау жүндері) деп атаған[22]. Олар Қытайдың өшпендей жауы.


Бұл тарихи бейне Махмуд Кашигари келтірген уақығаға дәл келеді. Ол кісі айтқан ғой – «Іскендер Зұлқарнайын (Македонский) заманынан бұрын жасалған ескі қаланың бірі Шу қаласы». Оны салдырган Шу деген ел басқарушы (ғұн). Бұл сөздің құрлысына ерекше мән берген В.В. Радлов[23] былай деген: «Древнейшая крепость Шу близ Баласагуна (более поздний), построенный царем Шу, как бы современником Александра Македонского. Крепость существовала в такое время, когда городов Сайрама и Баласагуна еще не было. У казахов вместо звука «Ч» заменился звук «Ш» и река Чу называется Шу. Очень вероятно, так же произношение было тогда у тех тюрок, которые жили на берегах Чу».

Бұл сөзді В.В. Радлов бойынша В.В. Бартольд костайды. Ол кісінің барлауынша ерте кездегі Чу өзені бойында жасаған түріктердің сөйлеуі бүгінгі қазақтардың сөйлеуімен бірдей болған. Демек, «Шу» деп аталған ел басқарушының аты «Шижи» атының аңызға айналған бір түрі болуы ғажап емес.

Қытай тарихының айтуынша “Шижи построил свою столицу и организовал Шелковую дорогу от китайских пограничных западных территорий, которая вела через столицу Шижи к Антиохии и Маргиане (Мерв)”. Оның тағыда барлауынша, “Шижи Орта Азияда үлкен үкімет

құрып, Талас өзені бойында өзінің астанасын тұрғызады. Талас қаласын ең алғаш жасаған ғұн тайпасының зор тәнірісі Шижы. Алатаудың теріскеи бетінде, Талас өзені бойында біздің заманымыздан бір ғасыр бұрын тұрғызды. Үкімет орталығы осы Талас қаласында болып, ғұндар жаз күні Орталық Қазақстанды жайлап қайтып жүрді”. Қытай тарихының үзбей айта-тыны “Шижы қытайлардың ұлы жауы. Біздің заманымыздан 36 жыл бұрын Қытай Жетісуға жойқын әскер шығарып Шижыны құрытпақшы болады. Әскерді басқарушы Уэнь Тан қалың қолмен Шансиден шығып, мындаған шақырым жер жүріп Талас қаласына жетеді. Бұл арада жойқын соғыс болады. Шижы қытай әскерін мұнараның басына шығып атады. Бірақ не керек қытай әскері Шижының сарайын өртеп, өзін қолға түсіреді, өлтіріп басын кесіп Қытайға алып кетеді”.

Шижы мен Қытай әскерінің бірнеше күн аянбай соғысқан бұл ғажайып оқиғаны келістіре жазған ғалым, доктор Дайвендек. Қытай анналдарын толық зерттеумен бірге олардың архивінде сақталып жатқан Талас қаласы туралы көп суреттер, карталар табады. Суретті, карталарды жылтыр бетті жібекке түсірген. Олардың беттері, жиектері толығынан Талас қаласының, ондағы сарайдың түрін суреттеуге арналған, қытай әскері бұл қаланы қалай қоршап алғаны топтаған суреттермен анықтауға арналған. Дайвендектің айтуынша бұл жібек карталар, суреттер Қытайдың патшалар архивінде сақталып келген. Сондай жібекке, ағашқа



түсірген Күншығыс Түркістандағы көп жазуды, суреттерді, карталарды көп жинаған белгілі ғалымның бірі француз зерттеушісі Едуард Шаванна[24]. Ол кісіде Қытайдан алыс жердегі елдерді бағындыруға шыққан Қытай әскерінің суретін көрсетеді. Соның ішіндегі бір ерекше сурет бұзыла бастаған бір мұнараның суреті. Қытай жазуында оны “дұноу” деп атаған, бірак дұрысында Қазақстандағы атақты мұнара “дың” болуы керек.

Осы келтірген бай, әдемі жазуларды тереңірек ойлап қарасақ, Талас пен Шу қаласы ту ескі ғұн, үйсін дәуірінің өзінде атақты қалалардан саналып, мәдениеттің көркем байтақ орталығы болғаны көрінеді. Сондықтан олар тарих бетінде, жер бетінде көп мәдениет белгілерін қалдырган. Шу қаласы кейін (IX-XIII ғ.) жаңа атпен Баласағын аталып, оның жойқын қалдығы осы күнге дейін Шу өзені бойында “Ақ төбе” деген атпен сақталып келеді.

Демек, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар Қазақстанның көп жерінде ерте дәуірдегі қала мәдениетін бірінші рет жасаған әйдік ұлыстар екені көрінеді. Академик В.В. Радловтың Қытай тарихынан пайдаланған хабары бойынша, - “в середине III в. до.н.э. многие тюркские племена соединились в одно могущественное государство, которое китайцы называют государством Хун-Ну, достигшим в царствование Моде (Боде) наибольшего значения (209-179). Они распадаются на тюрков западных и восточных, враждующих друг с другом, которые соединились вместе лишь благодаря походам Боде. На севере

жили Кипчаки, Каны, Кыргызы и Дин-лины (Теленгиты). В числе Западных тюрков китайцы называют Усунь к югу от Балхаша, далее на запад Канглы (Кан-гюи) до Аму-Дарьи, к юго-западу от них до Каспийского моря Юэ-джи. Боде покоряет все эти племена”[25] (В.В. Радлов. Об Уйгурах, F. Hirth. Über Wolga-Hunnen). Олардың қалдырыған қала мәдениетінің ізі Жетісуда, Талас өлкесінде, Сыр-Дарья алабында, Араг төңізінің жағасында топ-тобымен кездесіп отырады. Дионисий Пернегеттің хабарлауынша “ғұндар Каспий төңізінің алдында тұратын скифтермен қатар Араг төңізінің бойын қоныстайды”. Қытай тарихының барлауынша олар тегісімен күншығыс түріктерінің ұрпақтары, Қытай тарихында оларды Хун-Ну (гүнны) деп атайды (В.В. Радлов. Уйгуры, 102-103). Олардың көпшілігі Араг төңізін, қаңыларға оданда әрі көшіп келген ғұндар (жұбандар) (В.В. Радлов. Ху. 128)[26]. Бұларды бергі кезде толығынан зерттеген Совет ғалымы С.П. Толстов. Ол кісінің көрсетуінше, Қытай анналарының хабары бойынша біздің заманымыздың бірінші ғасырларында ғұндардың екінші бір мәдениет орталығы Араг төңізінің жағасы мен Сыр мен Аму-Дарьяның төменгі тараулары. Ол өлкедегі қаумдарды басқарған кісінің атын Қытай тарихы Хуни деп көрсетеді. С.П. Толстовтың салыстыруынша бұл Хуни Византия тарихында кездесетін Хунға дәл келеді, Орта Азияда жасаған Кидарит (Кидар)[27] ғұндарының патшасы. Кидар сөзі X ғ. Кездесетін кердере сөзімен тығыз байланысы бар. Олар XIII ғ. дейін Хорезмнің

күншығыс теріскейінде, Аму-Дарья мен Арал теңізінің жағасында жасаған ел. Кейін Кердері Кіші Жұз қазақтарының білімді, саналы тайпасының бірі болды.

Кердері ту баста Аму-Дарьяның төменгі жағасында болған ғұндардың қаласы. Кердері қаласын бірінші рет айтқан арабтың географы Ибн Хордаубек<sup>19</sup> (IX ғ.). Ал-Истахридің суреттеуінше Кердері қаласының жанынан үлкен арық өтіп жатқан. Макдисидің барлауынша Хайталда (ескі ғұндардың бір аты) екі Кердер қаласы болған, біреуі Кердер, екіншісі Кердерен-Хас. Якуттың (XIII ғ. 25 жылдары) жазуында Кердер Хорезімнің шеткейінде тұратын тұріктердің бір өлкесі. Оларда қыстақтар өте көп, бағатын малы да сансыз көп. Бірақ Кердеріні сынап, Афрасияп заманынан қалған ерлік менменді асып тұратынын әнгіме етеді.

Кердер ғұн дәуірінде шыққан қала екенін П.И. Лерхта[28] келтірген. Ол кісінің зерттеуінше бұл қаланың аты Приск Панийский жазған ойлардағы ғұндардың бір атасы Кидариттен алынған – дейді. Лерхтың бұл анықтауын Н.И. Веселовский де қостаған.

С.П. Толстов осы келтірген мәліметтерді толығынан сипаттап, Аму-Дарьяның төменгі екі жақ бетінде бір атпен айтылатын екі қала болғанын айтады. Оның бірі Амудың оң бетінде, Шымбай қаласына таяу тұрған – оны Кердері- деп атаған, енді бірі Амудың сол бетінде – Кердерен-Хас деп атаған. Бұл екі қаланың атын С.П. Толстов Кіші Жұз арасында әлі күнге

<sup>19</sup> Ибн Хордадбек – болуы керек.

сақталған Кердері тайпасының ескі аты деп анықтайды. Оның бір таң қалатын жері, бұл Кердері тайпасы осы күнге дейін сол араны қыстақ етіп келеді.

Оның үстіне Кердері тайпасының аты ерте заманнан бері қарай Аму-Дарья сағасының байтақ бір өлкесі, “Дешт-Қыпшақ” деген сез сияқты. Арабтар бұл өлкені, Хорезмді жаулап алғанда, Кердері өз еркіндігін берік ұстап, жеке бір ел болып отырды. Якуттың Кердеріні сынап, оның асқақтығын Афрасиаппен салыстыру мұны ашық көрсетеді. Демек, Кердерілер Аral теңізінің жағасында мыңдаған жыл отырған ескі ғұндардың қалдығы. С.П. Толстовтың байқауынша, Аral теңізімен Сыр-Дарья ғұндары ту баста Жетісудан жағалап келді. Ғұндардың ұлы мемлекеті жойылып біткен соң (біздің зам. I ғ. бұрын), қаңлылар (Кангюй) күнбатыс ғұндармен қауым жасап бірлесті. Олар Талас қаласында отырып Шижи бастанған ғұндардың ең мықты одағы болды.

Бұл ғұндардың шүйгін қоныстары Күншығыс, Орталық, Күнбатыс Қазақстан өлкелері. «Часть хуннов оставалась в Киргизских степях и эти хунны (гунны), жившие еще в IV и V вв. в стране к северу от усуней носят у китайцев название юебань (субан?), которые по культуре стояли выше других племен. В китайских известиях о них мы впервые встречаем легенду о волхвах (баксы), умевших вызвать дождь и бурю; тот же легендарный мотив – колдчество объяснялось действием камня яда (жада тас, т.е. нефритом)



мы встречаем в рассказах историй Средней Азии до XV в. включительно».

Субандардың, не суандардың мәдениет салтысы өзге тайпаларға қарағанда өте жоғары болған. Бұлар кейінгі тюрктер, демек қытайлар тюрктерді ғұндардың үрпағынан деп санайды. Олардың айтуынша субандардың әдеті, ғұрпы, тілі үйғырдікімен бірдей. Олардың өзгешелігі аса тазалығы, күніне тамақ ішкен сайын жұнатын болған.

В.В. Бартольдтың тексеруінше «Из среды юебаней (субанов) вышли (амударинские) Хиониты классических писателей и Иранского священного писания Авеста, дошедшие до границы Персии и упоминающиеся в IV и V вв. как враги персов, то как их союзники с римлянами».

Бұл Хиониттердің, тағыда Эфталит деп атайды, өздерінің жергілікті тайпа аты абдел (абдал), болмаса «ақ ғұндар». Олар ту баста жошылармен туыстас тайпа болып, патшасының атын Кидар деп атаған. V ғасырда жазған Рим жазушысы Приск абдалды Эфталит деп атап «Кидарит ғұндары» деп келтірген. Грек пен Рим жазушылары айтқан тәрізді, үнді хабарларында Эфталитті ғұн деп атаған. Жошылар мен абделдер Аму-Дарья жағасын ерекше сүйген елдер. Абдалды гректер – эфталит, арабтар – хайтал, византия жазушылары – абдел, армян жазушылары – Нертал деп атап келді. Бұл атты жергілікті тайпалардың өзінің айтуынша дұрыс жазған византия жазушылары, ол ат өзінің тарихи түрін кейінгі заманға дейін сақтап, түркімен мен Кіші Жұз ұлысының абдал тайпасы түрінде

келіп жетті. П.И. Небольсиннің байқауынша «қазақтың абдалы түркмен сияқты». Түркменнің абдалы Қайы тайпасынан, олардың тамғасы жаңа туған «ай» тәрізді. Феофилакт Симокаттының анықтауынша абдел және эфталит екеуі бір сөз.

Абдал мен Кердерінің ту баста біріккен жері Арап теңізінің бойы, Аму-Дарья мен Сыр-Дарьяның төменгі жағасы. IV – V ғасырларда оларды «ақ ғұн», «қара ғұн» деп атады. Бұл жер ескі дәуірдегі ғұндардың мәдениетін, өнерін айқындаپ суреттейтін, оның жоғалып біткен қалаларының ізін топ-тобымен сипаттайтын, таң қаларлық бір өлке. Оны С.П. Толстов «ғұн мен тюрктердің батпақ өлеңде сакталған қалаларының орыны» деп сипаттайды. А.Н. Бернштамда солай суреттеген. С.П. Толстовтың терен қаруынша Арап теңізінің бойы ғұн мәдениетін зерттеу үшін аса бір қымбатты өлке, тарих үшін, тіл үшін бұл табылмайтын бір түпкір. Оның анықтауынша абделдердің V ғасырдағы саяси, мәдени орталығы Бұхарға жақын тұрған Пайкент қаласы болған. Абдалдардың күшті болған кезінде қаңлы мен соғдактар тегісімен оларға бағынды. VI ғасырда абдал (эфталит) алғашқыда тюрк қағанатына қарсы шығып, сонынан оларға қосылды. Олардың көпшілігі Арқа сахрасында, Жетісуда жасады.

С.П. Толстовтың зерттеуінше, ғұн мәдениетінен қалған ұлы белгілер, әсіресе Күйік-Қалада, Кескен-Күшікқалада, Жанкентте, Жеті-Асарда көп кездеседі. Олардан шыққан көзе сауттардың өрнегі Жетісу мен Монголиядан табылған

өрнектерге тіпті жақын, олардың жасалған мезгілі біздің заманымыздан бір ғасыр бұрын.

Ғұн мәдениетін, оның жарқын өнерін ашық сипаттайтын белгілер, әсіресе Жеті-Асар қаласының орнынан көп шыққан. Оның ішінде ғұндар дәуірінде қолданған, олардың әдісіне дәл келетін қазан, көзе сауттар, зергерлік шығармалар. Олар өзінің түр бейнесі жағынан Жетісуда кездесетін Кезкөл обасынан табылған нәрселерге тым ұқсас, соның ішінде темір қанжар, піл суретін түсіріп қоладан жасаған алқа, III – IV ғасырларда жұмсалған мыс ақша, тағы басқалары.


Жеті-Асар қорымының ішіндегі ең үлкені Алтын-Асар, ерте кезде жасалған ұлы қақпа, берік қамал. Халық легендасы бойынша “оның іші толған Алтын” деп, “алтын асар” атаған.

Мүмкін, Иран хикаясында айтылатын Хұсрау екіншінің (Сасанид) Аму-Дарьяның төменгі жағынан Афрасиаб өлген соң 12 жыл бойынша керуен мен алтын тасытты – деп айтуды, осы Алтын-асар мен байланысты болуы таң қаларлық нәрсе емес. Алтын-асардың қақпасын, төнірегін біргана фартификация тәсілі мен тұрғызыған. Одан табылған мәдениет белгілері орасан көп, және әр түрлі формада кездесіп отырады. Қала қақпасының ішінде әйдік етіп салынған мықты тұрак үйлердің орны көп жерде кездеседі. Оны мен қатар жарты көшпелі ел тұратын жеңіл үйлер, кейде киіз үйге ұқсаған құрлыстардың орыны аз жолықпайды.

Сыр-Дарьяның төменгі тарауында ғұн дәуірінде жасалған ескі қаланың бірі Жан-

кент, ол Жеті-асарға өте жақын тұрады. Ода ғұн дәуірінде шығып, кейінгі түркі тайпалары кезінде Сыр-Дарьяның ескі тарауында мықты етіп жасалған, және X ғасырларда өте қүшті етіп бекіткен берік қаланың бірі. Түркі тайпалары мұсылман болған кезде (VIII-XII ғ.) оны Шахристан деп атады. Бұл өлкені бұрын ғұндар билеп келсе, кейін оның тегінен тараған оғыздар, қыпшақтар, қаңлылар, үйсіндер ие болды. “Огузы – этническое переоформление эфталитов. Гуны внедрились в низовья Сыр-Дарьи из Семиречья... Никакого перерыва в культурной истории Сырдарьинских городов между Эфталитами (абдал) и огузским периодом их истории усмотреть невозможно. Огузская культура X в. – прямое развитие Эфталитской культуры V-VI вв.”[29].

Жоғарыда көрсеткендегі, абдалдардың бір астанасы Пайкент (Варахша). Бұхар қаласының түбінде сақталған, бұл ескі орданың ішінен қазып шығарған монументтік қымбатты белгілер, V ғасырдағы Сарайдың бейнесі кезді ерекше тартады. Оны жасаушы кешпелі тайпалардан қауымдасқан ақ-ғұндар, болмаса Эфталиттер (абдалдар). Демек, Жеті-Асар, Жанкент, Күйік-Қала орнында сақталған қымбат белгілер, Сыр-Дарья мен Аму-Дарьяның төменгі тарауларында жасалған ескі мәдениеттің өркендеуіне ұлы әсер еткен ғұндар, әсіресе III-IV ғасырларда жасаған ғұндар. Бұл жерде сақталған олардың тарихы, мәдениет белгісі, тілі, жазу түрі тегін емес. В.В. Бартольдтың зерттеуіншеде абдалдардың (эфталиттың) Күшан дәуіріндегі өнері Орта



Азияда биік орын алған қымбат кеніштің бірі. Олар өздерінің рухани тіршілігінде үндістан жазуы карошиді қолданды, ол жазуды Күншығыс Түркістанда жасаған ғұндар тегіс пайдаланып, оның іздері Хотан, Лоб-Нор көлі маңайында сакталып келді. III ғасырда абдалдардың сұлтандары будда дінін қабылдады, бірақ оған халық көңіл қоймады, ескі тәнірге табынды.


Ұлы ғалымдардың терең зерттеулерінше, ғұндар туралы жыл сайын айтылатын ескі байтақ шежірелер, тарихи анналдар Қытай тарихында, рим, грек жазуларында орасан көп, олар ғылымға жақалық кіргізу үшін, Сахра мен Орта Азия тарихы үшін табылмайтын қымбат кеніштер. Қытай мен Рим жазушыларының көп жыл ішінде айқындал, толық сипаттауынша, ғұндар мындаған жыл ұлы Сахраны қоныстаған, Қазақстан мен Орта Азияны көп билеген, өздерінен көп ұрпақ, бай мәдениет қалдырган әйдік ел. Олар белгілі түркі тайпалары үйсіндердің, оғыз-қайлардың, қыпшақтардың, қанлылардың, найман, керейлердің аргы атасы. Қытай тарихы мұны ашық жазған: «Предки тукюесского дома есть отдельная отрасль дома хунну (гуннов)»[30]. Оны ұлы ғалымдардың бәрі қостаған. «Тюрками считали их предшественников хуннов, приобретших впоследствии известность в истории Европы». «Для них и для более поздних племен было характерно деление общества на 24 племенных объединений». Көп ғалымдардың зерттеуінше: «Хунны были тюрки. С небольшим через 400 лет возникает на месте хуннской империи новое, бесспорно тюркское

государство»[31]. Хунны и гунны один и тот же народ – тюрки. Оны Дегин, Абель-ремюза, Сайн-Мартен<sup>20</sup>, В.В. Радлов тағы Европаның басқа ғалымдары мен біздің совет ғалымдары жақсылап көрсеткен.

Орта Азия мен оларды қоныстаған ғұндарды Қытай тарихының білуі біздің заманымыздың III ғасырынан бұрын, содан бері қарай. Ол ұлы үкімет құрып, ғасырлар бойы тұқым қуған патшалық жасап, Қытайға қарсы тұрган кезі. Бірақ Қытай анналарының баяндауынша, ғұндардың аталары «Ху» (Куу) атымен өте ескі дәуірден белгілі, тіпті біздің заманымыздан мың ғасыр бұрын ян патшалығы кезінен келе жатқан ел. Академик В.В. Радловтың барлауынша «Местожительство этих древнейших тюркских народов указываются в нынешних провинциях Шень-Си, Хэнан и Гань-Су и в горах лежащих отсюда к северо-западу. Хунь-Юй Суть предки позднее царствовавших Хун-Ну (гуннов). Цин-Чжо пишет: при императоре Яо ахи назывались Хунь-Юй, во время династии Чжеу Хань-Юань, во время династии Цинь-Хун-Ну (гуннов)»[32].

Ғұндардың тарихын Қытай тілінен француз тіліне жақсылап аударған XVIII ғ. ғалымы И.Дегин. Ол кісінің көп жерде айтудынша «түріктердің Шиэуы ескі ғұндардан екені анық». Монгол мен түріктердің арасында оншалық айырмашылық жоқ, Монголияда тұған Шыңғыстың елі түріктердің бір бөлігі. Ғұндардың түрік екені сөзсіз, олар кейін түрік

<sup>20</sup> Вивьен Сен-Мартин – болу керек.



аталды, бұлар Қытаймен алысқан мықты үкімет, олардың ізін ала кейін Түрік қағанаты дүниеге келді.

Дегиннің көп мәліметпен келтірген бұл жарқын ойлары оның соңын ала шыққан Европаның атақты ғалымдары Прай мен Гиббонға, тағы басқаларына өте әсер етті.

Ерте дәуірдегі ғұндардың дүниеге келіп шығуына көп ой бөлген француз ғалымдары Абель-Ремюза мен Клапрот.

Қытайлар ғұн мен түріктердің атын әділетсіз бұзып, оларды қорлап, намысына тиетін етіп айтатын болған; оларға әр қашан дұшпандық көзбен қарап, менмендік көрсететін. Бір халықтың атын әрбір дәуір өткен сайын өзгертіп отырған. Бір ғана «ғұн» халқының өзін бір кезде Ху, бір кезде Хунь-е, бір кезде Хянь-Юнь, бір кезде Хунну деп атаған. Дегин айтқандай Хун мен гун екеуі бір сөз. Ескі дәуірдегі ғұндар тегісімен түріктер, бергі кезде оның күншығыстағы бір бөлігі монгол болуы, мүмкін.


И. Клапрот Абель Ремюзаның айтқанын тегісімен қабылдаған, Қытай анналында әр түрлі болып айтылатыны үш-төрт сөз бәрі бір мағынада, ғұн елінің аты. Түріктердің ғұн мен туысқан ел екенін, олардың арғы атасы екенін Абель Ремюза өзінің шыгармасында айқын көрсеткен.

Күншығыс тарихы мен этнографиясын жүйірік білетін асқан ғалымның бірі академик А.А. Куник. Бұл ғұламамен академик В.В. Радловтың, Н.А. Аристовтың, Г.Н. Потанинің Қазақстандағы ерте дәуірде жасаған тектерін айыруда істеген

зерттеулері шексіз қымбат ойлар. А.А. Куник ғұндардың ескі дәуірдегі түрік екенін Мадьяр шежіресіне сүйене отырып, ашық, келістіре айтқан. «Түріктердің бууындары – дейді ол кісі – Оңтүстік Россияда ту ғұндар заманынан келеді. Түрік тайпаларының ежелгі үйясы Алтай тауы. Ол жерден тараған түрік қауымдары алдымен Құнбатыс Азияны менгеріп, одан әрі Қара теңізге дейін барды. Ғұндардың әскерлері түркі тайпаларынан еді, олардың ескі ізімен кейбіреулері кейінде келіп жетті».

Бұл ғұламаның ашық ойларына ерекше ой бөлген әсіресе В.В. Радлов. Бұл екеуі бірігіп, Голубковскийдің жазған «печенеги, тюрки и половцы до нашествия татар» деген кітапқа тұжырым жазады. Ол екеуі түріктердің ғұн тайпасынан тарағанын өте жарқын түрде, сирек жолығатын мәліметтер мен анықтаған, оған қарсы болған ғалымдарды сөгіп, білмейтіндігін бетіне басқан. Ғұндар ең ескі дәуірдегі түрік екендігін көп анық мәліметтер мен келістіре суреттеген ғалымдар Ф.Хирт, Е.Паркер, О.Франке. Н.И. Веселовский мен Н.А. Аристовтың анықтауынша да ғұндардың өсіп-өркендеуі біргана түріктердің өркендеуі деп түсінген.

Көп ғалымдардың Қытай анналары бойынша аса көңіл қойып суреттеуінше, ғұндар ең ескі заманнан біздің заманың V ғасырына дейін ұлы үкімет құрған, Қытайдың шекара-сынан құнбатысқа, теріскейге (Алтай, Саян, Ханғай таулары) дейінгі жерді билеген, көп тайпаларды өздеріне бағындырған мықты ұлыс




болған. Олардың аса даңықты болған кезі біздің заманымыздан үш ғасыр бұрын, Боде тәнірінің басқарған кезі. Бодені жақсы зерттеген ғалымдар оны Огуз-Ханның бір аты деп түсінеді. Боде мен Огуз-Хан туралы айтылатын аныздар біріне бірі өте ұқсас, екеуінде де сюжетке негіз болған әке мен баланың араздасуы, бірімен бірі соғысып, әкесін баласы өлтіріп, таққа өзі отыруы, ұлан сахрадағы, көп тайпаларды біріктіріп, ұлы үкімет жасауы, халық ішіндегі тайпаларды 24 жұртқа бөліп (әкімшілік) бөліп, оларды басқаруға кеменгер басшыларды (бий, бек, дархан) отырғызу[33]. Бұл дәстүр әсіресе ғұндарда, оғыздарда, қыпшақ, жалаирда (12 ата) кейінгі заманға дейін сақталып келген. Модэнің дұрыс аты Бодэ. Ғұндардың бір атақты beginің аты Цзюкюй Бодэ (Жекей Бодэ)- [Б. I, 136][34]. Бұл қазактарда да солай айттылады. Қарқаралы өлкесінде Қойаныштағай тайпасының бір адамы Бодэ, оның баласы Серік деп аталған.

Бұдан анықтайтын мәселе, Огуз-Қаған азызын ерте заманда шығарған ғұндар екені даусыз, оны сол кезде қолданған тайпалармен кейін тағыда жолығатын тайпалардың аты ашық көрсетеді. Оған ғұнның атақты тайпаларынан қытайша әр түрлі жазатын Хуянь, Хоянь (Колан), Киан (қазақша - киан), Лан, Хайби, Икюй (қазақша екей, Жамбыл ақын осы екейлерден). Ғұн тайпаларының бір аты Окір (акар), бұл атта қазақ тілінде сақталған[35]. Қазақтың Найман тайпасы Найманнан кейінгі атасы Окір (өкіреш) дейді, олардың шежіресінде окір – Найман не өкіреш – Найман ең атақты елге жатады.

Демек Наймандардың өзі, олардың тарихында ғұндардан тарағаны байқалады. Мұндағы “өкір”, “өгіз” сөзінің “р” мен айтылатын бір түрі. Наймандар ерте кезде ұлы той жасап мүшел тартқанда “көк бұқа” сойып, елінің қуанышын көкке жеткізгендей көтеретін. Халық музыкасында Наймандарда “Көк бұқаның қүйі” осы күнге дейін айтылады. Монгол дәуірінен бұрын Алтайда бір үлкен ас болып оған Найман, Керей, Уақ, Меркіт елі жиылып бас қосқанда топ-тобымен әкеліп қырган “көк бұқаның” бір мүшесі Найманның бір атасы Балталы-Бағаналыға жетпей қалады. Оған өкпелеген бағаналының бастысы елін артынан ертіп Алтайдан Орталық Қазақстанға көшіп келеді. Бұл аңызды бірінші рет жазып алған Г.Н. Потанин, бірақ оның жазуында легендаға айналған “көк бұқаның” орнына “жылқы” деп атаған. Алтайдағы Наймандар оған разы болмай “қоржынға өкпелеген қызығр найман” деп атайдын болған.

Күнбатыстағы ғұндар арасында Грек пен Латын жазушыларының хабарында аты кейін қазақ ұлысында сакталған тайпалардың аты кездеседі. Мәселен Дай (Адай), Кидар (Кердері), Охіап (Оғыздар)[36], Коман (Қыпшақтар).

Ғұндардың Қазақстан мен Орта Азиядан күнбатысқа ауғанын көп ғалымдар әдемі суреттеген. Олардың ішіндегі ең атақты тайпалары Алтай мен Орталық Қазақстанды қоныстаған жұбандар (юебань), Арал теңізі мен Сыр-Дарья, Аму-Дарья бойын мекендеген ақ-ғұн, қара-ғұндар (Абдал, Кердері, Адайлар). Ғұндар, үйсіндер, қаңлылар біздің заманымыздан



бұрында, кейінде Қазақ Сахрасын қоныстап, мал өсіріп, қала салып, егін егіп, жаз жайлауда, қыс қыстауда бөлүп жүрген елдер. Бұл жерде олардың қазақпен байланысты көп этникалық, мәдениеттік, тіл, жаө-зу түрінде сақталып келген белгілері орасан көп. Олар заманымыздың VI ғасырының ортасына дейін әкімшілік жасап, соңынан түрік қағанатына келіп қосылды.

Ғұндардың қазақтармен байланысты этникалық ізі қазақтарда әлі күнге сақталған. Ескі ғұн тайпаларынан осы күнге дейін сақталып келгендегі әсіресе Ұлы жүзде көбірек кездеседі. Олар абак, екей (ғұндарда икюй), суан (сиоан), албан (алпан, лабан); Кіші жүзде – кердері, адай, кете, абдал (әфтал, ақ ғұндар); Орта жүзде – арғын (ғын, ғұн), қыпшақ, қоңырат, бәрі ғұн тайпасы Қияндардан тараған. Ғұн тайпаларының аттары Н.Я. Бичуриннің, Ф. Хирттің, В.В. Радловтың, В.В. Бартольдтың, Н.А. Аристовтың, Де Гrottтың жазуларында ашық көрсетіліп отырады. Бергі кезде оларды тереңнен қараған совет ғалымдары С.В. Киселев, А.Н. Бернштам, С.П. Толстов. Европа ғалымдары Ф. Альтхейм, О. Меншен-Халfen, О. Прищак тағы басқалар. Этникалық байланыс болумен бірге, ғұндардың жалпы тұрмысы, мал бағуы, кигіз үй жасауы, күймеде жүруі, кешіп-қонуы қазақ халқының салтымен бірдей. Құдалық салты, өлімге бас июі, бетін жыртуы, жоқтау айтып, жыр шығару әдетіде қазақтармен бірдей. Бұлардың барлығы тарихтың, әдебиеттің ұлы саласы. Бұларға өткен ғасырда орыс халқының ұлы ғалымы А.Н. Веселовский жарқын ой бөлген. Бірақ оның ізін

ала шыққан ғалым болмады. В.В. Бартольдтың тағы басқа көп ғалымдардың көрсетуінше – «ғұндарды тегінде түрік деп атайды. Қытайлар өзінің тарихында VI ғ. түріктерді ғұндардың үрпағы деп көрсеткен».

Ескі түрік тарихын көп зерттеген аяулы ғалымның бірі Ф. Хирт. В.В. Бартольд сияқты ол кісіде XIX ғасырдың соңында талай жаңалықтар ашты, Қытай анналдарын көп заман зерттең, оның ішінен түрік тарихына негіз болатын көп нәрсені жарыққа шығарды. Ол кісінің ерекше мән берген күрделі ойы түрік тайпаларының тарихы ғұн дәуірінен басталады. Олардың ғұннан шығуына ешбір талас жоқ. Өйткені түріктердің арғы тегі ғұн екені ап-айқын.

Ғұндардың ерекше бөтен ел екенін, европа халқына ұқсамайтын жұрт екенін ашық түрде суреттеген Грек пен Латын жазушылары. Олардың ішінде ең ертерек кездегі (б.з. II ғ. бұрын) жазғандары Эратосфен (б.з.б. 194 ж. өлген), оның жазуларын пайдаланған Страбон (б.з.б. 63 – б.з. 19 жж.), Плиний (I ғ.), Помпоний Мелас (I ғ.), Дионисий Периегет (II ғ.), Кл. Птоломей (II ғ.). Эратосфеннен Страбонның алып жазуында екінші Дионисидің хабарлауынша Каспий теңізінің күнбатыс алабынан жоғары қарай төрт түрлі халық тұрады, олар скиттер, ғұндар, каспийлер, албандар. Птоломейдің айтуынша біздің заманымыздың II ғасырында ғұндар Борисфен өзенінің жағасында болған. Армянның жазушысы Моисей Хренский<sup>21</sup> (III ғ.) ғұндарды Хунк деп көрсетеді. Эратосфеннің хабарлауын-

<sup>21</sup> Мүмкін – армяндық автор Моисей Хоренский.

ша ғұндар ол айтқан өлкелерде біздің заманымыздан екі жүз жыл бұрын тұрған. Бұл кезде ғұн ұлысы Орал тауының екі жақ алабын тегіс жауып, Еділден жоғары қарай созылып отырды. Олардың қауымын ақ-ғұн, қара-ғұн деп атаған. Птоломейдің хабарлауынша II ғасырларда ғұндар Каспий төңірегін жақсы көріп, ол жердегі өзеннің атын Даик (жаик) деп атаған. Олар Еділдің төменгі жағынан бір астана тұрғызып, оны Балан-Жар деп атаған. Бергі кезде ол қала Хазарлардың астанасына айналады[37].

Ғұндар тайпасы құнбатысқа бір неше ауып барады. Ең соңғы рет барғаны IV-V ғасырлар. Бұл кездегі ғұндарда аса даңқты болып, күшті үкімет, көп әскер жасады.

Оларды қызықты етіп әдемі тілде жазған Латын жазушылары, олардың ішінде Аммиан Марцелин (IV ғ.), Ал. Клавдий, Иордан, Менандр, Приск Панийский, Феофилакт Симокатта. Мұның айтуынша парсылар өзінің терскейінде созылып жатқан көп ел ғұндарды түрік деп атайды. Олардың бір өзгешелегі, ел басқаратын адамдарын қадірлеп «Қаған» деп атайды[38]. Қаған Рум падшасы Маврикиге елші жіберіп, өзінің қүшті ел екенін білдіреді. Жазған хаты былай деп басталады: «Румның падшасына ұлы Қағаннан, Жеті Жұртты басқарушы, Жеті ықылымды билеуші, Әбдел (Эфтал) елін өзіне бағындыруши, европаға ауып барған ауарлардың (ғұндар) Істеміс (Стемвис) Қаған». Түріктердің есінде сақталған екі ұлы бейнесі бар. Бірінші, ескі дәуірден бері қарай олар ұлы апатқа ұшырамаған, жер сілкінуді білмеген.

Екінші, олардың табынатын сәуегей орны аспан мен жер. От, аспан, жер-су, жерге қарап бас ию олардың әдепті ісі. Аспанды «тәнірі» дейді, оған арнап жылқы, сиыр, қой сойып құрбандық шалады, сәуегейлік жыр шығарады. Олардың арасында бақсы, абыз деп аталатын ойшылдары бар, олар ілгергіні болжап аңыздар шығарады[39]. Ғұндардың европага кейін ауып келген тайпалары бұрынғы ауарларға (ескі ғұндарға) келіп қосылды. Олар тегісімен Түрік Қағанатына бағынады[40].

IV ғасырдан сонында – V ғасырдың басында Латын тілінде ғұндардың өмірін, тарихын суреттейтін әйдік карта жасалады, ол карта қазір Британ музейінде сақтаулы тұр. Бұл картада қарағанда Латын ғалымдары жаһызы Европадағы ғұндарды жақсы біліп қоймай, олардың шыққан жерінде, жасаған ата тегін, Орта Азиядағы, Қытай шекарасындағы ғұндарды ашық суреттей білген. Оларды әр уақыт ғұндер – скифтер деп отырады. Картаны жақсылап зерттеген Мадьяр ғалымы К. Немет деген кеменгер ғалым. Ол ксінің зерттеуіне негізгі дерек болған жоғарыда көрсеткен Латын жазушылары, олардың ішінде бірден 200 жыл бұрын жазған Эратосфен – Страбон, Аполлодор, германдардың қария аңыздары ғұндар туралы айттылатын, ғұндардың бақсылары, тағы басқалар. Дегенмен жергілікті ғұндардың көпшілігі IV – V ғасырларда Қазақстанда, Орта Азияда, Алтай тауының ішінде, бүкіл Күн-шығыс Түркістанда жасады. Оның үстіне Аділ өлгеннен кейін, оның балалары Ернак, Денізек Орта Азияға қайтып



келіп, ол жердегі тайпаларды жаңадан біріктірді (Бернштам, 210). Қазақстандағы жергілікті ғұндардың ұлыстары Жұбандар, Қияндар, Кердерілер, Абдалдар. Жұбандардың, Қияндардың қоныстаған жерлері Алтай, Ертіс бойы, Зайсан, Орталық Қазақстан, Оңтүстік Орал. «Юе-бань не ушедшие местные гуинны, далее на Запад не прошедшие». Олар Қазақстан жерінде үзілмей отырып, олардың басшысы Шоңшы Губань V ғасырда ғұн елінің атынан Қытайға елші жіберіп, сауда мәселесін көтереді. VI ғасырларда олар он оқ Күнбатыс Түрік қағанатының үлкен бір ұлысы болды, «Шоңшы Губань» аталды.

Арал теңізімен, Сыр-Дарья, Аму-Дарья өлкесін қоныстағ, қалада отырган ғұндар – ақ күн, қара күн, абдал (эфтал), кердерілер Кушан мәдениетіне үлкен үлес қосып, VI ғасырларда оларда Күнбатыс Түрік қағанатына қосылды.


Бұл жергілікті ғұндар туралы әдебиет орасан көп. Ұлы Сахраны ерте кезде сақпен қатар отырып қоныстаған ғұн тайпаларын, соңынан түрік қағанатына қосылып, олардың жеке-жеке тайпалар болғанын (оғыз, қыпшақ, найман, керей, қоңырат, аргын) ұлы ғалымдар көп деректермен мейілінше терең суреттеген. Олардың ішінен әсіресе жеке шығатын Ф. Хирт, В.В. Радлов, В.В. Бартольд, Де Грот, Ед. Шаван, Ф. Альтхейм, К.А. Иностраницев, А.Н. Бернштам. Қазақстан мен Орта Азияны жасаған ғұндар туралы бірнеше жарқын деректер берген ғалымдар Меншен-Хелфен, Х.В. Байли, К. Еноки, Л. Базин, Е.А. Томпсон. Бұл Томпсон көп жерінде мен-

мендік көрсетіп, империализм көзімен қарайтын ғалым.

Қытай мен Рим тарихында ашық сипатталған мәселелер ғұндардың қауым құрлысы, олардың түрмисы, әдет-ғұрпы, байлығы мал өсіру, кен казу. Олар ерте кезде Сары-өзеннің бойын, Қансу, Өртас өлкелерін қоныстап, Алтай, Тәңрі-тау алаңтарын жебеледі. Олардың әдет-ғұрпы түркі тайпаларынікі мегзеуімен бірдей. Олардың сол қалпында осы қунгі түркмен мен қазактардың бір түрі деп салыстыруға болады. Оларда жаз құні көшіп, биік таулардың салқын төскейінде жайлап, қыс құні қалада, ауыл қыстақтарда отырған, үйлерін көбінесе балшықтан жасап, Сары-өзен бойында ғұндар жерді үңгірлең қазған үңгір үйлерде (ауто) отыратын болған. Дун-Хуанда сақталған әдемі үңгір үйлердің сақталған түрі солардікі болуға тиісті.

Олардың ең көркем дүниелері жазғы кигіз үйлері, әдемілеп жасаған ордалары, ата-бабасына арнап түсірген жазуы бар құрбан тастары, түйе, өгіз жегіп жүрет әдемі күймелері[41]. Бұлардың барлығы бергі кезде қыпшақта, ноғайда, қазактарда толығынан сақталыш келді.

Ең бір ес қоятын нәрсе, ел басқару ісі, қауымның құрылышы. Ғұндардың хандарының атын «көктен туған, көк жаратқан» деп ат қойып, - «тәңірі құт тәңірі» деп атаған, қытай жазуында «тіңлі комо тан-ху, тәңрінің ұлы тәңірі». Ел билейтін ұлы басшыларын «төрт мүиіз». «Мүиіз» күшті деп атаған[42]. Олар көбінесе жете, тегін алым хаюан дәу бұқаның мүиізінен алған мегзеу. Ерте заманда «бұқа» ғұндардың бағынатын




бір тотемі, оны ардақтап, кісі формдас түрін алтын күміскеде құйып отырған (Ноин-Ула). Ұлы бидің атағы Жуки-данышпан, кемеңгер, білгіш, қазақша – жауке, енді бірінің атағы ду-юй, қазақша да «дүй» – ұлы биік, қазақтар айтады ғой «мынауың бір дүй ғой» деп. Бергі замандағы сияқты ғұндар көп тайпаларын 24 жүртқа (ұлысқа) бөліп ұстаған. Ғалымдардың оған таң қалатыны: «замечательно, что некоторые черты государственного устройства хуннов (гуннов) повторяются и в новейшей истории Средней Азии, так число 24 имело значение как в политической жизни хуннов (24 владения) и в истории огузов на Сыр-Дарье»[43].

Қытай анналарының суреттеуінше ғұндар жылына үш рет шүлен таратып, ұлы той жасайды, оны «сой» деп атайды, асқан жүйрік аттарды жарыстырып, жел жетпейтін түйелерді жүгіртеді. Жаңа жыл түскенде (бірінші ай) ел басшылары ағылып тәнірі құттың ордасында жиналады, бәрі біргіп, ел мәселесі туралы кеңес құрады. Бесінші айда, мал семіре бастаған кезде, аталардың жер ұйық жеріне жиналып, бабаларына ас береді, аспанга, жерге, аталар рухына табынып ұлы құрбан шалады. Күзді күні, жылқы толық семірген кезде орман ішін арапап, жер тәнірісіне арнап құрбан шалады, бәрі қол көтеріп табынады, малдың, адамның санағын алады.

Ғұндар жаратылыстағы барлық көркем бейнерге бас иді, жерді, суды, тау-тасты, ұлы орман ағашты ерекше сүйді, оларды асыра көтеріп қадірледі, көкке мегзеп теңеді. Бұл дәстүр кейінгі түркі тайпаларына, оның ішінде оғыздарға,

қыпшақтарға, қазақ, қырғыздарға зор әсер етті, Жер-су, Жер-ұйық, Тәнірі-тау, не Хан-тәңірі табынатын отанның көркем бейнесіне айналады. Олардың аса бас иіп табынғаны Алтай, Тарбағатай, Кокмен таулары, құнгейдедегі ұлы биік Тәңірі тау барлығын киелі деп санады. Ол әдемі таулар ғұндардың ата-бабасының Жер-ұйығы болған сәуегей жер, онда ерте кезде мұнара, дың, құлпы тастар орнатып, оған барып бас иетін, жаз күні қызықтайдын, таудың ішиндегі ұңғірлерге жазу түсіріп, ұрпақтарға із қалдырған. Орхон, Енесей, Ертіс, Іле өзендерін таңсық етті, өзінің ата-бабаларының кеніштерін сол арада тұрғызып, ұлы «дың» жасады. Алтай тауын қытайлар «ғұн тауы» деп атады. Ол жерде ата-бабасына ариған биік мұнаралар (дың, храм) бар, жыл сайын ол жерде шүлен тартып, ас береді[44]. Демек, олардың ерекше қасиеттегені ата рухын қадірлеу, оған бас ию, жыл сайын ас беру, аспанға, тәңіріге табыну, айға қол көтеріп бата қылу, шығып келе жатқан күнге қарап табыну, оларға арнап сүтпен, қымызбен құрбандық ету, оны іргеге құйю. Бұл әдет тегісімен қазақтарда сакталды, барлығы тіршіліктің үміті үшін, аман болу үшін, мал, бас өркендең ілгері басу үшін істеледі[45].

Халықтың, Отанның басына ауыртпалық түскенде, Қытаймен қанды майдан соғысқа шығарда, барлық ғұн тайпалары Алтайдың әдемі тауына жинальп, қария сәуегейлер оның биік басына көтеріліп, қолын көкке көтеріп, сәуегейлік сөздер айтып, жырмен ерлік дәүірін еске түсіреді, оны естіген халқы ұран шақырып,



елімізді, жерімізді Қытайға бермейміз деп анттасады. Алтай тауының Ертіс жақ баурында жылқыдан боз қасқа әкеліп құрбан шалып барлық ел болып анттасады, боз қасқаны әкелгенде, оның алдынан сәуегейлер, бақсыжыраулар қарсы шығып, қолын көкке көтеріп, елінің аман болуын тілек етеді. Құрбандыққа көбінесе жылқыдан – айғыр, түйеден – бура, сиырдан – бұқа, қойдан – қошқар әкен шалады. Ф. Клеердің барлауынша жылқыдан құрбан шалу тәртібін Европа елі түріктерден үйренді.

Ғұндардың әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты, мал бағуы тегісімен қазактікімен бірдей, құда тұсу, қалың беру, күйеудің ұрын (жасырын) келуі, қызға әдемі жасау тарту, әменгерлік, тізе бұгу, отқа табыну, тұскеннің келіннің атасының үйінде отқа май құйуы (от ана, май-ана), демек – от үй ошағының киелі түрі, сақтаушысы бәрі түркі тайпаларында сақталған. Кісі өлгенде «бетін жырту», «жоқтау айту», ас беру кейінгі заманға дейін келді. Қазақ әйелдерінің «бетім-ай!» - деп жәй отырганда құрсінуі осыдан шыққан[46]. Мұның бір қызық жері «бетін жырту» Түрік қағанаты кезінде Сарайдың іргесінде суретке де түсірілген. Оны Пенжікент қаласын қазғанда оның қабыргасынан «бетін жыртудың» бір топ суреті кездескен.


Ғұндардың ой санаасына негіз болған бір жүйе олардың өзіне тотем болған хайуандарды қадірлепардақтады, олардың ішінде ерекше орын алған, әсіресе кек бұқа, марал, бөрі. Кек бұқа – ең құдіретті тотемнің бірі, ел билеуде оның алапаты, құштілігі өз алдына бір елес

былып тұрады. Бұқа тотемінің сипаты алтынға, күміске, қолаға түсірген суреттерінің жиі кездесіп отыруы. Бұқаның ең көркем түрі Ноин-ула обасынан табылған – күміс табақтағы сурет. Оның маңдайы, төгілген шаштары адам бейнесінде түсірілген. Бұқаны ардақтаудың негізгі сайып келемал өсірудің мегзеуін білдіреді. Ол ақылды, өзі алпауыт жануар, шебі, сұы көп шүйгін жерді күні бұрын біліп, болжап отырады. Латын жазушысы Ермий Созоменның бақылауыша «құндерде бір күн сәйгелден мазасы кеткен бұқа көлді жүзіп өтіп оның арғы бетіне шығады, оның ізімен бақташы бірге шығады. Ол жер созылып жатқан бір шүйгін жер, оны еліне келіп айтады». Жаңа туған балаларға ер алпауыт болсын – деп өгіз (өкір) қоятын болды.

Қытайдың ескі жазулары бойынша ғұндардың жақсы көрген баласына беретін алғыс бата сөзі поэзия түрінде айтылған аса таңсық нәрсе. Онда не деген:

Ай мүйізді аккошқарым бастаған отарлы ақ қойым сенікі болсын, қамыстай сүйір құлағының жиегінде қара меңі бар мөлдір көзді боз айғырым бастаған ұлан-байтақ боз жылқым сенікі болсын, шудалары төгілген, түсінен адам шошитын қара бурам бастаған отарлы түйем сенікі болсын, мүйізі қарағайдай, бөрі келсе оны жармай тыныш таппайтын көк бұқам бастаған қара малым сенікі болсын.

Демек, мұнда мал өсіруді әдемі түрде айтып жеткізумен бірге, ол кездегі малдың түрі, оның ерлік қасиеті орасан күшті болған, оларды бөрі оңайлықпен жей алмайтын болған. Айғырын,



бұқаның, қошқардың бөріге қарсы тұрып айқасуы бергі кездегі қазақ азыздарында жақсы айтылып отырады.

Рим жазушыларының ғұндардың оһтасынан жазып алған азыз бойынша, ғұндарға елес беріп, жол көрсетіп отыратын киелі нәрсе ақ-марал. Бір топ ғұн аңшылары Мэотис<sup>22</sup> батпағынан шыға алмай қыындыққа түскенде кенеттен бір марал келіп, батпақты кесіп өтіп, судың ар жағына шығып тұрады. Оған таң қалған ғұндар маралдың ізімен бірге шығады. Олар шыққан кезде ақ марал орнынан тайып, көз ішінде жоқ болады. Бұл азыз рим жазушыларына үлкен әсер етіп, әр бір әдебиет сюжеттерінде еске түсіріп отырады.

Ақ-маралды осы күнге дейін қадірлейтін ғұндардың ұрпағы қазақ ұлысы. Жақсы туған қызыым әрі ақылды, әрі сұлу болсын деп атын Ақ-марал деп атайды[47].

Қытайдың ең ескі замандағы шежірелерінің суреттеуінше, ғұндардың арғы тектері (Ху, Жун, 722 ж.) ылғи-ақ бөрі мен ақ-маралды тобымен қолдарына ұстайтын болған. Бөрінің ғұндарға ұлы тотем болғандығы олардың ескі азыздары бойынша қыздарының бөріге ғашық болуы. Оған мына мысалды келтіруге болады: Ғұн патшасының екі әдемі қызы бар еді, екеуіде адам таң қалғандай сұлу еді. Ғұнның билері оларды құн тәңірісі деп атайдын. Ғұн патшасы оларды көкке жақын биіктө тұрсын деп елсіз-күнсіз жапан тұзде биік мұнара (дың) тұргызып

<sup>22</sup> Мэотис – мүмкін солтүстік Қара теңіз жағалауындағы батпак.

сонда жатқызады. Үш жыл өткен соң анасы айтты «балаларды үйге алайық» деп, әкесі оған рұқсат бермеді. Осыдан бір жыл өткен соң, бір қартамыс көкжал бөрі күндіз-түні мұнараның түбіне келіп ұлый береді, ол арадан кетпей үшік жасап алды. Сінлі қыз айтты, әкеміз бізді көкпен бірге тұрсын деп мұнда қойған еді, енді бөрі келе бастады. Бәлки оның келуінде бір баһыттың елесі болуы мүмкін. Сінлі қыз бөріге шығуды әңгімелеп айта бастаған еді анасының зәресі ұшып, не дейсін, ол хайуан ғой, ата-анаңың абырайын төгіп хорлайсын ғой! – деді. Кіші қыз оны тыңдамады, бөріге шықты бір ұл келтірді, ол көп ел болып тарады.

Тап осы сияқты мұнарада өсірген бір сұлу қыздың легендасы қазақтың ескі сөздерінде кездеседі. Бірақ ол қыз бөрінің орнына биікті күнмен шағылышып жүкті болады, одан туған кеменгер баладан атақты ер Домбауыл бастаған Қият ұрпақтары көбейіп шығады. Тегінде Қияттардың өзі ғұндардың бір атасы. Бөріні тотем ретінде қадірлеу ғұндармен қатар үйсіндерде, түрік қағанатында, ойғырларда, оғыз-қыпшақтарда кілең орын алып отырады. «Оғыз наме» жырында бөрі Оғыз ханға жол көрсетіп отыратын әйдік басшының бірі, әсіресе қыстың ұскірік айларында, боран ұйытқып соғып тұрган кезде бөрі қара жолмен жургендей сарнатып отырады. Оғыз адасып жүрген кезде оған айғыры ерік бермей еліне тұра тартып өзінің тауларына алып келеді. Оғыздың осы айғыр мен бөрі бастаған керуі артында көп керуен түесі бар Бұланты өзенінің жағасындағы



қапқа тасқа түсірілген. Керуеннің алдында бұгжендей жүгірген алып бөрі, оның сонын ала жүгірген Оғыз ханның айғыры. Бұл сурет Орталық Қазақстан Қия тастарында ғұндар дәуірінде ал-анық көрініп тұрады.

Бөрінің кісімен дос болған суреті Орталық Қазақстанда (Баян-аула) бір обаны қазғанда табылған «алтын қабақ» атты дөңгелек мыстың бетіне ойып түсірген сурет. «Алтын қабақ» - ілетін тесігі бар мыстан, не алтыннан жасаған нысана, ерте кезде, жастардың той үстінде, атысып ойнайтын ойыны. Орталық Қазақстаннан табылған «алтын қабақ» бұгінде Ғылым Академиясының Ленинградтағы Этнография және Антропология музейінде сактаулы тұр. Оның бір бетінде кісінің басы мен тұлпардың әдемі мүшесін біріктіріп жасаған, гректер оны кентавр дейді, енді бір бетінде қожасының бөріні еркелетіп отырғаны суреттеген, бөрі көкірегін жоғары көтеріп, қожасының сылап-силағанын әуес еткендей болады. Мұны жасаушы қыпшақ шеберлері болу керек.

Ғұн дәуірінде бір ұлгімен жасалған мәдениет, өнер белгілерінің орасан көп жолыгатын жері Алтай, Саян таулары, Орхон, Ертіс бойлары, Орталық, Күнбатыс Қазақстан өлкелері, Жетісу, Талас, Сыр-Дарья өзендерінің алабы, Аral, Каспий теңіздерінің бойы, Солтүстік Кавказ, Қырым, байтақ Қырғыз өлкесі. Олардың алтыннан, күмістен, қоладан жасаған әсем бұйымдары осы айтылған өлкелерде топ тобымен кездесіп отырады. Ғұн өнерінің Қытайға әсер еткен әрі ескі, әрі жойқын түрі Кансу, Өр төс бойында көп

сақталған. Сонының ең жақсы үлгісінің бірі Дун Хуань үнгірінің қабырғасында сақталған көркем бейнелер.


Ғұн шеберлері ескі дәуірде жасаған ұлы бейне, әсіресе алтыннан құйып істеген, кісінің алтын мүсіні, бөрінің алтын басы, екеуде табынатын нәрсе.

Біздің заманымыздан 121 жыл бұрын Қытай әскері ғұндарды женгенде, көп талаудың ішінде олардың алтын-күмістері тегісімен Қытайдың қолында кетеді.

Ғалымдардың зерттеуінше, ғұн мен үйсіндердің тарихы бай дәстүрін өзіне мұрас еткен қазақ пен қырғыздар, алтай елдері ғұнның ескі өрнегін бүтінге дейін сақтап келген. Оның ашық дәлеліне зерттеушілер Ноин-Ула обаларынан, Пазырықтан табылған киіз кілемдерді, сырмақ, текемет, тұс-киіз, киіз есік, айақ-қап, бау тағы басқаларды салыстырып отырады.

Этнографиялық белгілердің ұқсас болуымен қатар, қазақтың жалпы тұрмысы, мал бағуы, оған істейтін рымдары, жұтқа ұшырап, қындық көруіде ғұндардікімен бірдей еді. Оның үстіне ғұн мен үйсіндердің тарихы отанына ие болған бірінші түрік қағанаты, ол біткен соң оның орнын басқан қазақ тайпалары.

Ғұндар Қытаймен жауласып өткен ерте кездегі ұлы мемлекет. Осыған лайықты олардың бір жүйеге түсірген белгілі жазулары болған, ол жазу Орхон жазуының ең ескі түрі. Мұны бірінші рет VI ғасырдың басында, түрік қағанаты болмай тұрған кезде еске түсірген – будда дінін үгіттеуші елші Сон-Юань. Ол Лоб-Нор өлкесін



қоныстап отырған Тугю-Хунь ұлысын басып өтеді – через землю царства Тугю-Хунь (hun). Ол кісінің айтуынша бұл Тугю-Хунь (тюрк ғұндары) жазулары Тоба Вэй жазуына ұксас. Тоба Вэй падшалығы заманында (386-558 жж.) оларда бітік жазатын қалам ұшы болған, Қытай жазуларында Пи-Тэ деп аталады. Ондай бітік ғұндарда болды (Бартольд, V, 38, 508).

Көп ғалымдардың жобалауынша Орхон жазуының шығуы VI ғасыр емес, III ғасыр, не одан көп бұрын. П.М. Мелиоранскийдің байқауынша түркі тіліндегі руналар III ғасырдан белгілі.

Абель Ремюза мен Г.И. Спаскийдің дәлелдеуінше ғұндардың жасырын жазатын жазулады, тасқа түсірген жазулары болған. Алтайда, Бұхтарма өзенінде, Жоғары Ертіс бойында, оның ішінде Зырянов кенінің қасында, Гусиная пристань маңында Қия тасқа түсірген Самра бітіктері тегісімен ғұндардің екені байқалады. Мадьяр, Румынияда, Балқан тауларында табылған руна жазуларын ол жерге IV ғасырда алып барған ғұндар. Академик В.В. Бартольдтың көрсетуінше ғұндар түріктің тіл элементтерін, оның ішінде бітік сөзін Мадьярдың есінде қалдырғаны көрінеді. Ертедегі руна жазуларын біздің заманымыздан бір ғасыр бұрын күмәнсіз пайдаланған елді Қытай жазулары Усунь деп атайды. Олардың мекендереген жері Ертіс пен Жайсаң көлінен күнбатысқа қарай созылып жатады. Алтайдағы руналардың тілі жергілікті елдің өз тілі, Мадьярдағы жазулар осы арадағы Шығыс елінің тіліне, не ғұн тіліне келеді.

Е. Блошениң зерттеуінше түріктер руна жазуын ғұндардан мұрас етті. Бұл жазуды ғұндар біздің заманымыздан үш ғасыр бұрын қолднып, негізін арамей жазуының бір түрінен алды.


Орхон жазуынан көп бұрын рунаға ұқсас ескі жазу болғанын В.В. Бартольд, С.В. Киселев, С.П. Толстовта айтады. Киселевтің зерттеуінше «время зарождения тюркской руники обязательно к III-IV вв.», демек ғұн заманына тиісті.

Томсеннің анықтауынша, өз тілімен ерте заманнан сейлеп келе жатқан түріктер VI ғасырдан анағұрлым бұрын жасаған ел, түрік сөзінің өзі де бұрыннан келе жатқан сөз, бұл сөзben ерте кезде бүкіл бір династияны (сұле) көрсетпекші болған. Бірақ В. Томсен мен О. Доннер Орхон жазуының кейбір харілтерін арамей жазуынан шыққанына ете күмәнді болып қарайды.

Ұлы ғалымдардың терең зерттеуінше ғұн тілі ең ерте дәуірдегі түріктердің ескі тілі. Үйсін мен ғұндар екуіде ескі түрік тілмен сөйлескен, ғұндардың тілі Гао-Гюй (ойғыр) тілімен бірдей.

Клапроттың қадағалап қарауынша ғұндардың түрікпен туыстас ел екенін Абелль Ремюза өзінің шығармасында айқындалап көрсеткен. Олардың әдеті, ғұрпы Қытай мен Рим жазушыларының суреттеуінше түріктермен бірдей. Галым Қытай анналарынан ғұнның 20 сөзін тауып, олардың түрікше сөйлегенін баяндайды.

Ғұн мен түріктердің бір үйядан шыққанын жарқын түрде көреткен ғалымдардың бірі Нейман. Ол кісінің баяндауынша түріктер ғұнның негізгі елі, бұлар сол ерте кездің өзінде түрікше сөйлеген.



Қазақ сахрасы мен Орта Азия тарихында кездесетін түркі тайпаларының барлығы ғұндардан тарап өсті. Олардың ең қадірлі ісі жылқыны әдемілеп бағатындығы, асқан тұлпар атты қадірлен, оны қультке айналдыруы. Бұл әдет қазақтарда осы күнге дейін сақталды. Қытай тарихында ғұндардың ондай атақты тұлпарларын күнінде мың ли (500 км) жүретін жүйрік деп атаған. Ондай асқан жүйрік Бөденің әкесі Тұман ханда болған. Күніне мың ли жүгіретін ғұнның тұлпary асып тұскен ұлы қазына дейді Қытай жазушылары.


Ғұндардың шаруашылығы, тұрмысы, шығуы, тілі, сөйлеуі тегісімен түрік екендігін тағыда толып жатқан көп деректер, көп ғалымдар келтіреді.

Ғұндардың ескі дәуірдегі кісі аттары, олардың сол кездегі сөйлеген сөздерінің бір талайы кейінгі заманға дейін келіп жетті. Академик В.В. Бартольдтың анықтауынша ғұндардың тілі ең ескі түрік тілінің бірі. Ғұндар екінші ғасырда Орал өзені бойын қонысталп отырғанда, Птоломейдің хабарлауынша, олар ол жерді Даик деп, кейін Менандр Дайх деп жазады, демек Яик деген сөз. Мүмкін ғұндар кейін айтылатын И не Ж –ның орнына Д харпін пайдалануы ғажаб емес. Бұл «Яик» сөзін ерте кезде ғұндар қолданғаны анық, бірінші түрік сөзі деп түсінуіміз керек. Екінші бір өте ерте кезде қолданған сөз «Қартасым» (Қардасым). Бұл «Қардасым» сөзі ескі ғұн дәуірінде айтылған бірінші түрік сөзі. В.В. Бартольдтың зерттеуінше «Қартасым» скиф (сак) заманында айтылған өте

ескі сөз сияқты. Құнбатыс ғалымдарының болжашынша ескі түріктер скифтермен туысқан ел, антик заманында көшіп жүрген ел. Курцияның Александр Зұлқарнаин туралы жазған кітабында Сыр-Дарьяның арғы бетін мекендейтін скиф (сақ) патшаларының бір туысқанын Қартазис деп атаған. Оған ой бөлгөн Нёльдеке бұл ескі түрік сөзі «Қардашы» - болу керек деп түсінген. Гутшмид оны «мүмкін, тюрк халықтарының тарихта ең алғаш болғанын сипаттайтын бірінші із» деп көрсеткен.

Академик В.В. Бартольдтың зерттеуінше ең ескі дәуірдегі деректер Герадот тарихында да бар (IV, 23). Ол әсіресе сол кезде жасаған тайпалардың бірі аргимпейлер (арғымбайлар), түрікше айтылатын әдемі сөз асі (ащы), айранға сүт қосып ішетін ащы сусыны.

Қытайлар түріктерді ғұнның ұрпақтары деп атады. Түріктердің ең ескі сөзі осы ғұн тілінде сакталып келді. Олардың ең ескі дәуірде сөйлеген сөздері біздің заманнан 1022 жыл бұрын жазылған Қытай шежіресінде кездеседі. Ф. Хирттың анықтауынша бұл сөз «самое древнее известное тюркское слово», «the oldest turkish word on record», бұл «қынлук» деген сөз, беріркте айтылуы «қынжар» – қанжар. Бұл сөз біздің заманымыздан 47 жыл бұрын ғұндар Қытай үкіметімен келісім жасап отырғанда тағы кездеседі, Қытайдың жазуы бойынша Цин-Лу, ескі замандағы сөйленуі Цин-Лук, не Қын-Лук – парадный меч гуннов, қазақша айтқанда ғұндардың ұзын селебесі.



Ерте кездегі Қытайдың Чжоу заманында оларға үлкен әсер еткен Кан-су, Өр-төс, Құншығыс Туркестандың ескі түрік тілінде сөйлеген ғұндар, солардың арғы аталары. Олардың тілінде «иер», «су», «от», тәңірі, ажұн (дүние) сөздері айтылатын болған. Мұндай мысалдарды тағыда көп ғалымдар келтіреді.

Қытайдың ескі анналдарын жақсылап пайдалана отырып, ғұн мен ескі түріктердің (прото-түріктер) тілденрінен көп жаңалықтар ашқан көбінесе XX ғасырдың ғалымдары, олардың ішінде Ф. Хирт, К. Ширатори, Л. Базин, О. Меншен-Хельфен, Ф. Альтхейм, Е. Пуллейбланк, Совет ғалымдарынан Ю.А. Зуев, В.В. Бартольд пен П. Пельо Қытай энциклопедиясынан көруі бойынша сәнビルдер де түрік тілімен сөйлегенін дәлелдейді. Олардың ойын осы кезде Л. Базинде қарсы алады.


Ғұн тілінен көп жазбалар сақталған жерлер Құншығыс Туркестан, Хотан, Керия, Лоб-Нор көлінің бойы, Дунхуань, Құнбатыста Мадьяр жері. Мадьярлар өзінің туысы ғұнмен, қыпшақпен, пешенекпен байланыстырып, бұл мәселеге ерекше көңіл бөледі. Олардың ғұн туралы тарихи азыздарын ашық түрде сипаттаған ғалым Кираль-де-Дада. Бұл кісінің болжауынша, Мадьяр жерінде екі түрлі жазу түрі сақталды, оның ең ескісі ғұн-скиф жазулары, соңғысы қыншақ жазулары. Ғұн жазулары руна харіптері сияқты белгілермен жазылған, түрі Орхон-Енисей жазуларына ұқсас. Бұл жазудың ең ескі түрі Nagy Szen-Miklostan табылған алтын көздегі жазу. Түрі Орхон жазуының ескі замандағы түрі.

Ғұндардың герман тілі мен мадьяр тілінде сақталған ескі қария сөздерін жақсы пайдаланған ғалым Ю.Блеер. Ол кісі (айтуынша) ғұндар ескі түріктер, Мадьярлардың кейбір тайпалары осылардан тарапалды. Германдардың ғұн туралы айтылатын байтақ қария ғұндардың түрікше сөйлеген сөздерін мысалға келтіреді, оның ішінде кісі аттары Еллас (ел алас), Ернақ, Діңізек, нәрселерден – King-lo – Қынлы (Селебе), Kutsz – Күз – Қызы, Қыз бала, Kul-Kischи – Күл кіші (слуга) т.б.

Түрікше сөйлеген ғұн сөздерінің бір тобын келтірген ғалым Ширатори екенін біз жоғарыда келтірдік. Ол кісі ғұндарды «кун» (кунну) сөзімен жазады, оның ерекше көңіл қойғаны «тәңірі» - аспан, көк, біз «көк тәңірінің ұлы» деп айтуы, енді бір ғажайып сөз toz, tuz – қазақша төзім, төзу – дана, кеменгер, ойши.

Ғұн сөздерін көп зерттеген ғалымның бірі В.А. Панов. Ол зерттеуші ғұндардың 14 сөзін Қытай тарихынан тапқан. Олардың ішінде белгілі сөз Чэн-ли – турук, тұрак (стоянка), Гу-ту – Құт (счастье), Yen-chi, Янчи, Янь-ши – қазақша жеңге – әйел (біздің заманымыздан екі жұз жыл бұрын), Оу-то – одак, қазақша отау (біздің заманымыздан екі жұз жыл бұрын), Ци-лынь – сілік – таза, тап-таза, қазақша сілкү – тазарту.

Ең таң қалатын нәрсе ғұндар сол ескі заманының өзінен Европа елімен қарым-қатынаста болып, сауда жолын бірінші рет кеңінен ашып, өзінің тарихын, қария сөздерін, шеберлік істерін Күншығыс пен Күнбатыс елінің арасына молынан таратып, мәдениетте ұлы бейне қалдырды.



Латын жазушыларының суреттеуінше ғұндар сәулет өнерінде, кол өнерінде жүйрік біліп, грек пен латын мәдениетінің үлгілерін пайдаланып отырған. Оған дәлел ретінде Латын жазушылары Дунай өзені бойында жасаған Еділдің әдемілеп жасаған үлкен сарайын, оның әйелі Керке үшін жасаған көркем сарайды ашық түрде суреттейді. Жазушылардың айтудынша Керекенің сарайы тоptалған қолы шебер күң әйелдермен толы болған. Олар қазақ әйелдері сияқты сырмақтың, не кілемнің үстіне жиылып, әдемі шебер қолдарымен неше алуан сұлу кестелер, бас киімдер, әдемі шапан, тондар, бояумен неше алуан қымбат дүниелер жасайтын болған.

Ғұндардың дәуірі жалғыз тарихта емес, Европа елінің ұлы эпос жырларында, тарихи легендаларында жарқын түрде сақталған. Олар туралы барлық қария сөздің тобын келістіре жинаған жоғарыда келтірген Веер мен А.Тьери. Бұл ғалымның мегзеуінше «кимя Аттилы завоевало в истории человеческих гениев рядом с именем Александра и Цезаря». Ғұндар туралы әдемі қария сөздер, әсіресе Скандинавия жырларында, германнның ескі эпос жырларында (Небелунг жыры). Латынның, Мадьярдың хикаяларында жиі кездестіреміз.

Ескі заманнан келе жатқан өздерінің қария сөздерін, легенда, мифтарын, қызықты ерлік жырларын ғұндар Европа жүртіна таратып, оның құдіретті бейнелері «Ұлы Едда», «Кіші Едда» сияқты Скандинавияда айтылатын дүниежүзілік әдебиетке мұрас болып, әрі қызықты, әрі көркем, әрі тамсанып айтылатын эпос жырының

шығуына үлес қосты. «Ұлы Едда» жырының бас геройы Шығыс елінен Европаға барған төзімді, кеменгер ел басшысы, жылқы өсіріп қымыз ішкен, көрмеде мұсін аттар байлаған, ерлікті 12 жасынан бастаған, атақты алып тұлға. Бұл атақты ер, жүйрік бәйге, ұлы алып Еділ. «Небелунг» жырында оның айтқан нақыл сөздері, тапқыштығы, әдемі сарайда отырғаны, алтын қазынасының керемет мал болғаны суреттеледі. Еділдің Қаталаун соғысында болғаны (451 жыл), оның қайтыс болғаны (453 жыл), ол өлгендеге ғұндардың тегіс қара жамылып қайғыруы, тұлпар аттың жүгіріп келіп өліп жатқан Еділді иіскең көзінен жасын төгуі, туыскандарының көп әйел тобымен қосылып жоқтау жырын зарлатып айтуы, атақты сәуегей Белбидің қабыр үстінде сөйлеген әдемі сөзі, оба басында отырып сыйызғымен үн қосқан қойшының сыры – осылардың барлығы ескі дәуірдегі ғұндардың түрік-монгол эпосына құдіретті негізін, оның тамсана айтатын легендаларын күшайте, қызықтыра бастағанын көрсетеді. Қазақ, Қыргыз, Алтай эпосына негіз болған бір құдіретті нәрсе геройдың қамыққанда тұс көруі, толғау сөздер айтуы. Осы легенда ғұндар заманынан келеді. Еділ өлерінің алдында тұс көріп қатты шошынады, өтетін өмір оның көзіне қолынан ұшып кеткен ак сұңқар құс болып сипатталады, бақшага еккен ағаштар тегісімен жапырағы қурап сарғаяды, өшіп сұлағандай болады. Бұл легенда ғұндардан алынып «Ұлы Едда» жырына кірген, ол қыргыздардың айтатын



Манастың түсіне, қазақтар айтатын Ерсайынның, Орақ ердің түсіне тұпа тура келеді.

Ғұн мәдениетінен, оның жазу үлгілерінен көп із қалдырган өлке әсіресе Күншығыс Туркестан, Хотан, Керия, Абдал, Лоб-Нор көлінің бойы, оның шығысында тұрған Тунхуан ұңгірлері, Өртөс, Кан-су бойлары. Ол атақты өлкелер ғұндардың ата тектеріне ұлы қоныс болып, онда көп тарихи мұра қалдырган алтын отан.

Бұл таң қалатын өлкелерді, ондағы қымбатты дүниелерді көп жыл бойы зерттеген атақты ғалымдар Аврель Штейн мен Ю.Д. Андерсон.


Аврель Штейн Таглы-Мекен құмының оргасына кіріп, онда не заманнан құм басып жатқан бірнеше қалаларды қазып, көп жаңалық табады. Ол қалалардың атын жергілікті ойғырлар тарихи заманнан бері қарай Дандан-Ойлық, ескі Ния қаласы, Миран, Лаулан деп атаған.

Дандан-Ойлық бүгінгі Хотан қаласының теріскей шығысында, Керия-дарьясынан алыс емес, Ния қаласының қалдығы Ния өзенінің бойында, Таглы-Мекен құмының орта кезінде, Миран қаласының қабырғасы Лоб-Нор көлінің онтүстік-батысында, ескі өзеннің жағасында, оған таяу Абдал, Лаулан қаласының сақталған жері Лоб-Нор көлінің батыс бұрышында, ерте кезде бірталай үлкен болған. А.Штейнның суреттеуінше бұлардың көбі біздің заманымыздан үш ғасыр бұрын, біздің заманымыздан кейін V ғасырға дейін жасап келген, демек барлығы ғұн дәуіріне барып тіреледі.

Аврель Штейн қазып тапқан қымбат дүниелер ішіндегі ерекше көңіл бөлөтін қызықты нәрселері

жазу үлгілері, зерттеуші ол жазуларды не үнді тілінде емес, не қытай тілінде емес, жергілікті халықтың өз жазуы деп анықтаған. Ол жазулар руна харіптері сияқты, кейде Үндістанның Карошти деп аталатын жазуына ұқсас түрде тізілген. Карошти үлгісімен жазылған ескі жазулар руна жазуына өте ұқсас, Үндістанның тек қана теріс-кей батыс өлкесінде кездесіп отырады. Оларды бірінші ғасырларда қолданған Күшан үкіметі кезінде үлкен әсер еткен ғұндар. Таглы-Мекен құмында Ния қаласын қазғанда оның ішінен барлығы екі жұзге тарта, ылғи жазумен толған ағаш қалақтар, теріге жазған хаттар табылған. Қытай тілінде сақталған документтер бойынша олар тегісімен бірінші ғасырдың белгілері. Онымен қатар Ния қаласының үстінгі бетінен өн бойына жазу түсірген үш түрлі ағаш қалақ табылады. Қалақтардың түрі сопақ, кейбіреулері төрт бұрышты, бір жақ шетінде қолмен ұстайтын сабы бар, жалпақшалау келген қалақша. Жазу екі бетіне бірдей түсірілген, жасалған дәүірі біздің заманымыздың үшінші ғасыры. Тап осы тәрізді төрт бұрышты ұстайтын сабы бар ағаш тақтаға түсірген жазуды С.П. Толстов Топрак-қала қаласын қазғанда табады, бірақ тілдері басқа болуы мүмкін.

Руна сияқты ескі жазулардың бір тобын Шtein Лаулан қаласын қазғанда табады. Бұл қала Лоб-Нор көлінің жағасында, қытайлардың ғұндарды өзіне бағындырып, оларды бақылау үшін әкімшілік қамалға айналдырған кезі (арғы заман мен бергі заманның бірінші ғасырлары). Лаулан қаласынан Шtein ағашқа, ұзын қағаз



бетіне түсірген көп жазулар табады, олар белгісіз жатқан жергілікті тұрғындардың өз тілінде, ондан солға қарай жазылып отырған, түрі арамей жазуына ұксас. Бұл жазулармен қатар Қытай үкіметінің II-III ғасырдағы әкімшілік документтері табылған. Штейнның байқауынша Хотан қаласынан бастап Лауланға дейінгі өлкелер, Тарим бойындағы тұрғындар тегіс бір тіл үлгісімен сөйлеген.

Лоб-Нордан шығып, Күншығысқа беталып жүргенде, Штейн жөнкей бір дінді (мұнара) көріп соның ішін қазып көреді. Одан қолма-қол жазу түсірген бір жіңішке ағаш қалак табады. Жазу арамей (руна) жазуына ұксас, бір жолмен жоғарыдан төмен қарай жазған бірінші ғасырдың белгісі. Түрі Талас өзені бойынан табылған руна жазуы бар ағаш қалакқа өте ұксас.

Штейнның анықтауынша, жазумен сызып толтырылған бұл ағаш қалактар Туркестанның ескі дәуірінде байтақ эпиграфикалық дәстүр болғанын бірінші рет ашып сипттайды.

Түрікше руна жазуының ең ескі түрлерін А.Штейн, әсіресе «Мың будда» (Тунхуан) үңгірінен табады. Бұл көп тайпалардың мыңдаған жыл ішінде қоныс етіп, жерді қазып үй жасап, оның қабырғаларына әдемі сурет, топтаған неше алуан тілде жазулар қалдырған «жер ұйық» - табынатын орын. «Мың будда» үңгірінен табылған ең ғажайып нәрсе жер астына көміп тыққан кітаптардың шығуы, олардың ішінде түрік рунасымен жазылған кітаптар, Манихей дініне бағынатын түрікше, ойғырша жазулар. Солардың арасында ескі түрік тілінде


жазылған руна жазуларыда кездескен. Оның ең таң қаларлық бір ескі үзіндісі түрік рунасымен жазылған кішкене кітап, жазуы солтүстік елдерде қолданған руна әліппесіне өте ұқсас, оны қазір «түрік рунасы» деп атайды. Бұл кітапша толығынан ескі қария сөздермен толған – «ерік бітік», болжай, жору, бал ашу үлгілері, жазумен толған. Түрік рунасын бірінші рет ашқан марқұм Томсон бұларды қарап шығып айтқаны, бұл «аса бір жарқын ойлар, әрі толық, әрі әдемі сақталған, тамсанып тұратын есиелік, ескі түрік әдебиетінің бүгінге дейін сақталып жеткен түрі».

А.Штейн ашқан жазулардың кейбіреуін кейінірек Бойе мен Л.Дойель басып шығарды. Олардың түрі мына сияқты болып келеді.

Ноин-Ула обасынан табылған Көзе сауыттың арқасында да осы тәрізді белгілер бар - біздің заманымыздан 2 ғасыр бұрын жасалған.

В Китайской летописи говорится, что буквы письма тюроков походят на буквы народа Ху, т.е. древнего названия гуннов.

Будда дінін үгіттеуші Сон-Юнының айтуынша ғұндардың жазулары Тоба-Вэйдің жазуына ұқсас болған, олар екеуіде Қытай жазуын керек қылмай өздерінің үкімет жазуы болған. Бұның бір тамаша жері, екі ұлыстың екеуіде ерте заманнан «бітік»- жазу деген сөзді қолданған. Бұл сөздің (бітік) түбірін бірінші ғылым жүзіне кіргізген ғалым К.Ширатори. Бұл сөз ту ескі заманнан келе жатқан сөз. Қазактар, Алтай, Сібір елі тастаған ескі жазуларды «самра бітік» (бітік) деп атайды. Ғұндар бұл сөзді Мадьяр еліне дейін таратқан.



Біз жоғарыда бір мысалда айтқан едік, ойды жазуға түсіретін қамыс құлақ қаламның үшін Тоба-Вэй мен ғұндар «біте» деп, жазушы – бітікшіні «біте-чин» деп атаған. «Бітік», «бітікчі» сөздері Орхон жазуларында жиі кездесіп отырады.

Ғұн мен үйсіндерден қалған жазудың көбірек жолығатын жері Қазақстан өлкесі. Оларды ең алғаш ашып, ғылымға көп еңбек сіңірген белгілі ғалым Г.Н. Спасский. XIX ғасырдың ол кісі Алтай мен Ертіс бойын, Орталық Қазақстанды жақсы жазуды, оның архитектура, жазу үлгілеріне ерекше көңіл қояды. Алтай, Ертіс, Бұқтарма өзендерінің бойындағы руна жазуларын терен зерттеп, олардың арасынан Орхон жазуынан көп бұрын қия тасқа түсірілген ескі жазулар табады. Олар түрі Орхон жазуына ұқсан келседе, бірақ одан ерекшелігі бар екені сезіліп тұрады.


Ертіс бойында, Павлодар төңірегіндегі Бобров обаларын (№3) қазғанда, оның ішінен аюдың сүйегіне қызып жасаған ең ескі жазулардың бір белгілері табылады. Осы сияқты ғұн дәуірінде түсірілген, не ескі түркі руна жазулары осы күнге дейін Бұқтарма, Құршім, Қалғұтты өзендерінің бойындағы қия тастарда жиі кездесіп отырады. Оның көбірек сақталған жері әсіресе Қалғұтты совхозының орталығына таяу жерде, қия тастың бетіне түсірілген әдемі жазулар. Ол жерден хабарлаушы бұл жазуды жақсы көретін кісілердің хабарлауынша, Қалғұттының жазу түсірген кейбір тастары құлап, жерже шашылып жатқаны көрінеді.

Бұл байтақ ескі руна жазуларын қазақтардан естіп білген академик В.В. Радлов Жоғарғы Ертіс бойын Орхон жазуының ең алғаш шыққан орталығының бірі деп таныған.

Ғұн жазуының ең ескі түрінің бірі Байкал теңізінің төңірегінде бір обалардан табылған. Ол обаның жасалу түрі ішін ағаштан қалап шығарған; оның жасалуы арулау үлгісі Алтайдағы Пазырық, Қотанды, Шибе обаларынан аумайды. Эр қайсы әр дәуірде салынсада халықтың ғасырлар бойы сакталып келе жатқан тәртібі, халық салты ашық сакталған. Байкалдағы бір обаны қазғанда оның ішінен жиектері кемтірілген қола өрнегі табылады. Оның өзгешелігі, бетінде алты харіппен жазылған жазу өрнегі бар, түрі Орхон жазуына ұқсап келседе, одан айырмасы ашық көрінеді. Бұл обаны зерттеген Ю.Талько-Грынцевичтің анықтауынша обаның бұйымдары бірінші ғасырда жасалған. Сондықтан дейді зерттеуші – «Қытай анналарының көрсетуінше бұл ерте кезде жасаған түрік тайпасы болу керек. Олар біздің заманымыздан үш ғасыр бұрын барлық ұлыстарын біріктіріп, байтақ мемлекет құрған ғұндар».

Демек, Орхон сияқты келетін ғұндардың ескі жазулары табылған жерлер Ноин-Ула, Байкал төңірегі, Алтай, Ертіс, Орталық Қазақстан (Байқоңыр), Елек, Жайық бойлары.

XIX ғасырдың орта кезінде Маңғыстауды зерттеуге барған М.И. Иванин тағыда сол сияқты қатар түрган бір неше белгілерді суретке түсіріп алады. Оны ғылым жүзіне хабарлаған П.Савельев мынадай харінтерді мысалға кел-



тіреді. Осы формадас жазулар Елек өзенінің бойында, Оренбург облысына қарайтын Прокторов обасын қазғанда, соның ішінен шыққан екі күміс табақтың бетінен табылған. Жазуды зерттеуші ғалым П.К. Коковцев оны арамей жазуына ұқсас деп анықтаған.

Мұның бір аса тамсанатын жері, тағы сол тәрізді Орхон жазуынан көп бұрын тараған ескі жазудың бір түрі, тағы сол Елек өзенінің бас жағында, Орскі қаласынан онша алыс емес, бір өндіріс орнын қазғанда, жер астынан бұзылмай сақталған көзе сауыт шығады. Оның бетінде де жоғарыда көрсеткендегі жазуы бар. Ғалымдар көріп қарап, көзе сауыт біздің заманымыздан төрт ғасыр (дүрысы III-IV ғ.) бұрын болған деп көрсетеді. Оның ең тамашасы сол кезде Қазақстан өлкесінде Елек, Жайық бойында қолданған әліппе жазудың ізін қалдырған.

Осы тәрізді жазу Алматы қаласының түбінен, Есік өзені бойындағы Сақ дәүіріндегі обаны қазғанда, оның ішінен табылған күміс табақтың бетінен табылған. Жазудың түрі Алтайдан, Ертіс бойынан, Елек өзені бойынан табылған жазулармен бірдей. Епте Орхон жазуларына ұқсап келеді. Мұндай күміс ыдыстың, не көзе сауиттың бетіне жазу түсіріп отыру сақ, ғұн, үйсін заманындағы шеберлердің аса әдептенген бір ісі. Оны Қазақстан мен Қырғыз өлкесіндегі, Алтайдағы, Онтүстік Сібірдегі обалар жарқын түрде суреттейді.

Тамға сияқты ескі жазу белгісі Орталық Қазақстан өлкесіндегі Манақа өзені бойындағы кия таста, не Байқоңыр өзені жағасындағы


жылтыр қара тасқа түсірген. Жазудың оң жағы сынып жерге түскен, бірақ қанша қарап ізі табылмады.

Осындай жазулардың Алтайдан, Абақан бойынан табылгандарын С.В. Киселев арамей жазуымен салыстырып, оларды Орхон жазуының «прототип» деп анықтаған. Ғұн заманында балалар ойнайтын асықтың жонған бетіне түсірген тамға – жазулар – Орхон жазуындағы харіптерге ұқсайды.

С.В. Киселевтің суреттеуінше, Орхон жазуынан көп бұрын шықкан, бұл сияқты жазу белгілері үйдің төбесіне жабатын көзе тақталарда сақталған. Оны Абақан қаласынан 8 км жерден ғұн заманында жасалған Сарайдың орнын қазғанда табылған. Жазудың түрі: Сарайдың ішінен аңызға айналған сәуегей бақсының суреті кездеседі. Ол оң қолында бөрінің басын түсірген жалау ұстап, сол қолында жылан ұстап тұрады. Сурет ғұн тұрмысын әдемі суреттейтін бір бейне.

Ғұн дәуірінде қолданған Орхон жазуына ұқсас жазулар Қыргыз өлкесінде, Талас өзенінің бас жағынан көп табылған. Олардың ішінде әсіресе Талас бойынан табылған ағаш қалактағы белгілер. Баткен ауданы, Ақ-төбе қаласын қазғанда табылған харіптер.

Осындай ағаш қалакқа, теріге жазып түсірген ескі жазуларды С.П. Толстов Топырақ қаланы қазғанда жолықтырған. Ондай жазу белгілердің (бірінші ғасырға жататын) бірнеше тобын Қаратөбе мен Бес-төбедегі ескі некропольдерден табады. Мұндай жазулардың ең бай жері әсіресе



Талас өзенінің бойы. Талас қаласы біздің заманымыздан бір ғасыр бұрын ғұндардың байтақ астанасы болып, жазуды осы арадан таратты. С.В. Киселевтің байқауыншада Жетісу өлкесін қоныстаған түркі тайпаларының руна жазулары Орхон жазуынан көп бұрын шыққан. Ол кісінің анықтауынша «можно считать вполне установленным наличие в Семиречье рунической письменности и притом более архаического типа, чем орхонская».

Из Семиречья «тюркоязычный алфавит широко распространился на восток» до Енисея.

Академик В.В. Радловтың баса қарауынша руна жазуының Құншығысқа тарауына зор әсер еткен, әсіресе Жоғарғы Ертіс бойын қоныстаған тайпалар. Олар Жетісуда тәртіпке түскен руна жазуын Енесейде отырған қыргыздарға дейін таратты. Бұл мәдени істің тарауында үлес қосқан тайпалар қыпшақтар, басімелдер, қарлықтар, жагмауттар (ягма).

Зерттеушілер руна жазуының алғашқы шығуы екі ортамен байланыстырады: біреуі Жетісу (Талас өзенінің бойы), екінші Енесей. С.Е. Малов осыны есіне ала отырып «Енесей жазуы V ғасырдан» деп болжаған, бірақ Л.Р. Кызласов VII деп анықтайды.

Талас бойынан, Жетісудан, Сыр-Дарья бойынан табылған руна жазулары өте ерте замандікі, ғұндардың Талас қаласында, Сырдың аяқ шеніндең қалаларда отырған дәуірінде жазылған нәрселер. Олар ғұн тәртібіне байланысты ағаш қалакқа, күйдірмеген кірпішке, мұсін тасқа қиып түсірілген жазулар. С.Е. Маловтың байқауынша

«бұл ағаш қалаққа қызып түсірген харіптер Орхон жазуымен салыстырып қарағанда бүтіндей басқа екені байқалады».

Руна жазуын қызып түсірген ағаш қалақтың табылған жері Талас өзенінің басы, Қырғыз өлкесі, ескі заманда күкірт, не ашу-тас қазып алатын Ачикташ деп аталатын кен орнынан табылған. Жазудың мазмұны жол жүргенде, жұмыс істеп жүргенде сиынып, жалбырынатын тілектің бір түрі. Бұл ағаш қалақтардың бір тобы бүтінде Қазақстанның Орталық музейінде сақталып тұр.

Ескі руна жазуынан Алатау төңірегінде табылғаны, Кеген ауданы, Қарқара өзені жағасында биік тас мұсінге қызып түсірген «Ашина қаған» жазуы. Ғұндардың легенда-сы бойынша бұл «Ашина қаған» ғұндардың бір кеменгер қарты, кейін түрік династиясын ұйымдастыруға ірге болады. Ашина ел басқарып отырғанда өзінің Сарайының қапқасына бөрінің басына арнап жасаған алтын туын іліп қоятын.

Мұсін тас түрік дәуіріндегі мұсін тасталдан өзгешерек, өте биік, екі метрден артық. Ондай биік граниттен мұсін жасау біргана ғұн дәуірінде болған. Оның 4-5 метрлік ең тамаша түрлері әсіресе Атасу өзенінің бойында, не Қарқаралы тауларының ішінде кездесуі.

Ғұн мен қаңлылардың дәуірінде қолданған руна жазуының бір түрі Сыр-Дарья бойында, ерте кезде күн елткен Артық-ата қаласының түбінде бір күйдірмеген кірпіштің бетіне түсірілген. Бұл кез ғұндардың Сыр-Дарья бойында, Арал теңізі түбінде ұлы мәдениет жасап «культурно-болот-



ные городища» қалдырыған кезі, Шижыдың Талас қаласын астана етіп, онда ұлы Сарай түрғызған кезі (жоғарыдан қара).

Ғұндардың жазу үлгісі тек тарихи белгілердеғана сақталып қалған жоқ, ол Қытай анналдарындада айқын түрде суреттеліп отырады. Олардың көрсетуінше ғұн мен үйсіндердің, қаңылардың бір тәртіпке түсірген әліппе жазулары, ресми жарлықтары болған. Ол жазуды олар саяси істе, рухани тіршіліктеге (агаш қалак), ыдыс сауыттарда, құрбандық (табыну) істерінде пайдаланып отырган. Оның бір талайын біз жоғарыда мысалға келтірдік. Ол жазуды ескі Қытай анналары Xu (Куу) елінің жазуы деп көрсетеді, демек «Ху»(Куу) ғұндардың ескі аталары. Чжоушу (глава 50), Суйшу (глава 84) айтылған: түріктердің жазулары Xu (Куу) елінің жазуына ұқсас.

Біздің заманымыздан 105 жыл бұрын жазылған бір анналда ғұн жарлығы туралы былай делінген: «Владения, лежащие от усуни далее на Запад до Аньси (Бухара) были близки к хуннам (гуннам). Если посланник от Хуннов проезжал с Шаньюевым (ханским) ярлыком, то в каждом владении препровождали его по почте и не смели не давать съестных припасов».

Тағы сол анналда айтылған: «От Давани (Усуни, Фергана) на Западе до Аньси, хотя говорят различными языками, но в обычновениях весьма сходствуют и в разговорах понимают друг друга». По определению современных ученых «это были разные наречия тюркского языка».

Ғұндардың хаттары көбінесе қақтаған ағаш қалақшага, не теріге жазатын болған (грамота на дошице длиной 30 см). Ең таңсық нәрсе Қытай үкіметіне арнаған ресми хаттары. Ол хаттарда ғұнның ел басқаратын тәңірлері өздерін ұлы бейнеде, жойқын алып түрде көрсетіп, «біз көк пен жерден туған, таққа күн мен ай әкеліп отыргызған ғұн тәңірісі» деп атайдын болған.

Біздің заманымыздан 192 жыл бұрын ғұнның атақты алыш ері Бөде, көрші елге тыныштық бермейтін қанішер Қытай елін сөгіп, оларға жазған хатында былай деген: «Қынжылғыш алжыған кәрі падша, батпақтың ортасында туып, жылқы мен сиырдың арасында өскен, талай рет жерінде бардым, әуес еткенім сенің елінді білу еді».

Одан бір он жылдар өткеннен кейін (176 жыл б.з. бұрын) жазған хатында күншығыс күнбатыстағы тайпалар, Орта Азия, Каспий теңізіне дейінгі жер бізге бағынады. Жалғызак бір қиянат нәрсе Қытайдың шекарада тұратын ұлықтары көрші елдің тынышын кетіріп, оларға тілін тигізеді. Бұл біздің татулық тұралы жасасқан келісімге тұра келмейді. Хуандиді татулыққа шақырып тәңірі Құтлұқ деп қол қояды.

Енді бір хатында айтқан: «егер екі жұрт татулыққа келіп жарасса – олардың еліде қуанышта болады, жігітіде, атыда тыныштық табады». Ең тамаша хаттың бірі біздің заманымыздан бір ғасыр бұрын, Талас қаласындағы ордасында отырып көп тайпалар атынан жазған Шижидің хаты. Шижы Бөде сияқты атақты ердің бірі, Қытай еліне жирене қараумен аты




шығып, оларға қарсылық көрсетіп, солардың әскерінің қолынан өледі. Қытай әскері біздің заманымыздан 36 жыл бұрын Талас қаласында Шижиды өлтіріп, басын Богдыханға тартады. Міне осындай Қытай үкіметіне қарсылық көрсетіп жазған хаттар ғұн үкіметі құрығанға дейін өте көп болған. Олар Қытай архивінде сақталдыма, не жоғалып кеттіме, оны ешбір ғалым атамайды.



## ТҮСІНДІРМЕЛЕР МЕН ЕСКЕРТУЛЕР

Академик Ә.Х. Марғұлан өзінің бай ғылыми-еңбек жолында қазақ халқының жазу мәдениеті мәселеіндегі көп еңбек жасады. «Қазақта жазу болмаған, шикі тағы ел» деген негізсіз көз қарасты толығымен теріске шығарып, керісін дәлелдеп шықты. Қазақстан жерін мекендеғен, кейіннен қазақ халқының негізін құраған тайпалардың жазу мәдениетінің тарихы гасырлар түкпіріне кетіп, көнеден бастау алатынын ғылыми қауымға паш етті. Жинақтың маңызды жаңалығы осы мәселеге байланысты кезінде дайындалып толықтай жарық көрмей қолжазба күйінде қалған еңбегі. Осы қолжазбадағы кейбір деректерді пайдалана отырып шығарған қазақ халқының жазу мәдениетіне байланысты мақалалары әр уақытта, академик Әмірден өткеннен кейін де жарық көрді. Олар берілген жинаққа бүгін кіріп отырған «О значении эпиграфических памятников Казахстана», «Қазақ жазуының тарихы», «Найман, керей, оңгітердің жазулары», «Тамғалы тас сыры», «Оразмамбет кітапханасы» атты мақалалары.

Қолжазба еңбегі дәл осы күйінде алғаш рет басылып отыр. Бұл көне дәуірлерде қазақ жерін мекен еткен қазақ халқының ата-бабаларының, яғни кейін қазақ жұрттының негізін құраған тайпалардың мәдениетіне, оның ішінде жазу мәдениетіне байланысты еңбек. Оны баспаға дайындау барысында біздің алдымыздан бір қатар қындықтар туындағы, мәселен бір жағынан техникалық болса, екіншіден методикалық. Өкінішке орай қолжазбада қажетті



түсіндірмелері мен ескертулері болмады, деңгемен сілтемелері нөмірленген. Бұл автордың осы бағытта үлкен еңбек жасағанын байқатты, және соған қарағанда кезінде қолжазбаның түсіндірмелерімен жеке дәптері болса керек. Сондықтан біз Ә.Х. Марғұланның көтерген мәселелеріне байланысты қолда бар әдебиеттерді пайдалана отырып өз түсіндірмелерімізді беруге тырыстық. Кейде кейбір мәселелерде интуиция арқылы, академиктің ойының өрбүіне зерсалып қарап отырып оны жаңа мәліметтермен толықтыруға ұмтылдық.

Қолжазбада әдеби тіл нормасының әр түрлі болуы, түрлі этнонимдар мен географиялық, сонымен қатар басқа да атаулардың болуы ескертулерді мәтіннің астыннан келтіруге мәжбүр етті. Түсіндірмелер жұмыстың аяғында берілген. Зерттеудегі көтерілген мәселелердің шеңберінің кеңдігіне, этникалық атаулардың, кісі аттары мен топонимдердің көптігіне байланысты біз қозғалып отырған тақырыптағы басқа да зерттеулердің көз қарасын ескере келтіре отырып түсіндірмелерді таңдаулы түрде бердік. Сәтті жағдайларда автордың цитат келтіріп отырған еңбектерінің кейбірінің шыққан мәліметтері табылды.

Ә.Х. Марғұланның еңбегі Қазақстан көшпелілерінің күрделі мәселелерінің бірі жазу мәдениетіне байланысты маңызды еңбек болып табылады. Шамасы академиктің осы тақырыпта көлемді монографиялық зерттеу жазу ойы болса керек, сондықтан болар осындай тақырыпта монография материалдары ретінде бірнеше

мақалаларының жарық көруі. Бірақ бүгінгі таңда оны біз тек болжап қана қоя аламыз.

Академиктің қолжазбада қозғап отырған мәселелерінің көпшілігі тарихи ғылымда зерттелуде, мысалға, хундардың (ғұндардың), үйсіндердің, қаңлылардың, тюркюттердің, ұйғырлардың, қыпшақтар мен қимақтардың жазу белгілері мен ескерткіштері. Ал найман, керей және уақтардың жазу мәдениеті әлі күнге дейін толық зерттелмеген, көптеген ескерткіштері әлі де болса табылмаған. Сонымен қатар еңбекте алуан түрлі, қызықты, ерекше ой тудыратын гипотезалар, ойлар келтірілген.

Көшпелілердің жазу мәдениеті Ә.Х. Магұланның еңбегінің негізгі ой өзегі, сонымен бірге зерттеуде автор өзінің бүкіл өмірін сарп еткен Қазақстанның этникалық тарихы мен қала мәдениетінің аспектілері де сөзге тиек етілген.

1 Берілген еңбектің Ә.Х. Марғұланның басқа да зерттеулеріне ұқсас жақтары бір қатар. «О значении эпиграфических памятников Казахстана» (В кн. А.Х.Маргулан. Мир казаха. – Институт развития Казахстана, международный фонд им. Алькея Маргулана. 1997 г. – 57 стр., с. 31-38).

2 Бұл жөнінде алғаш ашушы Г.И. Рамstedт атаған руническы жазбада айтылады. «Селенгинским камнем» - «Тюрки-кыбчаки властвовали 50 лет...» (Каржаубай С. Объединенный каганат тюроков в 745-760 годах – Астана: «Фолиант», 2002. – 204 с., с. 79; Ср. Кляшторный С.Г. Кипчаки в рунических памятниках // Turcologica 1986. К восьмидесятилетию академика А.Н.Кононова. Л.: «Наука» Ленинградское отделение, 1986. – 302 с., с. 153-164).

3 Шын мәнісінде, Қазақстан қөшпелелерінің жазба ескерткіштері әлі күнге дейін ғылыми айналымға енген жоқ, тюркологтардың негізгі зері орхон, енисей және талас ескерткіштерінде болды. Бірақ отандық зерттеушілер бұл бағытта міне бірнеше онжылдықтар енбек етуде. (См. Аманжолов А. История и теория древнетюркского письма. А.: ЗАО «Издательство «Мектеп», 2003. – 368 с.).

4 Ә.Х. Марғұлан нақтылап: «Трудно переоценить значение эпиграфических памятников, разбросанных по территории Казахстана, являющихся первоисточниками по истории племен и составляющих культурное наследие народа» (Маргулан А.Х. «О значении эпиграфических памятников Казахстана» В кн. А.Х. Маргулан. Мир казаха... с. 37).

5 Автор бұл жерде «Тамғалы тас» ескерткішін келтіріп тұrsa керек, Сарысу өзенінің бойындағы таңбалар және т.б. жерлердегі жазбалар. (Маргулан А.Х. «О значении эпиграфических памятников Казахстана» В кн. А.Х. Маргулан. Мир казаха... с. 36-37).

6 Эпиграфикалық деректер Қазақстанның этникалық тарихын реконструкциялауда сөзсіз бай материал болып табылады. Бұл жерде Ә.Х. Марғұлан жазба деректердің алғаш дерек ретінде қөшпелі оргата тууына байланысты, оны зерттеу тарихи ғылымның алдына койған этногенез мәселеін шешуге және осы бағытта жаңа міндет-

## Труды по культуре письменности казахского народа

терді де алға қоюға көмектестінін баса көрсетеді. Бұған қоса осының бәрі тарих, археология, этнография және фольклордың дамуына тиімді жағдай жасайды.


7 Орхон, талас және енисей ескерткіштерінен бөлек бүгінгі таңда, руникалық жазудың бірнеше евроазиялық түрі белгілі, олар: дондық, кубандық, дон-кубандық, ашықтастық, исфариндік. (Осы мәселе бойынша жаңа әдебиет – Кызласов И.Л. Рунические письменности евразийских степей. – М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 1994. – 327 с.: ил.

8 Бұлардың ішінен көне түрік, ұйғыр және араб жазулары едәүір зерттелсе, найман, керей, меркіт, уак ескерткіштерінің көпшілігі белгісіз. Осы мәселедегі теңсіздік Орталық Азияның ежелгі және орта ғасырлық тарихындағы жоғарыда көрсетілген этникалық ұжымдардың ролі мен орнын зерттеуде кындық тудырады.

9 Орталықазиялық далалардан батысқа қоныс аударған хуннулар, К.А. Иностранныцың көмегімен гун атальп, Шығыс Европаның басқа этностарымен қосылды. (Бұл жөнінде толығырақ қара – Груссе Р. Империя степей. История Центральной Азии (с древности до тринадцатого века). Учебное пособие. – А.: «Санат», 2003. – 224 с., с. 36-93; Гумилев Л.Н. История народа хунну / Сост. и общ. ред. А.И.Куркчи: В 2-х книгах. Кн. 1. – М.: Институт ДИ-ДИК, 1998. – 448 с.: ил. – (Серия «Сочинения Л.Н.Гумилева»; Вып. 9); Ук. раб. Кн. 2. – М.: Институт ДИ-ДИК, 1998. – 496 с.: ил. – (Серия «Сочинения Л.Н.Гумилева»; Вып. 10); Крадин Н.Н. Империя хунну. Изд. 2-е, перераб. И доп. М.: Логос, 2002. – 312 с. и другие исследования).

10 Үйсіндер (усун) – Жетісү сақтарының мәдени дәстүрлерінің мұрагері, өз мемлекеті мен жазуы болған. (Қара Акишев К.А. Экономика и общественный строй Южного Казахстана и Северной Киргизии в эпоху саков и усуней (V в. до н. э. – V в. н. э.). Научный доклад, представленный в качестве диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук. М., 1986. – 49 с.).

11 Бұл жерде Ә.Х. Марғұлан қаңылардың мемле-кетінің құрамына кірген Ежелгі Хорезмнің жазуы мүмкін. (Толстов С.П. Древний Хорезм. М.: Изд. МГУ. 1948.).



12 Бір қатар зерттеулерде Хангай «Когмен қарасы» деп аталады, мүмкін автордың жақшага алған «Когмен» сөзінен.

13 Хундардың өнері бар әлемге жақсы танымал. Ең әуелі Алтайдағы Пазырық, Ноин-Ула және Құдырге сияқты, бұйымдары Эрмитажда тұрған археологиялық ескерткіштерін атайдық. Хундардың мәдениетін зерттеушілер С.И.Руденко, Г.П.Сосновский, А.В.Давыдова, Н.В.Полосьмак және т.б..

14 Р. Груссе бойынша: «Народ ху, известный китайцам на рассвете истории, являлся тем самым народом, который находился на границах Китая в те времена, в Ордосе, в северной Шаньси или северном Хопее. Масперо предполагает, что жуны с севера («Jung of the North»), пей-жунг (the Pei-Jung), которые обосновались на территории к западу и северо-западу от современного Пекина, были племенем ху». (Груссе Р. ук. раб. с. 39.).

15 Ресейлік революцияға дейінгі тарихнамада бұл пікірді алғашқылардың бірі болып синолог Н.Я. Бичурин айтты – «Модэ известен в азиатских историях под громким именем *Огуз-хана*, сына Караканова. (Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Научное издание: ТОО «Жалын баспасы», 1998 – LLXIV + 390 стр., с. 57). История вопроса приведена в монографии Н.Н.Крадина Империя хунну...с. 47-55). Бұл жерде Ә.Х. Марғұлан «Оғыз-намеден» қазақ мәліметтерін көлтіруі мүмкін.

16 Лаошан-Гиой-Шаньюй өзінің қолбасшылық дарынмен және мемлекеттік қайраткерлік ақылдылығымен ерекшеленеді, онысы Қытай жерін жаулау мақсатындағы сыртқысаяси қызметінен және соған байланысты елшілік пен іс қағаздарын жүргізу үшін қытай иероглифтік жазуын үйренуінен көрінеді. (Қара Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена...с. 58-61).

17 Қыпшактар (қыпчаки, кыт. куйше). Қыпшактар мен хундар жөнінде айтылған соң В.В.Бартольдты келтірген жөн болады: — «кипчак связывается с кобук, или кобы, и объясняется как «выдолбленный ствол дерева»; по этому поводу рассказывается легенда о рождении од-

ногого мальчика в дупле такого дерева; мальчик будто был подобран Огуз-ханом и получил от него в удел отдельную область». (Бартольд В.В. Кипчаки / Сочинения том V. М.: Изд-во «Наука» Главная редакция восточной литературы. 1968. – 757 с., с. 550). Қыпшактар бойынша әдебиет өте көп, олардың шығу тегінің көнелігі және ғұндармен байланысы зерттеушілердің күмәнін тудырмайды.

18 Сөзсіз хундардың мемлекеттік құрылымының құрамына, кейін Евразияның ежелгі және орта ғасырлық тарихында ұлken роль ойнаған түрлі тайпалар кірді. Олар жаулауға және хундардың тәніркүттарының өсуіне жағдай жасасқан.

19 «Кайи – название одного из двадцати четырех племен гузов или огузов, из которых происходит династия османских государей...». (Бартольд В.В. Кайи / Сочинения том V. М.: Изд-во «Наука» Главная редакция восточной литературы. 1968. – 757 с., с. 536). Бұл этнос жөнінде басқа да мәліметтер бар, XI ғ. бірінші жартысындағы оқиғаларға байланысты Марвази мен Матфей Эдесскийдің деректерінде. С.М. Ахинжанов кайларды қыпшактар мен қимактардың этногенезі мен саяси тарихында маңызды роль ойнаған монгол тілдес халық, сонымен қатар кайларды ол – жылан халқы дейді, бұл кайлардың қимақ-қыпшак одагына қосылғанын байқатады. ( Қара Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Издание исправленное. – А.: Фылым, 1999. – 296 с., с. 190-191). Тағы сол кісінің айтуынша – «Западными соседями ябагу были кай-кимаки. Очевидно, кай в начале XI в.. покорили племя ябагу, вступили в союз с обитавшими рядом басмылами и джумулами и двинулись в сторону Семиречья». (Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана... с. 191). Мәселенің екінші жағы кайлардың оғыз, түркі тайпаларына ұқастығы да, және монгол тайпаларының бірі болуы да. Бұл көз қарасты В.В. Бартольдта тарихнамада келтіреді, бірак бұл мәселе ерте ортағасырлық авторлар Махмуд Қашқари мен Бируниде, сонымен қатар Ауфиде де туындаған, солай тарихи ғылымда «мұра» болып жеткен. (Бартольд В.В. Кайи... с. 536). Ә.Х.Марғұлан кайларды оғыз тайпаларының бірі ретінде көрсеткен болар.



20 Талас бойынша мазмұны мен мәні жағынан деректердің тамаша жиынтығы Л.С. Волиннің деректік зерттеуінде кездеседі (Сведения арабских источников IX-XVI вв. О долине реки Талас и смежных районах // Труды института истории, археологии и этнографии. 1960 г., т. 8).

21 Өкінішке орай Ә.Х. Мағұланның осы зерттеуінде ескертүлер мен тұсіндірмелер болған жок, бірақ олардың кезінде болғанын қолжазбадағы сілтемелердің рет саны білдіреді. Сондықтан біз мәтінге мүмкіндігімізше өз тұсіндірмелерімізді беруге тырыстық.

22 Хундардың жундармен ұқсастығы жөнінде біз «Ху» халқы туралы мәселеде қозғаганбыз. Қосатынымыз В.В. Радловтың да, хундардың көне атауы «жун» деген пікірді ұстанатындығы. (См. Радлов В.В. К вопросу об уйгурах. Из предисловия к изданию Кутадгу-Билика. Приложение к тому записок императорской Академии Наук № 2. СПб., 1893. – 130 с., с. 78-79).

23 В.В.Радлов—туркітілдесхалықтардың тарихы, археологиясы, филологиясы, этнографиясы және фольклорымен айналысқан белгілі ғалым түрколог, шығыстанушы. (Зерттеушінің өмірі мен шығармашылығы жөнінде толығырақ қараңыз: Бартольд В.В. Памяти В.В.Радлова (1837-1918 гг) / Сочинения том IX. М.: Изд-во «Наука» Главная редакция восточной литературы. 1977. – 966 с., с. 665-688 және басқа да көптеген еңбектері).

24 Қытайлық Э. Шаван туралы мәліметтер В.В. Бартольдтың рецензиясында (Қара Бартольд В.В. Рецензия. *E.Chavannes, Documents sur les Tou-kiue (Turcs) occidentaux. Recueillis et commentés par — . Avec une carte. St.-Peterburg, 1903* (= Сборник трудов Орхонской экспедиции. VI). IV + 378 р.8, Сочинения том V... с. 342-362).

25 В.В.Радловтың еңбегінің ұзіндісі дәлі берілмеген, деректің түпнұсқасынан ұзінді келтірейік: «В середине III века до Р. Х. Многие тюркские племена соединились в одно могущественное государство, которое китайцы называют государством Хун-ну, достигшим в царствование Мете (209-179) наибольшего значения. При этом китайские источники уже дают нам возможность получить некоторое понятие о географическом распределении

тюрков. Они распадаются на тюрок западных и восточных, враждующих друг с другом, которые соединились вместе лишь благодаря Мете. Восточные тюрки состоят из Уйголов (у китайцев самого раннего времени «ху»), которые занимают область между Тангну Ола и Желтой рекой и к югу от Тянь-Шаня до бассейна реки Тарима. К северу от них живут Дин-Лин (Теленгиты) около Тангну Ола, Кыргызы (Кя-кяси) по Енисею, карлыки и тюрки (Ту-гю) в Алтае и к югу до Тарбагатая. В числе западных тюрок китайцы называют У-сунь к югу от Балкаша, далее на запад Канглы (Кан-гю) до аму-Дарьи, к юго-западу от них до каспийского моря Юэ-джи и к северу от последних Яо-шэ». (Радлов В.В. К вопросу об уйгурах... с. 126).


26 Радлов В.В. К вопросу об уйгурах... с. 128.

27 Л.Н.Гумилев бойынша – «Соратники Кидары – кидариты – известны в истории не под своим этническим названием, а по имени своего вождя». (Гумилев Л.Н. Древние тюрки. М.:Товарищество»Клышников, Комаров и К°», 1993. – 526 с., с. 14). Осы автордың пікірінше кидариттер – бұл Бірінші және Екінші Түрік қаганаттарының тарихынан белгілі Орта Азиядағы күшандар. (Гумилев Л.Н. Древние тюрки... с. 133-134, 162).

28 П.И.Лерх – ресейлік ірі курдовед, қосымша Иран халықтарының тарихы мен тілімен айналысқан. Ә.Х.Марғұлан, мүмкін соның монографиялық зерттеуіне сүйенген болар – Лерх П.И. Исследования об иранских курдах и их предках северных халдеях. Кн. I-III. СПб., 1914.

29 «Хунны-эфталиты были тюрко-монгольской ордой... Византийские историки знали их также по имени «Белые Хунны». (Груссе Р. Империя степей... с. 83). Л.Н.Гумилевтің зерттеуінде эфталиттер көшпелі емес таулық болған деп айттылады. (Гумилев Л.Н. Эфталиты – горцы или степняки? // ВДИ. 1967. № 3). Осыдан автордың, оғыздардың эфталиттерден шыққанын терістейтіні білінеді, себебі оғыздар көшпелі болған.

30 Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена... с.224: Сол еңбектен біз мынаны да байқаймыз: «Еще говорят, что предки тюкюнского Дома происходят из владетельно-



го Дома Со, обитавшего от хуннов на север». (Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена... с. 225).

31 Хундардың түркі немесе монголтілдес болғаны жөніндегі мәселе әлі шешілген жок, себебі хундардың жазба деректері аз, хундардың тек жеке сөздерінің тілі ғана белгілі. «Существуют следующие гипотезы о хунну: они были монголами, тюрками, финнами; состояли из тюрков и монголов; из монголов и тунгусов; из тюрков, монголов, тунгусов и финнов; представляли собою политическое объединение; были енисейским народом; относились к иранцам; были носителями изолированного языка, который как адстрат проявляется в енисейских языках». (Тенищев Э.Р. Гуннов язық. В кн. Языки мира: Тюркские языки. М., 1996. – 543 с., с. 52-54).

32 Радлов В.В. К вопросу об уйгурах... с. 78-79.

33 Мәде и Оғыз хан туралы сюжеттерде елеулі айрмашылықтар бар: «Тоумань хочет убить сына, чтобы сделать шаньюем другого сына, более любимого, Карапан хочет убить сына за то, что тот принял чужую веру, ислам. Разные сюжеты, в рамках которых должен быть реализован один умысел – убийство сына. Сходство обнаруживается лишь в том, что 1) отец хочет убить сына; 2) все происходит во время охоты; 3) в итоге не отец убивает сына, а сын убивает отца и становится правителем». (Кычанов Е.И. Кочевые государства от гуннов до маньчжиров. М.: Восточная литература, 1997., с. 250; Цит. По кн. Крадин Н.Н. Империя хунну... с. 54). Басқа да айрмашылықтар бар. Солай, «Н.Н.Крадин говорит об отличии между внешне схожими 24 «темниками» Модэ и 24 «ветвями» Огуз-хана». (См. Крадин Н.Н. Империя хунну... с. 54-55)

34 Дерек бойынша толық аты – Юй-гянь-Тайки-Цзюй-күй-Бодэ. (Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена... с. 139).

35 Осы жерде және әрі қарай да Ә.Х.Марғұлан қазақ материалдарының негізінде қытай тарих намашыларының династиялық хроникаларындағы кісі аттарын, этонимдерді және географиялық объектілерді реконструкциялауға ұмтылған.

36 Бізде «*хөхан*» мен «*огыздардын*» бір екені жөніндегі мәлімет жок. Бірақ бұл жерде былай болуы мүмкін: «*хөхан*» атауы грек және латын шығармаларындағы Окс (Аму-Дарья) өзенінен шыққан.

37 Кавказ және Солтүстік Қара теңіз жағалауының, Урал-Влога қосөзенінің жерлерін қоныстану және игеру тарихы бойынша толық мәліметтерді М.И.Артамонов келтірді. Ғұндар мен хазарлардың этногенезінің байланысы жөніндегі пікір де сонікі. (См. Артамонов М.И. История хазар. Л., 1962).

38 «*Қаған*» (хакан) титулы кешпелілердің әлеуметтік-саяси ұйымын зерттеушілерді бұрыннан қызықтыруда. (См. Бартольд В.В. Хакан / Сочинения том V, с. 602; Таскин В.С. О титулах шаньюй и каган // Mongolica: памяти академика Б.Я.Владимирцева 1884-1931. М.: с. 213-218). Интересно, что русских князей именовали этим же титулом. (См. Новосельцев А.П. К вопросу об одном из древнейших титулов русского князя. // Древнейшие государства Восточной Европы. 1998 г. Памяти чл.-кор. РАН А.П.Новосельцева / Отв. ред. к. и. н. Т.М.Калинина. – М.: Изд. Фирма «Восточная литература» РАН, 2000. – 294 с.: ил., с. 367-379).

39 Тәңіршілдік қазактарда да сакталған, Ш.Ш.Уәлихановтың мақаласы осыған орай. «Следы шаманства у киргизов» (В кн. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 4 – А.-А.: Главнаяредакция Казахской советской энциклопедии. 1985. – 461 с. С. 48-70).

40 Бірінші Түрік қағанатының пайда болуы тюркотүгю мәселесімен ұздіксіз байланысы бар. «В XIX в. вопрос об этнической принадлежности народа «ту-ку» решался двояко: французская школа ориенталистов считала их тюрками; русский синолог Н.Я.Бичурин (Иакинф) с той же категоричностью называл их монголами. Открытые Н.М.Ядринцевым орхонские надписи как будто полностью установили идентичность «ту-ку» с тюрками». (Гумилев Л.Н. Происхождение народа тюркют. В кн. Гумилев Л.Н. Ритмы Евразии: эпохи и цивилизации / Предисловие С.Б.Лаврова. – М.: Экопрос, 1993. – 576 с., с. 343-357, с. 343). Л.Н.Гумилевтің пікірінше, тюркюттер (турки-түгю) – «Тюрки VI в. (правильнее – тюркюты)



– это сложносоставной народ, сложившийся в результате соединения в единое государство монголоязычной орды Ашина, вынесшей из Ордосских степей воинственные традиции своих сяньбийских предков, и тюркоязычного населения Большого Алтая». (Гумилев Л.Н. Происхождение народа тюроктюн... с. 346).

41 Бұл Аммиан Марцеллиннің ғұнар жөніндегі пікірінен айрықша: «Члены тела у них мускулистые и крепкие, шеи толстые, они имеют чудовищный и страшный вид, так что их можно принять за двуногих зверей ил уподобить тем грубым отесанным наподоби человека чурбарам, которые ставятся на краях мостов». (Аммиан Марцеллин Римская история / Пер. с лат. Ю.А.Кулаковского, А.И.Сонни. М.: ACT: Ладомир, 2005. – 631 с., с. 538).

42 Хундардың жоғарғы қолбасшылары «шаньюй» жөнінде арнаулы зерттеу бар (Таскин В.С. О титулах шаньюй и каган...).

43 Бұл жөнінде қарама-қарсы пікір бар. Н.Н.Крадин бойынша «существует отличие между внешне схожими 24 «темниками» Модэ и 24 «ветвями» Огуз-хана». (См. Крадин Н.Н. Империя хунну... с. 54-55)

44 Шүлен тарату – туыстарына мал тарату дәстүрі. Ас беру – дұние салған адамды еске алып той жасау.

45 Шамандық (язычество) түркі-монгол халықтарының көпшілігінде кездеседі. Сол сияқты қазактарда да. (См. Ч.Валиханов «Следы шаманства у киргизов». В кн. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 4).

46 Бұл дәстүрлер қазақ халқында әлі күнге дейін сақталған.

47 Ақ марал – монголдардың атақты Қият-Боржігін тайласын дүниеге әкелуші мифтік Алан Гоа.

«ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ»  
ЖЫРЫ – АДАМЗАТ ТАРИХЫМЕН БІРГЕ  
ЖАСАП КЕЛЕ ЖАТҚАН ЖЫР<sup>23</sup>

«Қозы көрпеш – Баян сұлу жыры – қазақ  
зпосының ең ескі, ең жойқын түрі»  
Ә.Х. Марғұлан

Ә.Х.Марғұлан «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырын «мәңгілік жыр» деп атағанды ұнататын. Осы күнге дейінгі жырға байланысты зерттеушілер қазақ заманын, мұнғыл заманын, тіпті әрі кеткенде түрік заманын меже қылып жатқанда Әлекең жырдың шығу уақытын б.з.д. екінші мыңжылдықпен байланыстырған еді. «Қозы көрпеш – Баян сұлу» ескі дәуірдің сюжеті, біздің заманымыздан екі мың жылдам астам бұрын шыққан. Сол кездегі көшпелі тайпалар бұл жырды ауыздан ауызға, ұрпақтан ұрпаққа айтып, біздің дәуірімізге жеткізген» – дейді үлкен әулиелікпен, көрегендікпен Әлекең.

Бірақ « Қозы көрпеш – Баян сұлу » құмбезінің салынған уақыты ғұн, не түрік заманына қатысты болды да зерттеушілер, соның ішінде Әлекенің өзі де, алғашқы хронологиялық межеге тым табан тіреп тұра алмады. Оның үстіне «Қозы көрпеш – Баян сұлу» дыңы түрған Аяғез бойында жырға қатысты көптеген топонимиялық деректер, сәйкестік ғалымдардың қолын байладап, межені бергі заманнан іздеуге мәжбүр етті. Әлекенің өзі де «қалайда «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жыры ерте кезде шын оқиғадан шыққан

<sup>23</sup> Бұл макалаға «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырының 2002 ж. «Фолиант» баспасында жинақта жарияланған нұсқалары пайдаланылды.



булы керек. Қарабайдың үш қызының атымен айтылатын жер аттары, су, тау, өзендер аты, олардың аңызы халық ауызында ерекше орын алған» дейді.

Біздің пікірімізше Әлекенің алғашқы айтқан межесі дұрыс. Жырда одан ерте дәуірдің де сюжеттері көп. Ал күмбез ғұн уақытында, халықтардың ұлы қозғалысы кезінде, саяси және рухани серпіліс үстінде салған құрылым болуы тиіс. Ғұн заманында «Қозы көрпеш – Баян сұлу» тіршіліктің құрылымын нақтыладап, адамның Жаратушыға сүйіспеншілігін заңдастырып, туган жердің құндылығын ұрпақ жадында бекітетін қасиетті рухани қазына есебінде керек болды. Осыған ұқсас тарихты қөшпелілердің соңғы империясы (Алтын Орда) ыдырап, өзбек пен ноғай көшіп, қазақ жеке шаңырақ көтеріп жатқан уақытта, есте жоқ ескі замандарда өмір сүрді-мыс делінетін Алаша ханға арнап күмбез соғудан көреміз. Алаша хан қазақтың ұлттық және мемлекеттік идеясы болды, ал «Қозы көрпеш – Баян сұлу» космогониялық, жаратылыштану идеясының жаршысы.

Біз этнографиялық зерттеу әдістерін, тарихи, танымдық деректерді пайдалана отырып осы соңғы тезисті делелдеп көрейік.

### Баян сұлу

Баян сұлу – көне дүниедегі жаратушы, хак, құдай образының әдеби өндөлген түрі. Бұл атаудың түп-тамыры «бай», ол қасиет, құт, байлық деген мағынада қолданылады. Байана – жер-су иесі, ол адамды, жер бетіндегі аң-құс,

ағаш-шөп т.б. жарлықаушы негізгі күш, құдырет. Біз көбінесе «бай» ұғымының әлеуметтік мағынасына ғана көніл аударып, оның сакралды негізін ескере бермейміз.

«Байана» туралы алғашқы жазба деректерді М.Қашқаридің «Сөздігінен» аргу тайпаларына қатысты кездестіреміз. Аргу тайпаларының XI ғасырда Испинджаб (Сайрам) мен Баласағұн арасын мекендегенін (яғни Сайрамнан бастап Шу бойына дейінгі қалалық өңірді) ескерсек бұл ұғым түрік тайпаларының көпшілігіне қатысты екені анықталады. Қалалардың көпшілігі «Аргу шаһарлары» аталады, соның ішінде мысалы «Аргу Тараз».

М.Қашқари сөздігіндегі «Байана /бай» сөздеріне алғаш көніл аударған А.Н.Самойлович болатын: «Слово *bayat*, которое можно рассматривать как древнюю форму множественного числа на – *t* от вышеупомянутого слова *bayan*, обозначало, по словам Махмуда Кашгарского, бога на языке племени аргу и вместе с тем, как это нам известно из других источников, служило названием, по видимому тотемного происхождения, одного из гузских племен».

Бұл тақырыпқа кейіннен келген Л.П.Потапов аргуларды аргын руымен жақындастырады: «Прежде всего о племени аргу, в среде которого (XI в.) бытовало слово *bayat* в значении “бог”. Мне уже приходилось указывать, что среди тюркского населения долины р. Чулыма русские письменные источники начиная с XVIII века систематический фиксируют родоплеменную группу аргун, именуя ее Аргунскою волостью.



В свое время я показал, что аргуны попали сюда, как и некоторые другие родоплеменные группы, с запада, из района Тобольска, после падения Сибирского ханства в конце XVI века, что еще раньше они, как повествуют предания, составляли с казахской ордой один народ ”.

Тарихи деректерде «арғулардың» ғұн қауымдастырының оңтүстік тобы ретінде қабылданатынын айтқан жөн. Ғұндардың бұл тобы «ақ ғұн» (белые гуны) аталады. Сасан дәуірінің тарихи оқиғаларын сипаттайтын көне армян деректерінде ақ ғұндар жөнінде былай жазылған: «Эфталиттер ғұн еліне жатса да, өздері солай деп аталса да, бірақ өзге ғұндармен арластыры, ауыс түйісі жоқ. Біз білетін ғұндармен олардың арасында ортақ шекара жоқ... олар көшпелі емес, ерте заманнан бері құнарлы жерлерге қоныс тепкен. Ғұндардың ішінде өн-түсі ағы да, түрі келістісі де ақ ғұндар...».

Арғулардың батыс деректерінде «эфталит» аталуы патшаларының атына байланысты. Аргу империясының ен бір күшеген тұсында мемлекетті Ифталанос атты патша баскарды (470-496 жж.).

Біздің пікірімізше «Байана» түркі-моңғол тілдес халықтардың көпшілігінде бар ұғым. Мәселен: Алтай телеуіттерінде ол аспан /көк/ құдайларының басшысы, ортақ атауы. Соның ішінде жиі қолданатыны «Тотай пайана» – найзагай, жаңбыр мен бұршақтың иесі, бұлт түрінде көрінеді. «Байанаға» баласы жоқ жандар сиынады, байананы «ене йайачы» деп атайды, оған арнаап құрбандық шалады. Егер осыдан

кейін балалы болса, онда «про него говорили «өрөгө пайанадан йайылған бала» т.е. сотворенный верхним божеством ребенок».

Қазақ ішінде «байана» құдайына табыну ұмтылғанымен де биік таулардың бауырындағы үңгірлерге барып «байанаға» тәуәіп ету, құрбандық шалу, сырқатқа шипа, баласызға перзент сұрау дәстүрі әлі жалғасып келеді. Сол себептен тау үңгірлерінің көпшілігі «әулие», Байананың қасиетті үйі есепті. Сондай қасиетті орынның бірі Баянауладағы Әулиетас (Қоңыр әулие) үңгірі. Н. Коншин «Баянауылдан Қарқаралыға дейін» деп аталатын жол жазбасында Әулиетасқа табынып, түнеп жатқан, зияратқа келген адамдарды, олардың құрбандық шалғанын, үңгірдің ішінде шырақ жағып, соның лапылдаған жалынына шомылатынын жазды.

Этнографиялық деректер «байана» образының түркі-монголдың телеуіттен басқа чөлкан (шалқан), құманды, шор, якут (сақа), бурят, қалмақ, моңғол т.б. арасында кеңінен тарағанын сипаттайды. Қазақ тіліндегі «бәйтерек», «бәйшешек», «байғыз» /байқұс/, «бәйбіше», «бәйтебет» т.б. ұғымдар қалай болғанда да «бай /байана/» сакралдық мағынасына тікелей байланысты болса керек. Ол үлкендікті, қасиеттілікті білдіреді. Жиі қолданылатын сөздің бірі «баян» – құтты, берекені, молдықты білдіреді және байана сөзінен тікелей туындаиды. Бұл жерде «байана» қасиетті «Жер-сүмен» тікелей байланысты болғандығын, Тәңірінің сепкен дәнін өсіріп-өндіріп шығаратын ана есепті екенін ұмытпау керек. Этнографиялық деректер түркі-монгол

халықтарының Байана, Ұмай ана, Май ана деп атап жүргендерінің бір ғана ана құдайы екенін анықтайды.

Қазақтың ішінде сақталған «ой-бай» сөзінің мағынасы тек Байана ұғымы арқылы ғана түсінікті болады. «Ойбай» Байананы көмекке шақыру, жалбарыну, толық нұсқасы «Ойбай-ана». Ал енді ісләм уағызыларының (молдалардың) «ойбай» сөзіне байланысты «шайтанның атын атама, бісміллә де, тілінді кәлимаға келтір» деуі Байана атының ұмытылуына ісләм дінінің тікелей ықпалы бар екенін көрсетеді. Шындығында да Сібір түркілерінің әлі күнге есінде жүрген «Байана» қазақтың ішінде тек «Баян сұлу», немесе одағай «ойбай» түрінде сақталуы ісләм дінінің тікелей ықпалының нәтижесі.

Көне заманда «байана» ұғымының географиялық және этникалық шекарасы Еуразия құрлығын түгел қамтып жатты. Бұл ұғым тек түркі-моңғолда ғана емес ұнді-европа, финно-угор, семито-хамит т.б. тіл семьяларында кеңінен тараған. Бірақ толық мәнін тек Орталық Азия халықтары сақтап қалды.

Байана қашан Баян сұлуға айналды? Бұл мәселеге түрік қауымдастықтарының ісләм дінін қабылдауымен тікелей байланысты қараған жөн. Байана әуел бастан дүниетаным моделінің ішіндеі ең бір көркем образ болғандығына дау жок. Ол көне бақсылық түсініктерде аяғы ауыр эйелана кейпінде сүреттерге түсті, оның әдемілігін табиғаттың ең бір сұлу суреттерімен салыстырып отырды. Байана туралы түсініктерді сақтаудың

жалғыз жолы одан көркем образ жасау арғутүрік тайпалары жайланаған өлкеде ісләм туына бағынудан басталады деп жорамалдауға болады. Ендеше Баян сұлу бейнесіне негіз болған Байана Жаратушы образы ретінде ондаған мыңдаған жылдар, ал Баян сұлу образы ретінде 1000 жылдан астам өмір сүрді.

Баян сұлудың тарихы міне осылай!

### Қозы көрпеш

Қозы көрпеш – көне дүниеден сақталған күрделі атау. Бұл атаудың түп негізін ностратикалық сөз қорынан іздегендеге ғана толық мәнін ашуы мүмкін.

Біз Қозы көрпеш атауының екінші компонентінен бастайық. «Көр» – түркі-монголда жиі кездеседі (Көрүғлы, Қорқыт т.б. түрлерінде). Негізінен тілшілер де, халықтық этимология да «көрді» нақты түсінеді, яғни адам қойылатын шұңқыр, мәйітке арнайы дайындалған орын. Шын мәнінде «көр»-дің түбірі шумер тіліндегі «көр (кур)» - таулы жер, ұлы жер, ұлы дала, оның тұрғындары деген ұғымды білдіреді.

Сонымен бірге «көр» аккад тілінен аударғанда «барса келмес» деген мағынанға жуық (сторона без возврата).

Шумерлер де аккадтықтар да Көр елінің қай жерде екенін ұмытынқыраған. Бұл құбылыс қазақтың Жиделі Байсын деген ұғымына жақын келеді. Аккад есебі бойынша егер көне Ниппурдан алсақ (оны жер кіндігі деп есептеген) Көрге дейін 3600 сағат (екі еселенген). Көр – жеті қақпалау т.б. В.К. Афанасьеваның пікірі бойынша «Көр»



шумер заманының өзінде персонофикацияға, яғни кейіпкерлерге айналған ұғым.

Үнді-арий тілдерінде қассиетті Куру даласы (жазығы) деген ұғым бар. «Шатапатхабрахмана» жазуына қарағанда /XIV 1,1,2/ Куру (Курукшетра) даласында құдайларға арнап құрбандық шалады. Бұл пікірді «Махабхарат» да растайды. Ол деректер бойынша Куру даласы «небеса на земле», жер үстіндегі ең бақытты қоныс. Браhma бастаған құдайлар мен риши (көмекшілері) ай сайын бір рет ол жерге келіп қасиет тұтады. Көне үнді-арий түсініктеріне қарағанда Куру даласының адамдары өлгеннен кейін бірден Көк Тәңіріне барады /Махабхарат, IX, 53,20/.

Шумер кезеңінен (IV мың жылдық) арий дәүіріне дейін қасиетті жер саналған «көр» (кор) сөзінің қазақи нұсқасы «қорық» деген мағынаға келеді. «Кор» – «көр» ауыспалы түрі, аса оғаш болмаса керек. Көрдің көрпеш атануы – бір мағыналы екі сөздің қайталануынан деп жорамалдауға болады: көр-кор (қорық) - пеш (бейіш) – сонда Көрпеш шығады.

Қозы – ұғымы тікелей мағынасынан алыс емес. Қозы – үнді-европалық тілдерде патшалық әulet, патша, билік деген ұғымдарға дөп келеді. Мұның мысалын әсіресе арий тіл нұсқаларынан қарағанда аңғаруға болады: «Хзай» – патша билігі. Дарий тас жазуына «Ахуромазда даровал мне эту xsassa (Э. Бенвенист). Бұл жерде Зәрдүшке табынған Даридің бас құдай Ахуромазда арқасында билікке жеткендігі айтылып тұр. Қозы-Қазы түпкі мағынасы бір сөздер болса керек деп ойлаймыз. Екі сөзде де алғашқы нұсқа тіршілікті, тіршілік бастауын білдіреді.


Қазақта кең тараған Қазылық сөзіне бұл түрғыдан патшалар мекені, қозғалыс орталығы деген мағына беру керек. Қазы – шүйгін жер, орталық, шұрайлы орта. Салыстырыңыз: «Қазылық – мал кіндігі» (Ә. Бекейханов).

«Қазы» қозыдан гөрі терендеу мағынаға ие. Мүмкін «қозы» Қазылықтың өкілі, шүйгін ортасындағы иесі, елшісі. «Қозы» – түпкілікті етістік, қозғалыс, тіршілікті білдіреді: қозғау, қозғалыс, қозу, қоза (от, адам, мал).

Байана мен Қозы көрпеш – ұғымдарының арасындағы тамырлы байланыс Э.Бенвенистің мына гипотизасын еске түсіреді:

«Vazzaka» – прилагается также к “земле” – *bumi*, понимаемой в широком смысле как «царское самодержавное владение».

Анализ этого прилагательного остается отчасти гипотетическим. По всей вероятности, это производное от *vaz* – быть сильным, дышать силой, соответствия которому обнаруживаются в ведийском существительном *vaia* – сила, битва. В «героической» терминологии Вед *vaia* и его производные занимают важное место и охватывают множество понятий, скрывающих первичное значение слов. Кажется, *vaia* – обозначает силу, свойственную богам, героям и коням, силу, благодаря которой они побеждают; это также мистическая сила жертвоприношения вместе со всем тем, что она обеспечивает: благополучием, удовлетворенностью, мощью. Это также сила, которая проявляется в дарах, откуда значения «щедрость, богатство».



...Если бог Ахурамазда определяется как vazzaka, то лишь поскольку он одухотворен этой мистической силой – vaia (ягни Байанаға деген маҳаббаттың күшімен – Ж.А.). И царя титулуют по той же силе, и землю – естественную кормилицу, которая носит и кормит всех и вся».

Кортындылай келсек Қозы көрпештің Баян сұлуға деген маҳаббаты адамның Құдіретке (Құдайға) деген сезімі. Байана осы құдыштің иесі, оның мекені Жер-Су, ондағы қасиетті әулие үңгірлер осы күштің жинақталған орындары. Қозы көрпеш Ахурамазда образына негіз болған бейне, ол жалпы тіршілік иесі, рух кәусәрін аңсаған адам.

### **Сарыбай**

Сарыбай – көне заманда көбінесе батысқа қатысты ұғым ретінде қолданылады. Егер «қара» – шығыс деген түсінікті берсе, «сары» – батыс дегенге жақын. Қандай жағдайда да адамзат тіршілігінің арқауы Шығыс пен Батыс арасындағы қарым-қатынастарды түр-түс арқылы, алпауыт күш пен құдіретті сезім ақылы бейнеледі.


«Сары» атауының батысты нұсқайтынын білдіретін ең алдымен ортағасырлық ру құрылымдары. Орталық Азия көшпелі ұлыстарының ерте кезден бастап дуальдық жүйеге бағынатыны, оның бір бөлігі сары, бір бөлігі қара атанатыны деректерден белгілі. Мұның ең әдемі көріністері ғұндардан басталады: ақ ғұн – батыс өлкелерді, ягни кәзіргі онтүстік Қазақстанды, Өзбек, Парсы

жерлерін мекендерген ғұндар. Сары үйғырлар – көшпелі түрік-үйғыр империясының батысында орналасқан ру бірлестіктері.

Әдебиетте ең көп көңіл бөлінген тақырыптың бірі «сары қыпшақтар». XIX ғ. өзінде Г.Е.Грум-Гржимайло, Н.А.Аристов сияқты ғалымдар қыпшақтардың батыс тобының сары (половцы) аталау себептері туралы әңгіме қозғаған. Қытай деректері бойынша (Ганьму) Орталық Азияда ерте кезеңде мекендерді-мыс делінетін динлин тайпаларының сары қыпшақтарға тікелей әсері бар: «светлую окраску части кыпчаков следует отнести к смешению их с западными динлинами».

Бертіңгі зерттеушілер де (Л.Н. Гумилев, А.Н. Кононов т.б.) осы «динлин» теориясының ықпалында болды. Қалай дегенмен де зерттеушілер «сары» сөзін тек адам түсі (өні) мағынасы есебінде қабылдағаны анық. Қазақ зерттеушілерінің арасынан С.М. Ақынжанов та сары сөзінің «құба» ұғымымен тікелей мағыналас екенін бірнеше рет ескерtedі. Зерттеуші «сары», «құба» т.б. анықтауыштарды тікелей қыпшақтардың түр-өңімен байланыстыруға ыңғай білдіреді. Сонымен қатар этнографтар «сары» анықтауышын түр-түспен байланыстырудан көрі құбыладан іздеген жөн дёген жорамал айтады: «Представляется наиболее вероятным, что цветовое обозначение в этом этнониме (сары – половец) выступает как символическое название стороны света» (И.Г. Добродомов).

Біз осы жорамалды қолдаймыз. Ең алдымен көне қыпшақтардың бірнеше тайпаларға бөлінгенімен де негізгі бөлігінің екі топқа жа-



рылатынын ескерген жөн. Шежіре деректері Қыпшақтың қазақ даласын мекендерген негізгі, үлкен бөлігін «қара қыпшақ» деп атаса, батыс яғни Еділ бойы, Қара теңіздің сол қапталын мекендердендердің «сары қыпшақ» деп атайды.

Бұдан кейінгі тарихта қалмақтарға қатысты анықтауыштарды тағы кездестіреміз. Шығыс өлкесін – Алтай, Жетісу (Іле бойы) маңын жайлаған ойраттарды деректер (ауызша және жазбаша) «қара қалмақ», Жайықтан батысқа асқандарын «құба қалмақ» деп атайды. Сонымен бірге Жоңғар мемлекетіне бағынышты болған Алтайдың телеуіт, шор сияқты елдерін қазақтар да, өзгелер де «ақ қалмақ» деп атайды. Ескертетін бір мәселе Таулы Алтай түркілері «қалмақ» деген сөзге қатты шамданады (бұл Түркістанның өзбектерінің «сарт» дегенге ренжігені сияқты).

«Құба» мен «сары» арасында үлкен принципиалды айырмашылық жоқ деп есептеуге болады. Екеуі де батыс деген мағынаны, күннің құбыласын нұсқайды.

Ең қызығы «сары» атауы қазақтың батыс топтарына да қатысты қолданылады. Бұл қызық фактіні П.И. Рычков 1755 жылы жазған «Топография Оренбургской губернии» кітабы баян етеді: «В рассуждении киргиз-кайсаков надлежит знать и сие, что они не только никаких податей в казну не платят, но и пошлины с торгу их в Оренбурге и Троицкой крепости, где через все лето бывает такая же ярмарка, как в Оренбурге, ничего от них не берется, а берется оная пошлина за них с русских купцов, которые товары из их рук покупают, да и ханы их с на-

рода никогда ничего себе требовать не могут... Сами себя называют они сара-кайсаки, что с арабского языка значит степного казака. Но больше и обыкновенно именуются они просто кайсаки или казаки».


«Сара/сары» тек қана араб тілінде ғана емес Еуразиялық тілдердің көпшілігінде кездеседі. Қара сөзі сияқты «сара-сарының» функционалдық мазмұны өте жоғары: ол билікті, тектілікті, сапаны білдіреді.

Корыта келгенде «Сары» ұғымы ең алдымен батысқа тиесілі, мүмкін «батыс-шығыс» ұғымдарына қатысты белгілі табу-тиымдар да болуы мүмкін. Осыған байланысты Батысты – Сары, Шығысты – Қара деп атап ерте уақытта ақ қалыптасқан деп айта аламыз. Бұл адамзат баласының дүниетаным білімінің ең көне тамырлары.

### Қарабай

Қарабай – өте көне символикалық образ. Көне дүниетаным жобасында түрлі-түсті сипаттамалар көп қолданылады. Осыған байланысты төмендегідей жорамалдар жасауға болады.

Адам баласы мекен еткен кеңістікті игеру ең алдымен Шығыс және Батыс ұғымдарын қабылдаудан басталды. Ол алдымен Құн тәңірінің қозғалысына негізделеді және бақылаудан шыққанын анықтау онша қын шаруа болмас. Құннің жер бетіне сәулесін төгіп, жарқырап шыққан жағын «Шығыс» атайды, ал алаулап-мұнартып барып батқан жағын «Батыс» дейді. Сонымен қатар шығысқа ықылас, күрмет ерекше. Біздің аталарымыз қасиетті, әулие адамдарының



бейіттері мен күмбездерінің, құрбандық шала-тын орындарының есігін Шығысқа қаратады. Тасмола қорымдарының мұртты жалдары негізгі зираттан шығысқа қарай бағытталып құшагын ашып тұр.

Шығыс – күш иесі, алапат мол құдірет иесі, жігер мен қайрат, жарық сәуле иесі. Көне түркі сөздігіне жүгінсек – сары тас Венерамен (Шолпан) байланысты, қара тас Сатурнмен байланысты (Турфан ескерткіші). Бұл жерде жұлдыз әлемінің ішінде Шолпан – батыспен, ал Сатурн шығыспен тікелей байланысады.

«Қара» сөзінің әр түрлі мағыналары бар. Бірақ соның ішінде ең көп кезедесетіні тұртқусті білдіру, қарапайым қара халықты білдіру, қара-құрым елді, көпті білдіру. Осының ішінде соңғысы Қарабай образына сәйкес.

Жырда да біз Қарабайды Сарыбайға қараганда шығыстан кездестіреміз:

«Қызыымды жетім ұлға бермеймін» деп

Қарабай көше қашты халқыменен, – деп Суаяғы құрдымнан Аягөзге көшті.

Қозы көрпеш – Баян сұлу жырының әр нұсқасында Қарабай, Сарыбай аттарының ауысып келетіні де екі образдың бір-біріне тең күштер екенін көрсету мақсатынан туған:

Сарыбай менсінбейді жетім ұлды,

Азғырып кеудесіне шайтан кірді.

Біресе Қарабай Баянның әкесі болса (Жанақ нұсқасы), енді бірде Баянның әкесі Сарыбай делінеді (Шөже нұсқасы).

Ең алдымен Сарыбай Өлеңтінің аяғын өрлей көшеді (Шөже нұсқасы), яғни Баян аула таулары-

нан солтүстікке бағыт алған сияқты. Одан кейін Өлеңтінің бойынан өткен күні сабасы жарылып «Аққөл мен Жайылма содан қалған» дейді жыр мазмұны. Осылайша Сарыарқадан шығысқа қарай көшіп отырып Сарыбай ауылы Аяқөзге келеді: «Жазы-қысы он екі ай жайлап, қыстап, Сарыбай көшіп келді Аяқөзге».

Жанақ нұсқасында Сарыарқаның белгілі деген жер-су атаулары түтел айтылады. Бірақ қашанды Қозының ауылы Батысқа, Баянның ауылы Шығысқа қарай болып келеді.

Неге Шығыстың тартым күші көп? Неге Батыс Шығысқа тартылады? Бұл туралы әлі де терендей зерттей тұсу керек. Көне дәуірдегі топонимиялық деректерді қарастырсақ «қара» көп кездеседі. «Авестада» Қара (хара) жер бетін айнала қоршал жатқан мифтік таулар жүйесі. Оны құрметтеп Арийлер «Хара-Бэрэзайти» деп атайды, мағынасы Биік Қара тау. Ол жерде арий-тур тайпалары табиғаттың ұлы күштеріне арнап құрбандық шалды.

Орта ғасырлық оғыз-қыпшақ азыздарында Қараспан тауы, Қарашық тауы, Қара тау көп кездеседі.

Орта ғасырда қазақ жерін мекен еткен үлкен тайпалық этностардың үлкен бөліктегі қара аталады. Қыпшақтың атақты ері Қобыланды – қара қыпшақ Қобыланды, қазақ жеріндегі хандарға орда болған көне қалалардың бірі, Рашид-ад-дин жазатын – Қарақорым (бұл Үгедей кезінде көтерілген монголдардың Қарақорымынан бөлек). Рашид-ад-диннің жазуына қарағанда



Қарақорым Бетпақ далада, не Бетпақ далага шекаралас алқапта болса керек.

Этнос атауларының ішінен қара түргеш, қара үйғыр (сары үйғыр), қара керей (найман ішінде), қара қалмақ т.б. атауларды кездестіреміз. Бұл санамалап жатқан атаулар тарихқа белгілі «қаралардың» аз ғана бөлігі. Қазақ жақсы, текстіні «қаракөк» дейді, ол не себептен қара көк? Егер «қара» көптікті, күшті, құдіретті білдірсе, «көк» – Тәңірінің аты. Шығыс Тәңірінің нұры жер бетіне төгілетін шапағат көзі.

«Хараға» тек адамдар ғана емес Тағдырдың иесі сұлу Ашидің өзі де табынады:

Когда молился Аши  
Хаошьянха Парадата  
Под Харою высокой,  
Прекрасной, данной Маздой /Авеста/.

### Бәйтерек

Бәйтерек (Байтерек) – көне дүниенің сыр сандығы мифологиялық азыздарда да, көзіргі қазақтың дәстүрлі сенім-нанымдары арасында да жиі кездесетін кейіпкер.

Неге біз ай далада келе жатып жапан түзде оқшау тұрған бір ағаш болса елең ете түсеміз? Неге біздің үлкендеріміз оның бұтағына ақ байлап жатады. Неге біз зират ішінде, бұлақ жағасында ағаш өссе қасиет деп санаймыз? Бұл сұрақтардың бәріне де жауапты тарихтың бәйтерек туралы түсініктері береді.

Бәйтерек – тек аспанмен тілдескен, немесе оқшау өскен ағаш емес. Ол тәңірі мен Байана арасын байланыстырып тұрған алтын көпір.

Қозы көрпеш – Баян сұлу жырының негізгі нұсқаларының бәрінде де Қозы мен Баян Шоқ теректің түбінде кездеседі:


«Бар еken біr ағашта жалғыз бұлақ,

Екеуі сол ағашты қылды мекен».

Бәйтерек – кейде аспанмен тілдесіп тұрған өте биік ағаш, кейде жапан түзде оқшау есken ағаш. Екі жағдайда да сахара адамы ондай бәйтеректі аса қадір тұтады.

Ертегіге жүгініп көрейік: «Ертеде біr кедей адам болыпты еken дейді. Қанша жерден тіршілік жасаса да бақ, байлышқ қонбаған соң кедей біr күnі Алла тағаланың өзіне (біr нұсқаларда Қыдыр атаға) жолығып, жүзін көріп, арызын айтпақшы болыпты... Көп күндегі жүріп темір таяғы тебенгідей, темір етегі теңгедей болған уақытта біr биік таудың басында шығыпты... аспанмен таласқан бәйтерек өсіп тұr еken. Маңайы қызылды-жасылды гүл, үшқан құс, тіршілік. Кедей енді алла тағаланың жүзін көре алмаймын деп күдер үзіп отырғанда Бәйтеректен біr дауыс шықты дейді: Ей, адам баласы арызынды айт, – деген...».

Бәйтерек Адам мен Құдай тағала арасындағы дәнекер ғана емес, жарагушының жер бетіндегі құдыретінің көрінісі. Бәйтерек космостың кіндігі (осі): оның үшар басы Қекке тіреліп, діңгегі жер бетіндегі тіршілікке сүйеніш болып, тамыры жер асты әлеміне кетеді. Қазақтың космос тура-лы түсінігі үш сатылы: жоғарғы, жер бетіндегі, төменгі әлемдер. Осы үшеуін жалғастырып тұратын дәу Бәйтерек. Қазақтың аңыздары бойынша жер бетінде адамадар белбеулерін



(кісе) беліне салса, жоғарғы әлемде мойнына, ал төменгі әлемде аяғына салады екен-мыс делінеді.

«Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырындағы Бәйтерек образы Шоқ терек арқылы берілген. Шоқ терек екі түрлі қызметті толық атқарып тұрганы жыр мазмұнынан көрінеді. Бірінші жолы ол космостың үш сферасының басын қосып тұр (диахрондық байланыс жүйесі). Қозы көрпеш пен Баян сұлу осы Шоқтеректің түбінде кездеседі. Яғни адам мен құдай (жаратушы) арасын да қосатын Бәйтерек. Адамның Құдайға деген махаббатының, ашық сезімінің күесі Шоқ ағаш, Қозы көрпешке пана болған Шоқ ағаш, Қозы көрпеш өлгендеге де осы Шоқтеректің түбінде өледі. Қозы көрпештің қайта тірілуі де адам баласының тіршілік туралы туралы көзқарастарына сәйкес. Тіршілік мәнгілік жаңғыру.

Шоқ терек сонымен бірге Шығыс пен Батыс арасындағы дәнекер (синхронды байланыс жүйесі). Шоқтеректің түбінде Батыстың өкілі Қозы мен Шығыстың өкілі Баян кездеседі. Бұл жағынан алғанда Шоқтерек әлемінің екі горизанталді сферасының арасындағы шекара сияқты. Қазақ жер ортасы Көктөбе дейді:

Мекен іздел, жігіттер, кел кетелі,  
Ортасында Көктөбе белгі етелі  
(Шоқан нұсқасы)

Осы Көктөбенің басында Шоқ терек өсіп тұр:  
О, бастан Қозы-екем өзі сұмды,  
Шоқтеректі, барды да, мекен қылды  
(Шоқан нұсқасы).

Шоқ терек атты жер Ә.Х. Марғұлан жазбаларына қарағанда Аягөз маңына жақын, Қозы көрпеш – Баян сұлу мұнарасынан 8 шақырымдай солтүстік батысқа орналасқан. XX ғасырдың басында осы атпен Батыс Сібірдің он шақырымдық картасына түскен бұл Шоқ теректің мифтік Шоқ терекпен арасында ұқсастық, байланыс бар ма, ол жағы мағлұм емес. Қалай болғанмен «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырына қатысты талай ескерткіштер бір жерге топталған. Шоқ терек, Көк төбе – жер ортасы деген ұғымдарды әлі де зерттеу қажеттілігі көп:

Келді ғой Шоқтерекке Баян батыл,

Болады осы арада заман ақыр.

Зар жыламай не қылсын сорлы Баян?


Қозыеке арыстандай өліп жатыр.

Ә.Х. Марғұланның жазбаларында Шоқ терек атты жер аты Орталық Қазақстанда Атасу бойында да кездеседі.

«Қасиетті бәйтерек» дүние жүзі халықтарының көпшілігінде кездеседі. Бұл тіршіліктің өсіп-өнуінің символы. Бәйтеректің қасиеттері қазак аңыз-ертегілерінде аса марапатталады. Оның жөні де бар, шөл мен дала астасқан өңірде ағаш та көп емес. Мүмкін тіршілік туралы аңыздарға негіз болған сюжеттер осы жерден басталған болар.

### Қодар

Қодар – «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырындағы негізгі кейіпкерлердің бірі. Біздің ойымызша Қодар бейнесі Қозы көрпешке антипод, яғни негізгі кейіпкерге қарама-қарсы жасалған көркем образ. Бір қайратты жыр



туғызуши орта қақ жарып екі бөлген де бір жағын Қозыға, екінші жағын Қодарға берген.

Қодар Баян сұлуды (Байана) Қозыдан кем жақсы көрмейді. Оның Баянсұлуға деген маҳаббаты шексіз:

«Баянға ауызба ауыз бір тілдесу,

Қодарға жұмыс болды көкей кесті», – дейді жыр өрнегі.

Қодардың Баянаға деген құмарлығы сондай күшті. Ол осы құмарлық сезімінің жетегінде бірнеше жыл Қарабайдың ең ауыр қызметін жасайды. Бетпақ шөлде Қарабайдың 90 мың жылқысы қырылайын деп жатқанда құдық қазып алғып шығады:

«Ант ұрған білдірмейді Қодар жасып,

Әр жерден жұз кісілік құдық аршып».

Сонымен қатар Қодар алапат батыр. Аягезге көшіп келген Қарабайдың Баян сұлу есімді қызы бар деп жан-жақтан 90 сері қызды көрмекке келгенде солармен жалғыз айқасып женіп шығады.

Бірақ Қодардың қанша қызмет істесе де Баян сұлуға қолы жетуі мүмкін емес. Ең алдымен Баянның атастырған күйеуі бар. Баян Қодардың тілегінің бәріне бір-ақ жауап береді:

«Тимеймін ногайлыға арым бар-ды,

алтын айдар, шоқ белбеу жарым бар-ды!»

«Қозы көрпеш – Баян сұлу» жыры адам баласының жан-жануар әлемінен бөлініп шығар тұстағы ең басты тіршілік қағидасын – неке тәртібін заңдастырып отыр. Тәртіпті неке (атастыру, қалың мал, құдалық салты) адамды қоғам, ұлт, мемлекет есебінде қалыптастырған

негізгі институт. Қодар осы қасиетті түсініктің күрбандығы. Баян сұлудың әкесі Қарабайдың да жағымсыз болуына негізгі себеп осы салтты мойындамау.

Екіншіден Қозы көрпеш Тәнірінің арнайы ықыласы түскен адамға ұқсайды, ол Баян сұлу маҳаббатына ие болған. Бұл адам баласының, соның ішінде көшпелі түркі-монғол халықтарының дүниетанымдағы «бақ/құт» де-ген ұғымды ескерсек түсінікті болмақ. Қозының басына қонған бақ оны ешқандай кедергілерге қаратпай (шөл дала, қиқулының қырық берісі, түлкі, мыстан кемпір, түйе, орман т.б.) Баян ауылдана қарай жетелейді, жеткізеді.

Қодар болса осының екеуінен де маҳрұм қалған. Ол неке жолына түсіп қойған, атастырылған қызға ғашық, оның Қозының басындағыдай жарқыраған алтын айдары жоқ. Алтын айдар Қозының ерекше жаратылышын, Тәніріге сүйкімділігін білдіреді.

Кейде осылай қанша талпынғанымен құдай бұйыртпай отырса адамның еңбегі еш болады. Басқа амалы қалмаған Қодар Шоқ теректің түбінде ұйықтап жатқан Қозыны садақпен атады. Міне осы жерде Қодардың іс-қимылы кәдімгі қаратайым адамға тән көре алмаушылық, қараниет, жауыздық кейпін киеді. Тіршіліктің тікелей қозғаушы күші жақсылық пен жамандық арасындағы күрес өзінің шырқау шегіне жақындейдьы. Бұл мәңгілік күрес, бұл тіпті әр адамның ез ішінде болып жататын күнделікті күрес. Жақсылық бар жерде жамандықта бар. Ғұлама Мәшіур Жүсіп «Күнәсі жоққа Құдайдың



рахымы да жоқ» дейді, онысы осы құрделі, бинарлы түсінікті меңзегені. Жақсылық өлсे жамандық онымен бірге өледі. Қозы көрпеш өліп еді. Қодар да өлді, оны жыр құдыреті құшті Байана қолымен жасайды.

### **Ай, Таңсық**

Ай (Айғыз) - образы жыр сюжетін байытатын, көркем құралдардың бірі деп есептеуге болады. Ай мен Таңсық жырда Қарабайдың қыздары еді делінеді:

Айтады қыздарына келіп майда,  
– Ай, Таңсық – менің екі қызым қайда?

(Жанақ нұсқасы)

Бұл жерде бір шарттылық сезінгенімен Шығыстың негізгі белгі екенін ескерсек Ай, Таңсықтың Баянға апа – сіңілі болулары түсінікті.

Ай, Таңсықтың Баян сұлу мен Қозы көрпеш махаббатына жанашырлығы жырда жақсы суреттелген. Белгілі дәрежеде Ай, Таңсық образдары космогониялық сарындарға, білімге негізделгенімен де жырдың көркемдік деңгейін көтеру үшін әр-түрлі қоғамдық тіршілікке белсене араласады. Оның бір мысалы екі қыздың жерімен қоштасуы:

Балталы, Бағаналы ел аман бол,  
Бақалы, Балдырганды көл аман бол  
Кірім жуып, кіндігім кескен жерім,  
Ойнап, күліп ер жеткен ел аман бол!

(Радлов нұсқасы)

Жыршы екі қыздың көңіл күйін, Қозы мен Баянға деген сүйіспеншілігін жырлап

отанышылдық, адалдық, сұлулық сезімдерін маздата жағады:


Жөнелді сонда екі қыз белін буып,  
Тым сұлу көркемдігі айдай болып.  
Кешіне жылай – жылай әрең жетті,  
Жылаған жасы атының жалын жуып

(Радлов нұсқасы)

Таңсық (Айтаңсық) – жыр мазұмынындағы қосалқы кейіпкер. Таңсықтың негізгі атқаратын функциясы Аймен ұқсас – туған жерге деген махабbat сезімін бекіту, жарға деген адалдық (ол екеуі де Баян бесікте атастырылған күйеуі Қозыға адаптулығы көрек деп беледі), қазақ қыздарына тән қам көңіл, жұмсақ жандар.

Бірақ екі образдың түп нұсқасы көне дүниенің табиғат әлемі туралы түсініктерінен туындаған. Ерте кезеңдегі жаратылыш ілімінде Байана құдайдың маңындағы Әлем жарықтары осылар. Тәңірі - әлемнің ең жарық жүлдізы Күнмен, Байана Аймен байланысты, ал енді Ай мен Күннің ұштасар, аудасар тұсы – Таң. Бұл көшпелілердің, көшпелілерге дейінгі әлем халықтарының дүниетанымының құрылымы. Біздің пікірімізше ғұн, түркі замандарында табиғат туралы ілім әбден қалыптасып барып санлақ мифтерге аудасан.

Әлем құрылымы, тіршілік заңдылықтары туралы көне білімнің ең көрнекті мысалдарының бірі Уыз (Оғыз) хан туралы генеалогиялық әфсаналарда көрініс береді. Рашид-ад-дин дағы қарияларынан естігеніне сүйеніп Алаша ханды Нұқ пайғамбардан тікелей таратады. Осы Алаша ханнан Диб-Бакуй туады, одан өз кезегінде төрт



бала: Қара хан, Ор хан, Көр хан және Көз хан. Осы төртеуін аталары әлемнің төрт бұрышына жіберді еken дейді... Қара ханның баласы Уыздан (Оғыз) шежіре алты ұл туған еken дейді. Олардың екі канатқа бөлінетіні, бұзок, үш оқ атанатыны шежіреден көпшілікке белгілі. Олардың аттары мынадай: Құн хан, Ай-хан, Жұлдыз хан, Көк-хан, Тау хан, Теніз хан.

Уыздың ортанды ұлы Айханның, Қарабайдың үлкен қызы Айғыздың өмір сүрген заманы қай дәуірге келеді? Біз жеке адамнан гөрі бұл жерде жаратылыс туралы түсініктің қашан бір ретті құрылымға, мифтік /дүниетанымдық/ жүйеге түскеніне көңіл аударғанымыз жөн болар. Зерттеушілердің арасында Оғызды (Уызды) ғұнның Модэ шаньюімен тенденстіретін пікір бар, бірақ Оғыз туралы сюжеттердің ғұмыры ру тарихи Оғыздан әлдеқайда ертерек болған деп шамалауымыз керек. Уыз (Оғыз) туралы жырлардың да тағдыры «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырына ұксас – бұлар көне дүниенің езі аңыз есебіне тыңдаған әфсаналар.

Соныменен Ай, Таңсық жырға көне мифтік түсініктерден келіп еніп кеткен қаһармандар. Олар әлемнің, жаратылыстың, әлем қарамақайшылығы (жер мен көк, жарық пен қарангыры), тіршілігі туралы қалыптасқан астральді мифтердің элементтері.

### Айбас және оның жер шолуы /жер картасы/

Жырдағы өте ұнамды кейіпкердің бірі Айбас еkenі мәлім. Айбастың шыққан тегі белгісіз. Бірде ол Тайлақ бидің кенже інісі болса, бірде

Сарыбайдың құдалық кезінде Қарабайға қарғы бау деп берген құлы. Қалайда осы Айбас Қарабай мен Сарыбайдың (Шығыс пен Батыстың) арасындағы дәнекер екені анық. Егер жырдың мифтік мазмұнын жеке қаастырсақ Айбас құдайлар пантеонындағы арағайындық функциясын атқаратын ірі күштердің бірі сияқты.

«Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырында қазақ даласының, тіпті онымен шекаралас Еуразия аймағының ең шоқтықты, белгілі, қасиетті жерлері аталатыны оқырманға белгілі. Бұл жерде Су аяғы Құрдым да, Мұз теңіз (Солтүстік Мұзды мұхит), Бетпақтың шөлі де, Жетісу мен Түркістан да, Еділ мен Жайық та бар. Жырдағы ең бір әдемі топонимиялық сюжеттер Айбас серінің саяхаттарына байланысты кездеседі:

Айбас құл адасқанын енді білді,  
Ғарып жанын қыз үшін отқа салды.

Баян туған жерінде демін алыш,  
Баян аула деген тау содан қалды  
Тоқырауын – Бақаайғыр тоқтаған жер,  
Жәмші де ақ жәмшісі түсіп қалды  
Баянның қарқарасы түсіп қалып,  
Қарқаралы – Қазылық сонан қалды

(Шөже нұсқасы)

Осылай жыршылар Айбас серіні адастырып отырып қазақтың біраз жерін аралатады. Шежеден кейін Айбасты көп қыдыртатын жыршының бірі Жанақ:

Кектаймен батыр Айбас төмен шапты,  
Мәнісін таман жолдың оймен тапты.  
Қыздың берген белбеуі түсіп қалып  
«Қызыл белбеу», «Құба жон» қоя салты

Қыздың берген жалауы түсіп қалып,  
«Абыралы», «Жалаулы» қоя сапты

(Жанақ нұсқасы)

Жанақ нұсқасында тек қана Айбас емес,  
Қарабайдың өзі де тоқсан мыңның соңында  
дамылсыз көшеді:

Дамыл, аял көрмейді көзі терлеп,  
Өзге жақпен жүре алмас, малы кернеп.  
Дамыл да жоқ, тыным жоқ көше беру,  
Өне бойлы жағалап ертіпті...

Осылай Қарабайдың көші бірде құмды  
жағалап, бірде Алатауға дамылдап, одан Іле  
басы Құлжаға, Ілден көшіп Шырышыққа, ең  
акыры Сарыарқаны сағынып қайта көшіп дамыл  
көрмейді.

Орталық Азияның алапат даласын, тауы  
мен құмын аралап көше берудегі мақсат не?  
Бір қарағанда бұл әлі де көші – қон жолдары,  
қыскы – жазғы қоныстың сорабы анықталмаған  
өте көне тарихи кезеңдерді еске түсіреді. Тас  
дәуірінің неолит, одан бергі энеолит кезеңдерінде  
(б.э.д. III мыңжылдыққа дейін) жылқыны жана  
ғана қолға үйретіп, шаруашылықтың көшпелі  
тәсілдерін игеріп жатқан елге бұл көшу занды  
да шығар?! Екінші жағынан жыр мазмұнынан  
сөзілетін туған жерге деген қимастық, Ай мен  
Таңсықтың туған жермен қоштасуы сияқты  
романтикалық сюжеттер Қарабайдың көші мен  
Айбас саяхаттарының ар жағында көшпелілердің  
Шығыс пен Батысқа бағытталған ұлы сүргін  
көштерінің сипатын береді. Ен алдымен еске шу-  
мерлер мен хеттердің онтүстікке бағытталған,  
кельт және герман тілді тайпалардың Батысқа

бағытталған, үнді – арий тайпаларының оңтүстік – шығысқа бағытталған ұлы көштері еске түседі. Одан бергі ғұндардың батысқа және оңтүстікке аттанған ордалары, түрік заманындағы көшікон, одан бергі Шыңғыс заманындағы түрік-монғол тайпаларының Еуразияның ұлы даласын тұтас қамтыған қозғалыстары, ең акыры Бабыр бастаған мөғолдың көштері.

Жырдағы қымыстық сарын осы көшкен елдің туған жерге деген махаббатының іздері емес пе?! Ата жұрт «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырынан сан қырлы, жұмбақ сырлы сән – салтанатымен көз алдында жатқан картадай көрінеді. Жырдағы жиі кездесетін жер шолу мотивтері көшпелілердің алтын бесігі болған Ұлы даланың негізгі – негізгі деген биіктерін ұрпақтың жадында сақтау мақсатынан туындаса керек. Айбас серінің Шыңғыс пен Батыс арасында жортақтал жүруіне де осы себеп, ол не Батыс емес, не Шыңғыс емес, осы космогониялық тұлғаның жырдағы негізгі қызметі Жер-Сумен таныстыру болады.

### Тайлақ би

Тайлақ би – жырдың кейбір нұсқаларында кездесетін кейінкер. Ол Мұстауын мекендереген үлкен елдің, Сарыбай елінің қабырғалы биі, жол басшысы, ақылшысы. Жыр мазмұнында белгілі бір функционалдық қызметтен көрі бертінгі кездегі талап – тілекке байланысты енген сияқты.

Сарыбайдың өлімінен кейін Тайлық бастап елі ас береді:



Қай адам ер Тайлаққа тең келеді,

Жиылған жаназага көп ел еді.

Мақтауын батыр Тайлақ алғаннан соң,  
Халқына сауын айтып жөнеледі

(Жанақ нұсқасы)

Дәл осы сияқты жыр мазмұнына Тайлақ батыр Қозы өлгеннен соң да кіреді. Ол қол бастап келіп Қарабайдың ауылын шауыш, Қозыға бейіт соғып (дың), қалған жұртты айдаң кетті сынтас қойып.

(Радлов нұсқасы)

Бір сөзбен айтқанда Тайлақ образы жыр мазмұнына көшпелі мал баққан қазақ үшін жағымды қазақи рең беру үшін енгізілген тұлға.

### Сасан би

Сасан би – жырдың кейбір нұсқаларында кездесетін кейіпкер. Қарабай келіп панаңаған қалың елдің силы би осы Сасан:

Ол Сасан сауын айтып жарлық етті,  
Елінде бір би еді қасиетті.

Асының айтқан күні болғаннан соң,  
Басы Қодар, Қарабай асқа кетті

(Жанақ нұсқасы)

Жанақ жырлаған «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырының осы бір тұсы «Алпамыс батыр» жырын еске түсіреді. Қодар мен Қарабай асқа кеткенде Қозы мен Баян оңаша «он екі күн бүршақты төгілдіріп» қызық-думанға бататын жері бар ғой. Осыған қуә болған бір қатын Қодардың алдынан шығып естіртеді:

Қозы көрпеш жүр екен,  
Тазша болып, жар-жар.

Көрсетеін сен жүрсөң,  
Жатқан жерін, жар-жар.  
Сен кеткелі он үш күн,  
Болып қалды, жар-жар,  
Сонан бері бикешпен,  
Бірге жатыр, жар-жар!


Жырдың осы жолдары «Алпамыс батыр» жырындағы Бадамша сақаудың диуанаға (Алпамыс) айтатын ау-жарына ұқсас поэтикалық амалды қолданады:

Бісміллә деп өлеңді,  
Көп айтамын, жар-жар,  
Асықласан, тойында  
Көп айтамын, жар-жар

(Алпамыс батыр)

«Қозы көрпешті» – «Алпамыс батырға» ұқсастып тұрған кейіпкер Сасан. Тарихи тұрғыдан келгенде Алпамыс жырына өзек болған оқигалар ақ ғұндардың (эфталиттердің) Сасан империясымен соғыстарына тікелей байланысты.

Сасан әuletі Парсы (Иран жерін) 400 жылдай биледі (225-651 жж.). Сасан немересі Арташир, оның ұлы Шапур заманында Парсылар Рим әскерін бірнеше рет талқандап мемлекет билігін бұрын-соңды болмаған дәрежеде нығайтты. Үғасырдың ортасында Пероз патша тұсында парсылықтардың бұрынғы күш-қуаты таусылып көршілерінің жемі бола бастады. Сасан аулетіне қорлықты ең көп көрсеткен ақ ғұн (эфталиттер) еді. Тарихи деректерге қарасақ Пероз патша ғұндармен үш рет соғысқан екен. Бірінші рет әскері женіліп өзі тұтқынға түскен жерінен оны Византия императоры Зенон болысып сатып



алыпты. Екінші рет тағы да женіліп, тағы да тұтқын азабын көріп жатқан жерінен өзінің елі ғұндарға қашырга артқан күміс динар төлеп сатып алған екен. Үшінші рет (484 ж.) Пероз тасталқан болып женіліп жеті ұлымен бірге соғыста өліпті. Осы соғыстардың бәрі де қазіргі Орта Азия жерінде болған. Соңғы соғыстан кейін 100 жылдай Иран ақ ғұндарға бағынышты болып тұрды. Бұл кезде Сасан әулетінен билікке келген Кей Куат, Кей Қысрау патшалар ғұндармен жақындастып, сүйеніш қылуышы еді.

«Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырына қиялап келіп Сасан атының еніп кетуіне жоғарыда баяндалған жағдайлар себеп болса керек. «Ал-памыс батыр» жырына Кей Куат аты қалай енсе, «Қозы көрпеш – Баян сұлуға» Сасан аты осылай кірген. Жырдың негізгі көне мазмұнынан, оның космогониялық сипатынан Сасанның оқшау тұру себебі осында.

### Тоқсан (90) мың

Тоқсан (90) мың – жырдың қай нұсқасында болсын айтылатын Қарабайдың қарамағындағы жылқы межесі. Қарабайдың жылқысының көптігі сондай жүрген ізі соқпақ болып қалады:

Бір күнде сапар қылып бізді іздесен,  
Тоқсан мыңың осы ізі соқпақ болар

(Потанин нұсқасы)


Су аяғы Құрдымнан басталған көш жолында Қарабайдың тоқсан мыңы еш жерге симайды, барғанмен барқадар таба алмайды. Осылай Қарабайдың тоқсан мыңы ақыры Шудың төменгі бойында Бетпақтың шөлінде қамалды.

Арқадан Сарысу, Жетісудан Шу келіп зым-зия жоғалып кететін жері осы. Қарабайдың Баян сұлуды саудага салуына да осы шөл себеп.

Жырдың кей нұсқаларында 90 мыңның орнына «мол жылқы», «көп жылқы» деген эпитеттер қолданылады. Қалай десек те Қарабайдың жаңын қоярға жер таптырмай жүрген тоқсан мың қай заманың жылқысы?

Қазақ қашаннан жылқылы ел болғаны белгілі. Ақ қашып қызыл құған жиырмасыншы ғасырдың басында бір-екі мың жылқы көп аталауды екен. Біздің этнографиялық деректеріміз бойынша Арқаның қазағы көп жылқыдан XIX ғасырдың ортасына таман айрылған. Оған дейін Арқада Құдайменді төре, Азынабай (Сүйіндік), Сапак (Куандық), Бапак (Сүйіндік), Шабанбай (Бәсентиін), Мұрат (Қанжығалы) сияқты жиырма мың мөлшерінде жылқы айдаған байлар болғаны белгілі. Әрине, жылқы пәленшешікі деп сыртынан айтылғанымен алдымен бір қауым елдің, одан қалды бір рулы елдің, тайпаның байлығы, ризығы, сыртқа айбаты, құдайдың берген ризығы есептеледі. Құт қонған құтпан байлар елдің мақтанып жүретін адамдары. Көшпелілер қоғамында әлеуметтік статус, қоғамдық марапат алдымен жылқыға байланысты қалыптасады.

Дегенмен қазақтың байлығы шектен асып, Сарыарқа ақтылы жылқыға толып кетті делінетін Абылай заманында да (қайырусыз жылқы бақтырған), одан бергі жаугершілік тоқтап, тыныштық өмірге еніп, қойын құрттап, сорпасын ұрттап жүрген XIX ғасырдың бірінші жартысында да қазақта 90 мың шамалы жылқыны менгерген адам жоқ.



90 мыңға жақын жылқының санын біз энеолит дәуірінің қонысы Ботайдан кездестіреміз. Бар-жоғы үш-төрт жүз жылдай өмір сүрген осы қоныстан жүздеген мың жылқы қаңқасы табылды. В.Ф. Зайберт «кости лошади на поселении составляют 99,9 процентов» деп жазады. Накты зерттеулерде кейін анықталғаны 70 мың жылқының сүйегі болып шығады. Ескеретін бір мәселе қоныс әлі де толық зерттеліп болған жоқ.

Энеолит дәуірінде (б.э.д. IV-III мыңжылдықтар) қазақ жері қалың жылқының орталығы болғандығы Ботай сонысы сияқты ескерткіштерден анықтала түседі. Батысқа жылжыған сайын жылқы үлесі біртіндеп азайа беретіні де қазіргі күні археологиялық зерттеулерден белгілі болып отыр: Дон өзені бойындағы қазба жұмыстарынан энеолит қоныстарында жылқының үлес салмағы 80 процент маңын көрсетсе, Днепр өзені маңындағы энеолит қоныстарында 60 процентке түседі.

Қарабайдың жер – көкке сиғыза алмай жүрген 90 мыңы осы энеолит дәуіріндегі байлардың тіршілігі емес пе еken? Жыр қанша үңіле қарасақ та бертінгі белгілі көші-қон жолдарын айта қоймайды, оның орнына дамылсыз, белгілі бір маршрутсыз көшкен елді көреміз. Жырда көбінесе Ертіс айтылады: Ертістің басы Қара дөң, Ертісті өрлеп т.б. Қазіргі күн ғылымға белгілі энеолит қоныстарының көпшілігі Ертіс-Жайық арасындағы алқапта белгілі болып отыр. Бетпақ даладан өтетін көш жолдары жыр мазмұнына қарағанда жаңа игеріліп жатыр,



оның өзінде де Қодардың жан кештілігімен.


«Сараң болмай байлық жоқ» – жырдағы Қарабайдың саңандығы негізгі мотивтер қатарына енбейтін сияқты. Оның іздегені тоқсан мыңға лайық жер: «Арғы шеті Аягөз, Лепсі, Үржар, Тоқсан мыңға лайық жақсы жер бар». Бұл үшін адам кінәлі бола ма? Қарабай образына жауыздық сипат беріп тұрған саңандық емес, адам және қауым тіршілігіне жат қимылдары: жаралы Сарыбайды далада тастап кетуі, уағданы бұзып, серттен шығып Баянды атастырылған жары Қозыдан ала қашуы т.б. Бұл келеңсіз құбылыстардың сыры неде деген сұраққа жауап беру оңай емес. Мүмкін біз жыр мазмұнынан көне дәуірдегі ру қауымы, адам болып өмір сүру, белгілі бір адами құндылықтарға бағынған қарым-қатынастардың жаңа қалыптасқан дәуірімен кездесіп отырған болармыз?! Қарабайдың баққан 90 мың жылқысы сол дәуірді мензейтін жыр құралы болар...

### Алтын айдар

Алтын Айдар – ерекше қасиет белгісі. Қазақ ауыз әдебиетінде осы аттас ертегі бар, ол да Алтын Айдардың көне образ екеніне қосымша дәлел.

Қазақ бертінге дейін тәбе шашын өсіріп айдар қойып келді, әлі айдарлы балалар кездеседі. Ата – анасы ырымдап қояды, не болмаса ескіден сондай дәстүр бар екенін оқып – біліп еліктеп қояды.

Ертеде үйдің еркесіне, кенжесіне айдар қояды еken. Абылайдың батыр ұлы Қасым төренің кенже ұлы Наурызбай айдар өсірген. Наурызбайдың



сипаты: «Наурызбаю около 23-25 лет. Джигит, стройного телосложения и высокого роста... С макушки свисал опущенный чуб волос /айдар/, убранный светящимися бусами жемчуга и опускавшийся на висок. Усов и бороды он еще не носил» /Б. Салтабаев/.

Ұл балаларға шаш қоюдың бірнеше түрі бертіге дейін сакталды. Оларды 20-шы жылдары зерттеп, суретке түсірген белгілі этнограф С.И. Руденко экспедициясының мүшесі /ол экспедицияда Э. Бекейханов, Э. Марғұлан да жұмыс істеді/ Ф.А. Фиельstrup. Оның жазбалары мен суреттерінде үш түрлі шаш қойыс түрі бар: айдар /төбесінен шаш қалдыру/, кекіл /маңдайынан шаш қалдыру/, тұлым /тұлымшак/ – бастың еki жағынан шаш қою. Кей суреттерде айдар мен тұлымның өрүлі тұрғаны байқалады.

Қозының алтын айдары кейіпкерге деген Тәңірінің үлкен ықыласын білдіреді. Ол ерекше адам, Баян сұлудың атастырған жары екендігі осы алтын айдардан белгілі:

Сағындым құдай қосқан, алған жарды,  
Әкемнің жаста айырған пейілі тарды.  
Бабай тұкті шашты Әзіз хабар берген,  
Алтын айдар астында меңі бар ды.

Қозының алтын айдарынан тар күйменің іші жап-жарық болып кетеді: Баянжан сол жарықтан оянды енді, Түрегеліп «таң атты» айтады енді.

Айдар қою Еуразия халықтарының көне әдет-ғұрыптарының бірі екені күмәнсіз нәрсе. Бұл жерде күмәнді мәселе біреу, айдардың алтын болуы. Егер де жыр мазмұны алтыннан басқа түс ұсынбаса, онда Қозының басындағы

шашының сары түсті болғанын мойындау керек. Түркі мен монғолдың тарихи фольклоры неге өзінің атақты адамдарын сары /Шыңғыс хан т.б./ қылыш көрсеткенді жөн көреді?

Түркі дәуіріне дейінгі кезеңдерде қазылған қорымдардан біз европеоид кескінді адамдардың сүйек қаңқаларын табамыз. Бұл жағынан қола дәуірі таза европеоид насылді 100 процент. Бұлар негізінен орта бойы, төртпақ, сүйектері мықты / қалың / адамдар /О. Смағұлов/. Қазақ азыздары оларды «мық» деп атайды, олардың салған қорғандарын «мықтың үйі» дейді. Дегенмен біз мықтардың түр-түсі қандай болғанын біле алатын амалымыз жоқ, ол үшін өте нақты ғылыми-зерттеулер керек.

Сонымен Қозы көрпеш кейпі қола дәуірінің ақ сары, құба өнді келген, алтындей сары шашы /айдары/ бар жігіт сипатынан сомдалған деп болжау айтамыз.

### Күйме /алтын, темір/

Күйме – бірнеше мың жыл бұрын Еуразия даласында қолданыла бастаған қатынас құралы. «Авеста» жырында үнді – арий тайпаларының бас құдайы Митраға арналған тамаша шумақтардың ішінде:

Мы почитаем Митру...  
Он правит колесницей  
С высокими колесами  
Небесной, пролетая  
Со стороны восточной  
Над каршваром прекрасным  
И светлым – Хванирата,

И счастье, Маздой данное  
И с ним победоносность  
Сопутствует ему

/Авеста/

— деп басталатын мадақ жыры бар. Құн /Митра/ – еуразиялықтардың ең көне сенімдеріне негіз болған жарық көзі. Ерте замандардан бері Еуразия даласының түрғындары Құнге арнап құрбандыққа жылқы шалады. Олардың пікірінше Құн қасиетіне тек жылқы ғана сай келе алады. Қара теңіздің солтүстік аймағында жүргізілген зерттеу жұмыстары арбаның IV-III мың жылдықтарға дейін – ак қолданыла бастағанын дәлелдейді. Бұлар Шумер арбаларына ұқсас келетін, доңғалақтары шабақсыз, тұтас жасалатын ауыр арбалар. Ауырлығына қарағанда шумерлер онтүстікке бағытталған ұлы көштеріне өгіз жеке керек. Бертін келе /қола дәуірінде/ көшпелілер арасында арбаның жеңіл, жаугершілікке ыңғайлы /боевая колесница/ түрлері шықты. Оның бірі В.Ф. Генингтің 60-шы жылдары /XX ғ./ Челябі облысының жерінде Сынтасты өзенінің жағасында тапқан арбасы. Ер адаммен /көсем/ бірге қойылған арба жеңіл, шабақты арба. Атакты гректердің бірі Гиппократ біздің ойымызша осындай арбаны – құймені суреттеп отыр: «а живут они в кибитках, из которых наименьшие бывают четырехколесные, а другие – шестиколесные, они кругом закрыты войлоками и устроены подобно домам...» /Гиппократ/.

Алтын Орда дәуіріндегі көшпелілердің арба-құймелері туралы Рубрук пен Карпини

жақсы сипаттама жасайды. Қазақ заманына қатысты деректерді /XVI ғ. басы/ Фазлаллах Рузбихан «Михман наме-и Бухара» кітабынан кездестіреміз.

Деректерге қарап отырсақ арбаның бірнеше түрі болатын сияқты. Оның ұлкендері «тура/тұра». Түркі халықтарының қаланды «тұра» /Чимгу тура, Аба тура т.б./ атауды осыған тіке-лелей байланысты. Кішкенелерін «күйме» деп атайды. Күйме деп көбінесе төрт қырлы, сырты жұқа ағаштан құралған, сырланған /алтынмен апталған, күміспен қапталған/ әдемі көлік. Күймені арнайы бойжеткен қыздары бар байлар жасатады, оған ат жегеді.

Қазақ даласында «күйме» XVII ғасырдың соңына дейін келіп ақыры түйелі көштерге ауысип кетті. Күйме тағдыры көшпелілер тағдыры сияқты. Еуразияда көшпелілер емін еркін шарлап жүрген уақытта, өктемдігі жүріп тұрған уақытта күйме арба ең басты, негізгі үй болып, көшпелі ұлыстар отырықшылардың периферијасына айнала бастағанда жойылып кетті.

«Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырындағы:

Алтын күйме ішінде Баян жаным,

Шашбауының шашағы қырық талым, - немесе:

Жұрт айтатын темірлі күймесі бар,

Қозы көрпеш дегенде дүниесі тар.

Анда – санда болмаса көрінбейді,

Жалғыз жатып жары үшін болады зар,-

дейтін күйме сипаттамалары бертінгі /XIX ғ./ жыршыларына таңсық көрінген. Сондықтан олар күймені дәл сипаттап бере алмай көбінесе «алтын күйме» деген теңеулермен тоқтайды.

Қазақтың ғашықтық жырларында күйме Баянсұлудан басталып Қыз Жібекпен аяқ-тадады.

### Соңы

«Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырында этнографиялық зергтеуге сұранып тұрған образдар жоғарғы этюдтермен шектелмейді. Олардың ішінде ең алдымен тыңдарманға кездесетіні:

– «буаз марал» – көне дүниенің тотемдік түсініктерімен тығыз байланысты болса керек. Марал /бұғы/ образы сақ, ғұн, түркі мифологиясында ең белсенді орын алатыны оқырманға аян.

– «алтын зерлі қой» бұл да ғажап образ. «Зер /Зере/» – алтыннан, күмістен жасалатын кішкене сақина. Қазақ қыздары XIX ғ. дейін мұрнына тағып жүретін әдемі әшекей. Алтын зерелі қойдың әңгімесі аргонавтарды /грек азыздарындағы/ еске түсіреді.

– жырдағы қойға байланысты бір әңгіме /М.-Ж. Көпейұлы нұсқасы/ «қоңыр тоқты». Ол Қозының келгенін елдің алдымен біліп Баянға айтатын тіршілік иесі:

– Апеке, не бересің енді, – дейді,

Күрең атты жездемді көрдім, – дейді.

Қазақ азыз – ертегілерінде адамша сөйлейтін жылқы /ат/ образы жиі кездеседі, ал адамша сөйлейтін өзге тірлік иелері аз. Екінші мәселе тіпті терен жаратылыстану түсінігіне байланысты болуы керек. Баян тоқтының айтқанына сенбей қамшымен бір салып қалған екен мыс: Сонда:

Қыздың соққан қамшысы киелі боп,  
Қой құйрығы жырмыш боп бөлінеді.

Баян сұлуға қатысты айтылғанымен бұл мәселе тікелей Байанаға /жаратушыға/ тән қимыл. Үшіншіден, өзге көшпелілерді есепке алмағанның өзінде, қазақта қойдың иесі /меншік иесі/ әйел екенін еске алу керек. Мысалы жас отауға енші бөлінгенде «қосақ басы» дейтін, қой байлайтын арқанды атасы келініне береді. Қандай жағдайда болсын қойдың иесі /қойды өсіру, союға таңдау, қойшыны күту/ т.б. әйел адамның ісі. Тіпті өзгені айтпағанда қазақтың көп әйел алу дәстүрі қой санымен тікелей байланысты екенін этнографиялық тұрғыдан дәлелдеу оңай.

Баянның қоңыр тоқтының желкесінен бір тал жүнін жұлып алуы, қамшысымен арқасынан бір сипауы т.б. қимылдары терен мифтік түсініктерді ашатын кілт.

— Баянның тағы бір сүйікті жануары торы құлын:

Жылқыда Баянменен тілдес екен,  
Баласы кер биенің торы құлын.

Қозының да тар жерде сенетіні күрең аты. Жау қамаған уақытта Қозы күрең аттың бір тал қылын түтetedі. Сонда:

Күрең ат долданып тұр түсі қашып,  
Қоштасып Бақайғырмен амандастып.

Осы күрең ат көп жылқыдан бөлініп келіп Қозының жауларын баса-көктей «алтын құйме үстіне төніп келді». Жылқы күльті сөзсіз қазақтың ең басты сенімдерінің бірі. Бірақ ол қай заманнан бері келе жатқан салт? Жылқы

культі ең көне аңыз – ертегілерде бар екенін ескерсек тас ғасырына кетіп қалатын болармыз. Егер қоңыр тоқты мен Баян арасы жаратушы мен тіршілік иесі арасындағы қарым-қатынасты еске түсірсе, күрен ат пен Қозы арасы Еуразия адамының жылқыны жаңа үйреткен уақытын еске түсіреді. Уақыт жағынан біріншісінің тарихы екіншісіне қарағанда әрірек екені анық.

– «асыранды торғай» әңгімесі де көне замандағы мифтік түсініктердің жуан ортасынан орын алады. Бірде көкке ұшып, бірде жерге түсіп, шырылдан ұшып жүрген торғай Байана мен адам арасындағы елші, хабаршы болуы айдан – анық.

– жырда жиі айтылатын «ала тай», «көк тай» сияқты жылқы /ат/ атауларын жылқы күltімен тікелей байланысты қарастырған жөн. Бірақ жырда кездесетін «Алаш» /алаша – ат, одан «лошадь»/, жылқылы ел деген мағынада, қазақтың негізгі ұлттық идеясына да қатысты. «Алаш» /пегий – пегас/ – Еуразия халықтары үшін ең түпкілікті түсінік, ол энеолит дәуірінде ұлы далада өмір сүрген сан – алуан халықтардың бәріне де тән, бірақ айрықша қазаққа етene жақын ұғым. Себебі қазақ сол Алаша жұртының қара шаңынағына, қара қазанына ие болыш қалған ел.


– Қозының қайта тірілуі. Өмір мен өлім мәселесі қазақ мифологиясындағы ең күрделі, әлі зерттеле қоймаған мәселе. Біз Қорқыттың өлімнен қашатының білеміз, себебі ол Алланың кесімді өмірін мойындамады; Домбауыл /Домрул/ Әзірейілмен жекпе-жекке шығады, себебі Құдайдың адамды жасын толтырмай алып

кетуіне қарсы. Бұл қарсылықтың айшықты түрі жырда Қозының қайта тірілуі. Адам өмірге келген соң кәртәйіп өлуі керек, негізгі зандылық сол. Бұл сонау тас дәуірінің терең түкпірінде / палеолит/ адам жүрегі мен санасының тіршілік, адам ғұмыры туралы толғанған сәтінде туған түсініктер. Ең әдемі шумактар жырдың соңына қарай кездеседі. Қозы мен Баянның өлген денелерін саяхаттап жүрген 40 кісі тауып алады:

Екеуі жатыр екен мойындасып,  
Құшақтары бір-бірін қойындасып.  
Өлді десе ажары бір тайған жоқ,  
Тірі десе жаны жоқ нұры тасып.

Мәңгілік образдарға жарасымды шумактар сиякты. Қозы мен Баянның нұры жер мен көкке симайтын нұр делінеді. Бұл космостың ортасын алып жатқан ұлы құбылыс. Адамның рухани пана ізден Жаратушыны ессіз сүйген маҳаббаты.

«Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырында бұдан басқа да жүздеген терең ғылыми ізденіске, талқыға салатын мәселелер көп. Терең семиотикалық, семантикалық толғаныстар, тарихты және этнографияны білу, герменевтика, зерттеу әдістерін игеру қажет. «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырының үстінде ғасырлар емес мыңжылдықтардың, ондаған мыңжылдықтардың тоны жатыр. Бұл жырдың негізгі нұсқасы аныз-әфсана түрінде қола дәуірінде шыққанға ұқсайды. Ғұн дәуіріндегі ұлы қозғалыстардың кезінде «Қозы көрпеш – Баян сұлу» әңгімесі жаңғырып жыр туріне ауысқан сиякты. Сол қыын – қыстау



заманда қалың ел бас қосып Аягөздің бойынан атақты дынды салса керек. Дың алысқа аттанған /батыс, онғұстікке/ ғұн қауымдарына маяк /белгі/ сияқты еді. Қам көңіл қариялар мен әжелер, бойжеткен қыздар сол белгіге қайта-қайта қайрылып соғып, егіліп жылар еді. Қабырғасы қайысқан азаматтар ұлы даланың өн бойында /Шығыс — Батыс/ дындарды өзінің әулиелеріне арнап көтере бергені де сол себепке ұқсайды: Қозы көрпеш — Баян сұлу, Домбауыл әулие, Теке әулие т.б.

Түрік — ашина қағанаттарының заманында іслем дінінің енуіне байланысты «Қозы көрпеш — Баян сұлу» әңгімесі елеулі өзгеністерге тұсті. Жырдың ішкі мазмұнын сақтап қалмақшы болған дала жыршылары жырға формалды өзгерістерді бірсыныра енгізді. Байана Баян сұлу атанды, Қозының романтикалық сипаты күшейді. Қарахан мен Сарыхан Қарабай, Сарыбай атанды т.б. Бірақ жыр өзінің негізгі өзегін, мәйегін сақтап қалды. Қазіргі күні ана вариант, мына вариант деп жүрген нұсқалардың көпшілігі кезінде айлап айтылатын жаратылыс, тіршілік, рух, табиғат, адам, жаратушы, хак туралы үлкен жырдың әр түрлі бөліктері ғана.

Адамзат тарихымен бірге жасап келе жатқан осынау «мәңгілік жырдың» дүниетанымдық және этнографиялық сипаты әлі де терең зерттеулерді қажет етеді.

Артықбаев Ж.О.

Содержание

1. Петроглифы с тотемом волка. Тотем племени шапырашты . . . . .	5
2. Древние караванные пути через пустыню Бетпак-дала . . . . .	20
3. О происхождении племени канглы . . . .	42
4. Казахская юрта и ее убранство . . . . .	51
5. Қазақтың құдалық әдет-ғұрыптары ..	68
6. О значении эпиграфических памятников Казахстана . . . . .	74
7. Қазақ жазуының тарихы . . . . .	84
8. Найман, керей, онғіттердің жазулары . . . . .	97
9. Тамғалы тас сырь . . . . .	117
10. Оразмамбет кітапханасы . . . . .	130
11. Тарихи дәуірдегі қазақ тайпалары- ның жазу мәдениеті (қолжазба) . . . .	149
Түсіндірмелер мен ескертулер . . . . .	208
Артықбаев Ж.О. «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жыры – адамзат тарихымен бірге жасап келе жатқан жыр . . . . .	220



**Маргулан Алкей**

**Труды по культуре письменности  
казахского народа**

Подписано в печать 29.03.07 г.

Формат 84x100 1/32. Бумага офсетная.

Гарнитура Times New Roman. Объем в усл. печ. лист. 9,92

Объем в уч. изд. лист. 7,08.

Тираж 500 экз.

Отпечатано в ТОО НПФ «ЭКО».  
140000, Республика Казахстан, г. Павлодар,  
ул. 29 Ноября, 2, тел. (3182) 32-16-08

**Издательско-книготорговая фирма  
«Алтын кітап»**

**Для корреспонденции:**

г. Астана

мкр. 3, д. 21, кв.122

Телефон: 8 /3172/ 363881

8 701 467 17 33

E-mail: altyn\_kitap @ topmail.kz

**Для заказа:**

РНН 301711103585

БИК 193201601

/ИИК/ счет №026715992

В ПОФ АО «Народный Банк Казахстана»  
КБЕ-19

Свидетельство № 0171405 от 03.02.2006

Серия 05915